



Тілеугазы БЕЙСЕМБЕК

1 2017

3181к

**КУРСІНБЕ, ЖҮРЕК,  
ДҮРСІЛДЕ ...**



# **Тілеуғазы БЕЙСЕМБЕК**

*Қазақстан Тәуелсіздігінің  
20 жылдығына арнаймын*

## **Күрсінбе, жүрек, дүрсілде ...**

*өлеңдер  
поэмалар  
либретто*

**«ЕЛОРДА»  
Астана – 2011**

УДК 821.512.122

ББК 84Қаз 7-5

Б 38

**БЕЙСЕМБЕК Тілеуғазы.**

Күрсінбек, жүрек, дүрсілде ... (*өлеңдер, поэмалар, либретто*)  
Астана, 2011 – 224 бет.

ISBN 9965-06-534-9

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Тілеуғазы Бейсембектің бұл жинағына жыр циклдары, балладалары мен поэмалары топтастырылды. Оның өлеңдерінен егемен елінің, туған халқының, өскен жерінің болашағына алаңдаған ақын жүргегінің дүрсілі естіледі. Ақын балладаларында адамгершілікті, достықты, адалдықты жырлайды. Бұдан бұрынғы жинақтарымен әдебиетші қауымның жақсы бағасын алғып, тартымды жырларымен танылып жүрген ақынның бұл жинағы да көпшіліктің көңілінен шығады деген сенімдеміз.

УДК 821.512.122

ББК 84Қаз 7-5

© Т.Бейсембек, 2011

ISBN 9965-06-534-9

© Елорда, 2011

# Бірінші бөлім

*Өлеңдер*

*Өкініш өртеп күрсінбекенімде,  
Естілмес не еді дұрсілдегенің де.  
Кеудемді тәптиң бұзып шыгардай бол,  
Қиналғаныңды сениң білсін дегенің бе?*

## Қайран жүрек, дұрсілде ...

1

Қайран жүрек, дұрсілде, дұрсілде сен,  
Күрсінбесең болғаны, күрсінбесең.  
Маралыңды таусылып бара жатқан,  
Аралыңды уайымдал жүрсің бе сен?

Қайта қарап өмірдің өткеліне,  
Езілесің өкініп өткеніңе.  
Демократия: айтып ап салтыңа сын,  
Алқынасың жарымай оттегіге.

Қазандықтай жарылса бу атылар,  
Солқылдайсың жартастай уатылар.  
Лоб—Нордан дүбірлі діріл жетсе,  
Ондаған килотонна қуаты бар.

Қайран жүрек, дұрсілде, дұрсілде сен,  
Күрсінбе сен, мен аман жүрсін десең.  
Қалқашыңды ойлауға мұршаң келмей,  
Балқашыңды уайымдал жүрсің бе сен?

2

Аһ үрганмен болмады қайыр, үміт,  
Шақырғанмен келмеді қайырылып.  
Қансыраттым өзінді, қайран жүрек,  
Бір досымнан тірідей айырылып.

Алай-түлей көңілім бүрқасындаі,  
Досым кетті, басқаның жүр қасында.  
Ықпалды, епті саусаққа еріп кеткен  
Есеп шоттың еркі жоқ бір тасындаі.

Татуы едім, міне енді аразымын,  
Қылығына оның бұл наразымын.  
Салмақтырақ болғасын дүшпандарым  
Ауып кетті тіліндей таразының.

Кезім болды-ау болысып, шекіспеген,  
Сезім болды-ау толысып, жетіспеген.  
Дос емес қой, достықтың көлеңкесі,  
Нағыз достар ешқашан кетіспеген.

## 3

Жан адамды сырласқа санаппын-ау,  
Жанағанды шын досқа балаппын-ау.  
Өз елімдей көрініп бүкіл әлем,  
Өз үйімнің төріндей алап мынау.

Жанағанды дос десе, өзге десін,  
Дос бола ма бір мақсат көздегесін.  
Ол сенбеді кіршіксіз сезіміме,  
Лұпілінді өзіннің сезбегесін.

Ерегеспен қайтармас ешкім есе,  
Жау емеспіз беретін кескілесе.  
Қайдан сенсін “досым” деп соғып тұрған  
Дүрсілінді өзіннің естімесе.

Жығылмасын достықтың туы бірақ,  
Ойымды айтсам кетерсің суынып-ак.  
Саған сенер бір сенсе, амалым жок  
Көрсетпесем өзінді суырып ап.

## 4

Өзгеден өршіл көңілі асқақ тұрғасын,  
Қатқыл сөз, салқын қабақпен жасқап сырласын,  
Дос көңілінің жүқалтаң терезесіне  
Менменшіл мінез қалайша тас лақтырмасын?

Кірлесе көңіл, шаюға мұрша беріліп,  
Жарылса кесе, жамалар құрсау өріліп.  
Амалың бар ма, әйнектен шытынап кеткен  
Бүкіл дүние быт-шыт боп тұрса көрініп.

## 5

Окініш өртеп күрсінбегенімде,  
Естілмес пе еді дұрсілдегенің де.  
Кеудемді тептің бұзып шығардай боп,  
Қиналғаныңды сенің білсін дегенің бе?

Тағдырдың қатал өкілетін кешем,  
Қыындықтарға бекінетін де сен.  
Біткенге мендей беймаза жанға  
Қайран жүргім, өкінесің бе сен?

Бақытты етуге тырысып-ақ келем,  
Жүрек керек етсе, ырысым ақ берен,  
Өзінді беріп бақытты жанға,  
Бұйткен азабы құрысын-ақ дер ем.

Окініш Емі – уақытта еken ғой,  
Эр кеуде жүрекке жақұтты мекен ғой.  
Қансырап талып жатса да, Жүрек  
Өз кеудесінде ғана бақытты еken ғой.

## 6

Толтырса күйге бұлақ арнаны,  
Сыңғырын есту ме құлақ арманы?  
Ғайбатты естіп жақын бір жаннан,  
Намысым менің жылады арланыш.

Емеурін жеткен сөз ұғатынға,  
Жақсылық көру көз мұраты ма?  
Жамандық көрсөң жақын бір жаннан,  
Жүйкенді сол ғой тоздыратын да.

Шықпасын мейлі менің жақсы атым,  
Жүргім, шындық – сенің мақсатын.  
Алдауды көріп, жүрмесең еken  
Адамға деген сенімді ақсатып.

7

Шерулі жыр көшіне мен кеш іліктім,  
Шабытты шақтарымда кең кесіліппін.  
Азабын тартып келем жыр жолының,  
Мазағын көріп келем пендешіліктің.

Күндейді кейбіреулер баста бағымды,  
Аңдиды сезімімді, қас-қабағымды.  
Куанып – көрсө жаман әдетімді,  
Куарып – білсе оны тастағанымды.

Көңілдің түкпірінде жарығы маздал,  
Жыр келсе, уайымнан арылам аздап.  
Өзімді қызғанады өз жырымнан,  
Ісініп, сызданады жарыла жаздал.

Достарым мақтағанша жырым–кенімді,  
Ешкім де қаламайтын сүрінгенімді.  
Күншілдік құрығанша, қайран жүрек,  
Тауыспа пенделерден бұрын демінди.

8

Сенен басқа кім шыдар:  
Қаңқу менен шаншудан  
Тамған талай тамшы удан  
Кезің болды тыншығар.

Сезімдерді қардай ақ  
Кірлетер жүрт сөзі де  
Тартылады өзіңе  
Магнитің бардай-ақ.

Кегі бары, жоғы да  
Сені көздел атады.  
Басқаға атқан оғы да  
Саған тиіп жатады.

Құштар сені құшуға  
Жебе қайда қаңғысын –  
Көк найзаның үшіна  
Іліп қойған жамбысың.

## 9

Әділдік деген – ақ семсер болат текті ме?  
Тіліп түседі жалғанды – жолап кетті ме.  
Жүргегім, жырлап келдің-ау әкесін сатқан  
Павлик Морозов пенен Болатбекті де.

Төрінде дастарханынан ақ асын татып,  
Намысын – тайғанатпайтын тағасын сатып,  
Жетесіздерді жырладың, ұраны үшін  
Намыстанбайтын кетуге ағасын атып.

Сұмдықты жырлау – айта алар қалауың деп кім?  
Зорлыққа көндің көтермей жалауын кектің.  
Кеуденде бұқпай, әділдік семсерін алып,  
Тамырын неге шаппадың нала-індettің.

Алақаныңмен үгітіп мұзын сендердің,  
Шындықпен бірге қылдай боп үзілсең дермін.  
Қалауыңды ғана жырлап өт қалған ғұмырда,  
Тұрсаң да басып қылпыған жүзін семсердің.

## 10

Жыр–тұлпарсыз қалғанымда жаяулап,  
Баурап әуен әсерлі де, аяулы-ақ,  
Ән қүйылды менің Балқаш–көңліме,  
Лепсімнің ағысындей баяулап.

Мың ыргакты қүйге бөлеп кенен бір,  
Ерік – қараң, еріп барам мен енді.  
Бойға сіңіп, қанға тарап жатыр ма,  
Шымырлатты, шымырлатты денемді.

Сол бір әуен айдын болды көлкілдеп,  
Бақыттың мен қайғым болды, жел күндеп,  
Шашып өтті толқындарды, кеп қонды  
Кірпігіме жалғыз тамшы мөлтілдеп.

Қайран жүрек, ғашығысың ән-жырдың,  
Құмарыңды әсем әнмен қандырдың.  
Айғыздады менің екі бетімді  
Тамшылары сенде жауған жаңбырдың.

## 11

Сұлулықты сүйесің білем, білем,  
Қорқу керек, әйтсе де, гүл өндіден.

Гүлге еліктеп сұлулар түзеді бой,  
Гүл болғасын әркімдер үзеді ғой.  
Бұлкілдетіп көмейін бұлбұл әуре,  
Бал арасы шырынын сүзеді ғой.

Бәлкім, сыры бар шығар біз ұқпаған,  
Жай табады келбетін сыйып қалам.  
Мұрыны бардан – жоқ шығар иіскемеген,  
Көзі бардан – жоқ шығар қызықпаған.

Гүлді құшу – бақыттың баламасы,  
Гүл бақыты ... қындау сол арасы.  
Ол бақытсыз – бұлбұлы сайрамаса,  
Ол өспейді – қонбаса бал арасы.

Қайран жүрек, сүйесің білем, білем,  
Алыс жүрген жөн шығар гүл өндіден.

## 12

Қайран жүрек, көмейімнен құлады үн,  
Соны естіген бар ғой сенің құлағың.  
Біреулерден күлкі естіп жадырап,  
Біреулердің қайғысына жыладың.

Жылаған соң болғаны ғой көзіңнің,  
Естідің де, көрдің және сезіндің.  
Тек тілің жоқ, сонда-дағы ойынды  
Жеткізесің тіліменен сезімнің.

Қарай беріп қайта-қайта тесіліп,  
Көргеніңді айта-айта есіріп,  
Болмағаны қандай жақсы тіліңнің,  
Баяғыда-ақ қалар еді кесіліп.

### 13

Тіршіліктің саумалы  
Саған у боп тұнса да,  
Мына өмірді аумалы  
Сүйермісің мұншама.

Құлпырғанда тұз гүлі,  
Қызға жиған жасаудай,  
Босап кеткен тізгіні  
Бұлқынасың асаудай.

Сұлу көрсөң бағыңа,  
Бөтен ойдан арылып,  
Дүрсілдейсің тағы да  
Кететіндей жарылып.

Жамандықтың иісін  
Қалсаң егер сезіне,  
Тек өзіңе тиіспі,  
Лұпілдейсің езіле.

Тессін мейлі оқ талай,  
Жараласын кей сынау,  
Сонда-дағы тоқтамай  
Соғып тұрсам дейсің-ау.

Тіршілктің өлшеме  
Қызығына кенелмей,  
Басқа мүшем өлсе де,  
Қинарсың-ау сен өлмей.

14

Болашақтан кетер ме түңіліп көп?  
Әр күн жатыр кірпікке мұң іліп кеп.  
Көрер болсам көз жасын дәрменсіздін,  
Шыққыр көзім, шықпасаң, жұмылып кет,

Көңілімді аулайды жұз ұміт кеп,  
Қол жайғанын аш көздер сүзіліп кеп,  
Көрер болсам тынысы тарылғанды,  
Ақтық демім, сол жерде үзіліп кет.

Кетпесе еken заманым тарылып тек,  
Қалтасынан кедейдің барын үтеп.  
Көрер болсам халқымның қасіретін,  
Қайран жүрек, сол жерде жарылып кет.

\* \* \*

Таңғажайып тұс көрдім өмірімде,  
Кереметтей құлпырған өңі мұлде,  
Нұр бар еken өшпейтін омырауымда,  
Гүл бар еken өлмейтін өңірімде.

Ғажайып нұр жарқырап тұрған құліп,  
Өмірімді жіберді нұрландырып.  
Балқып жаттым, әйтеуір, шалқып жаттым,  
Бәрін соның жолында құрбан қылып.

Бәдәуи боп жүргенше құр сенделіп,  
Құшағына сол нұрдың кірсең келіп,  
Одан асқан бақыт жоқ, ол болмаса,  
Тіршіліктің құны жоқ бір теңгелік.

Қандай, шіркін, жұпары мұрын жарған,  
Ондай гүлді таппайды Қырым барған.  
Көздерім де бақытты оны көрген,  
Жоқ қой оған арнаған жырымда арман.

Тамсанса да “шарап” деп қанша арабың ,  
Дәл мұндай естірмейді ол жан самалын.  
Жұпарына мас болып, елтігендे,  
Садағасы боп кетсін бал шарабың.

Сол түсімді тағы бір көрсем деймін,  
Содан кейін сенбесең, сенсең мейлің,  
Сұңгіп кетіп соңғы рет Балқашыма,  
Жүргімді тереңге көмсем деймін,  
Сөйтіп, шіркін, армансыз өлсем деймін.

\* \* \*

Сағынамын құмымды,  
Балқашымды сағынам.  
Олар жоқта мұнымды  
Кімге айтып шағынам?

Кім біліпті бағамды,  
Құм секілді жұмсақпын.  
Арттан тебер адамды  
Бастан сипап жұмсалпын.

Толқынындаі қөлімнің.  
Жүріппін-ау шайқалып.  
Қанбағаны шөлімнің  
Тұр ма әлі байқалып?

Ақыл әлде келте ме?  
Бәрін ойлап бас қатты.  
Құмы жоқ бұл өлкеде  
Табаныма тас батты.

Көлі жоқ бұл аймақта  
Самалына шөлдетті.  
Жарымаған қаймаққа  
Көңіл көзден көлдетті.

Еңкілдеме, босама,  
Намыс, шіркін, бармысың?!  
Оны санға қоса ма,  
Бекітпесе жарғысын.

Намыс, сенің бағанды  
Өсіре алмай күрсіндік.  
Құмға басып табанды,  
Балқашыма бір сұнгіп,

“Ризамын” – деп ант еткем,  
Содан кейін ізінше,  
Шағаланың шаңқ еткен  
Үнін естіп үзілсем.

Тайды (жоқ қып құнымды)  
Патша-көңіл тағынан...  
Сағынамын құмымды,  
Балқашымды сағынам.

## *Балқашпен сырласу*

### 1

Саясы – жалын жанымның,  
Көгілдір көлім, Балқашым.  
Сағынып келдім, әніңдің  
Төгілдір селін, ал тасы.

Самалың өпсе, жағаңда  
Жырымды мөлдір төгем мен.  
Саңқылданап үшқан шағала  
Жарқылданап өтсе төбемнен.

Сыландалап жатса, бұрандалап,  
Толқынға алам бір аунап.  
Бір ауды ап, нәзік сыр андалап,  
Теренге салам жыр аулап.

Көлбеген көлдің аржағын  
 Көңілмен барлап көрем мен.  
 Теренен сөздің маржанын,  
 Асылын таңдап терем мен.

Тебіреніп маган үн қатсан,  
 Толқындаш жатсаң – сол қымбат.  
 Әуенде жаным ұнатса,  
 Мол тыңдал тұрам толқындаш.

Толқынды толқын қуғанда,  
 Жаныма жақын шу ұқтыйм.  
 Аманнан ұл боп туғанда,  
 Толқын боп сенен туыштын.

Толқынды көлден кім бөлген,  
 Құям да жыр боп бір тасып,  
 Кеуденде толы үндермен,  
 Тұндермен етем сырласып.

## 2

Сұрап мен ізгі мұратпен,  
 Сырластым дала, қыратпен.  
 Жағанда сонау заманда  
 Толықсып өскен бір әпкем.

Ызғарын төккен сор заман,  
 Зарлатып өткен қыздарын.  
 Талқыға төзбей қорлаған,  
 Талпына таңдап өз жарын,

Бұлқынып бойда ар-намыс,  
 Жұлқынып шыққан түнектен.  
 Жағанда өскен нар қамыс  
 Панасы болған, түнеткен.

Арманды күнге жеткізбей,  
 Әкетті ажал жігітін.

Үмітін бірақ кетті үзбей,  
Қиса да тағдыр үмітін.

Қанды жас толып көзіне,  
Кектеніп сонда жылаған.  
Жартастан төніп өзіңе,  
Құшағын жая құлаған.

Құлатпай ұстап қалуға,  
Жартастың күші жетпеген.  
Соған ол әлі налуда,  
Көзінде жас бар кеппеген.

Қауіпті сірә санады,  
Тағдырды қатал жау ұқты.  
Таппаған елден пананы,  
Өзіңнен келіп тауыпты.

Сүйіпті сені жалғансыз,  
Жағаңда өсіп-өнген соң.  
Арманда кетті-ау, Армансыз,  
Жүргегін саған көмген соң,  
Тұған жерде өлген соң.

### 3

Сыр ап мен келдім өзіңе,  
Туар ма жақсы жыр эттең?  
Жағаңа келсем, көзіме  
Елестейді сол бір әпкем.

Дүрлігіп толқын алдыннан,  
Жартас тұр үнсіз сыр бүгіп.  
Көргенде жүзін қалғыған,  
Көзімде жанып тұрды үміт.

Тұсті ме көзге бір белгі,  
Қиялым әлде күшті ме?  
Соңғы рет шолып бұл жерді,  
Тұрды ма әпкем ұстінде.

Мына бір жерге толы мұң  
 Көз жасы тамған жоқ па екен?  
 Мына бір таста қолының  
 Таңбасы қалған жоқ па екен?

Әнінің мұңды толқында  
 Үзігі қалған жоқ па екен?  
 Жағанды жатқан мол құмда  
 Жүзігі қалған жоқ па екен?

Бір белгі болар, әй тегі,  
 Сырғасы қалған жоқ па екен?  
 Ел ішін кезсем қайтеді,  
 Сырласы қалған жоқ па екен,  
 Құрдасы қалған жоқ па екен?

## *Балқашым*

Көңілім толқып кетеді,  
 Жүргім шаншып өтеді.  
 Жөңкіліп келер жеті өзен,  
 Ентігіп әзер жетеді,  
 Көз жасқа толып етегі.

Жанарымдағы жарқылсың,  
 Сағыныш қалай сарқылсын.  
 Тартылғанша жеті өзен,  
 Қан тамырым тартылсын,  
 Қан тамырым тартылсын.

Балқашым – менің айбыным,  
 Ортайса мынау айдының –  
 Өзекті өртеп өкініш,  
 Орыны толмас қайғының,  
 Ортайса толы айдының.

Ұрпаққа жетер даусымсың,  
 Тас шағылып, тау сынсын.

Таусылғанша айдының,  
Демім менің таусылсын,  
Демім менің таусылсын.

Тілекшің болып бағайын,  
Лепсім болып ағайын.  
Құмға сіңіп жоқ болмай,  
Өзінді ізден табайын,  
Өзінді ізден табайын.

Шабытыймы сен қамшыла,  
Шығып кетпе, жан, шыда.  
Толар болсаң тамар ем,  
Айналып бір тамшыға,  
Айналып бір тамшыға!

## *Көкжиде*

Кең құшағыма алабы симай,  
Сағынам шексіз даланы мидай.  
Аулыма туған бара алмай жүрмін,  
Жұмақтай болған қаланы қимай.

Қапсыра қарман ұстады ма анық:  
Азулы болсаң тіс қағып алып,  
Тақымға басып тырп еткізбейді,  
Кү тірлік деген қыспағына алып.

Пенделік деген сөзді ұғынғанша,  
Жүрегім, байғұс, төзді бұл қанша?  
Сағыныш деген таусылмайды екен,  
Сағына берем көз жұмылғанша.

Тұрткендей мені тағы да түлен,  
Жарылды-ау көңіл ағынан кілең:  
Сағынам жаным кеудемде тұрса,  
Тіпті шығып кетсе де сағынам білем.

Сағынып кетсем құм төбелерін,  
Аспанда жүрсем бұлтты өбер едім.  
Қабірде жатсам, шіріп кеткенше,  
Керней-кеңірдегімнен үн төгер едім.

Байқасам бізді бөлетін – жұмақ,  
Ондайға кім бар көнетін бірақ?  
Топырағыңды қеудеме қоям,  
Егерде сезсем, өлетін күні-ақ.

Көкжидем – үйім, өлең-төсегім,  
Ұландарыңмен көгендес едім.  
Тірліктен кетсем, жұмақтан қашып,  
Айналып жүрермін төбенде сенің.

### *Aзаттық*

Кирады Одақ – тас түрмен,  
Өткен күнге тас аттық.  
Коммунистік дәстүрден  
Алдың, казак, азаттық.

“Надандықты болдырма”,  
Жеткізбей, бәлкім, аз айттық.  
Намысты сатып долларға,  
Одан да алдың азаттық.

Қызыңды жеңіл етегі  
Көрінген кетті мазақ қып.  
Ұяты бар-ақ бет еді,  
Одан да алдың азаттық.

Сол емес пе еді киелі,  
Нең қалды енді қазақтық?  
Арыңа жағып күйені,  
Одан да алдың азаттық.

Не пайда мынау түріңнен,  
Жарытпассың-ау қазақ бол.  
Еліңнен, туған тіліңнен  
Кетуің қалды азат бол.

## Парламентте

*Мұхтар Шахановқа*

Тұған тілім – дау басы,  
Ел тағдыры өзекті.  
Еңселерін тау басып,  
Депутаттар сөз етті.

Ортаға от тасталды,  
Кейбіреудің жоқ ісі.  
Қазақтар мен басталды  
Мазақтардың соғысы.

Есеңгіреп теңседдім,  
Құлақ тұнды : / аң-таңмын /  
Шыңылынан семсердің,  
Қаңғырынан қалқанның.

Не шығады бұл істен,  
Ақтап алар қай заңы?  
Шапты біреу қылышпен,  
Сұқты біреу найзаны.

Сатып алар дауысты,  
Әттең, шіркін, қалта тар.  
Атып-атып тауысты  
Барлық оғын алтыатар.

Тәңірім ылғи қорғасын,  
Ешкімде қару жоқ еді.  
Атқандары қорғасын  
Емес, сөздің оғы еді.

Көп батырды тереңге,  
Әлсіз ықты мықтыдан.  
Көбі айналды керенге,  
Қан шыққан жоқ. Шықты қан!

Бойында қазақ қаны бар,  
 Көзі ашық, қарақты  
 Азаматтың жара түсіп жанына,  
 Жүргегінен қан ақты.

## *Тәуелсіздік*

Болмақ үшін тәуелсіз  
 Сатып алдым ат-арба.  
 Ойлама деп : “Жау әлсіз”,  
 Ол да босқа жатар ма?

Ертесін де, кешке де  
 Тарапаста шалқайып,  
 Естімепті ештеңе,  
 Қос құлағым қалқайып.

Шалқаю да – мәртебе,  
 Бағытыңнан бұлтарма.  
 Дөңгелек те, тәрте де,  
 Өзімдікі тұлпар да.

Тербел риза сезімді,  
 Қамшы салмас жақсы атқа,  
 Жұмып алып көзімді,  
 Заулап келем мақсатқа.

Сенген едім досыма,  
 Көзді ашып бір қарадым.  
 Ойбай, жолым осы ма,  
 Қайда кетіп барамын?!

Тексер бәрін, түгенде,  
 Ой, масқара, масқара :  
 Жаудікі қамыт, жүген де,  
 Тізгін де сол басқада.

\* \* \*

Сау жүргенім, аманым –  
Сол байлығым, ен бағым.  
Қылтың етсе заманым,  
Бұлтың етем мен-дағы.

Жақсы болсаң – күндеймін,  
Жаман болсаң – тілдеймін.  
Қоғам үшін – қылдаймын,  
Өзім үшін – пілдеймін.

Екі езуім көпіріп,  
Айтатыным өтірік.  
Сүйемеймін басыңды,  
Жылап жатсаң өкіріп.

Жұтынбасам тездеп бір,  
Көмейіме сөз кеп тұр.  
Аузымды ашсам атқалы,  
Мерген мені көзден тұр.

Табысы мол жұмысқа,  
Жалданамын қылмысқа.  
Бар сырымды айтар ем,  
Әттең, шіркін, тіл қысқа.

\* \* \*

Еркіндікке жеттің енді ал, Алаш,  
Рухани азық тапшы, далаң аш.  
Басып қалсаң теледидар тетігін,  
Көретінің әйел тәні жалаңаш.

Көңілдерге әдемі жыр ұялат,  
Үрікпе сен, асау Пегас – қиял-ат.  
Еститінің – құлақ кесер есер сөз,  
Көретінің – кісі өлтіру, қиянат.

Тұған тілді Анаға мен теңер ем,  
Нәрлі сөздің бал уызын емер ем.  
Жалаңбұттар экранда көлбенде,  
Көзін басып, сығалайды немерем.

Оліп кеткен өзім бе, әлде етім бе,  
Не айтасың Анасы жоқ жетімге.  
Намыс – от боп жанушы еді көзінде,  
Қызыл шырай – ұятың боп бетінде.

Ар-намысың – ырысың да, құтың да,  
Тост емес бұл, дәмеленбе, жұтынба.  
Ұят – ару киелі еді, текті еді,  
Енді оның да лыпасы жоқ бұтында.

\* \* \*

Арулар жүр арқалап ала қапты,  
Күйеулері үйінде бала бақты.  
Ауыл жұртты басы ауып, жағалап жүр  
Тобырындай сығанның қала жақты.

Бойжеткендер ширақтау епке менен,  
Аязда да саудадан шеттемеген.  
Ала қаптың салмағын көтеруге  
Жаботинскийің де беттемеген.

Сәби ғой бақытты етер бар Ананы,  
Ашылған саудаменен араны әні.  
Ала қапты асықша атқан сұлу  
Жығылды көтере алмай шарананы.

Тіршіліктің өзегін ұсік шалып,  
Асырауға мысық пен күшікті алыш  
Жүре ме деп қорқамын, жастарымның  
Артында ұрпақ емес, тұсік қалып.

Алданып тапқанына айран-қатық,  
Бір ұрпакты жіберді қайраңға атып.  
Өз байлығын бұйыртпай өз ұлына,  
Жат жұрттықты жібердік тайраңдатып.

\* \* \*

Жарамас арқа тіреуге,  
Дана биден не қайыр?  
Қыранның тілі – біреу де,  
Жыланнның тілі – екі айыр.

Өседі қалай жас түлең,  
Өнегесі жоқ қырт екем.  
Қыраннның тегі – тас түлек,  
Жыланнның тегі – құрт екен.

Икемсіз жайлыш тұрмысқа,  
Сорлының соқыр ісі бұл.  
Жайлаған құрт пен құмырсқа,  
Абылай ханның түсі бұл.

\* \* \*

Кейбіреуге бақ сыйлап,  
Толтырасың ортасын.  
Кейбіреудің ақсиған  
Азуынан қорқасың.

Көнілінді сұыттың  
Алма, бұл жай кеңес қой.  
Ондайлардың уыты  
Азуында емес қой.

Көндірмесе күшімен,  
Айламенен істейді.  
Тістемейді тісімен,  
Тіліменен тістейді.

Ойла, досым, түсін де,  
Арбамасын білінбей.  
Жылан уы – тісінде,  
Адам уы – тілінде.

\*\*\*

Күні бітіп көктемнің,  
Жадырады жаз шығып.  
Нұрын тәгіп көктен күн,  
Бой көтерді жас шыбық.

Алтын нұрға бекті де,  
/ Нұр дегенің – молшылық /.  
Жылдан-жылға көк тіреп,  
Биқтеді сол шыбық.

Тәптіштесем тыңдар деп,  
Уақыт та көп керек.  
«Менен биік кім бар?» – деп,  
Асқақтады көк терек.

Бірде бұлттар атойлап,  
Күн қабағы түйілді.  
Бұлт ішінде от ойнап,  
Төмен қарай құйылды.

Асқақтама айтсыып,  
Жұртың жүрер өкпелеп.  
Дәл сол күні жай түсіп,  
Опырылды көк терек.

Бұлт көзінен жас тамған,  
Терек семді қүйіктен.  
Жақсылық та аспаннан,  
Жамандық та биіктен.

\*\*\*

Нан бердім бе екен қолымнан,  
Үнемі тосып жолымнан,  
Ит-кедейлік қыңылаап,  
Қалмай қойды соңымнан.

Өмір-ай, неткен шебер ең,  
Сұраса ертең немерем,  
Әкеден мұра – партбилет,  
Менде ол да жоқ, не берем?  
Ақылдан басқа не берем :

Тойдыру үшін қарынды,  
Ешқашан сатпа арыңды.  
Ойдағы асыл арманға  
Бойдағы жұмса дарынды.

Дарыным бар деп малданба,  
Парықсыз мынау жалғанда.  
Бір ұшса бақыт басыңнан,  
Қонар деп қайта алданба.

Әлемдік құнды бар занда  
Балаған ойды маржанға.  
Кеменгерлер жүр күн көріп,  
Ақылын сатып арзанға.

Жоқтыққа сана төзбейді,  
Санасыз оны сезбейді.  
«Бақыт» дегеннің түбірі –  
«Бак, құт» деген сөз дейді.

Жүзге жет, мейлі сексенге,  
Үмітім енді тек сенде.  
Байлышың-итің еркелеп,  
Кетпей қойсын тепсең де.

\*\*\*

Өмір өтіп барады, өмір өтіп,  
 Біреулерді жылатып, еңіретіп.  
 Жарқылдаған жігерін құмдай үгіп,  
 Санқылдаған күлкісін көмір етіп,  
 Өмір өтіп барады, өмір өтіп.

Ел едік қой айналған аты аңызға,  
 Қырық рудан жарапған шатамыз ба?  
 Қыздарымыз ары мен тәнін сатса,  
 Сатып жүр ғой сақалын атамыз да.

Қызықтырып мата емес, бөзге жұртты,  
 Кейбіреулер салып жүр сөзге іріткі.  
 Жалған айтып жағынсаң – жақын көріп,  
 Шындық айтсаң – етеді көзге тұрткі.

Өмір кейде сұлудай ырғалыпты,  
 Әйел заты болды ғой сырға мықты.  
 Еркектерің өсекті еңіретсе,  
 Әйел біткен жулдеден құр қалыпты.

Талпындың ба жасауға биік қадам,  
 Бола алмайсың онда сен сүйікті адам.  
 Үндемесең пәледен құтылмайсың,  
 Үйдей пәле жабады үйіп саған.

Қайрат кетсе не қалды біз бөктерер,  
 Ойга шомсаң, өткен күн тізбектелер.  
 Достар көп қой, алайда қайсысы бар  
 Көшіп кетсең артыңдан іздел келер.

Туған жерден жыраққа, қыыр-жайға  
 Кетпек болсаң көзден жас құйылмай ма?  
 Бауырымды арулап қойсам деп ем,  
 Енді өзіме топырақ бұйырмай ма?

Мінезімде, сөзімде олқым бар ма,  
Тұысқа айтсам, тұсініп ол тыңдар ма?  
Айналайын Балқашым, жүрегімді  
Көмсем деп ем өзіңе, толқындарға.

Осылай күндер өтер, таңым атар,  
Демім бітер, тіршілік шамы батар.  
Тұыс көп қой, алайда кім бар сонда  
Ат қойып, дауыс салып аңыратар.

Бітер күн қошеметтен құлақ тұнар,  
Табаныңа сұлуулар гүл лақтырап.  
Бала бар ғой, қолынан келері сол –  
Үнсіз ғана егіліп жылап тұrap.

Күнге күйген матадай өні кетіп,  
Тоздырдай кисең де темір етік.  
Жүрмейтінді әмірі – «Әмір» етіп,  
Сүймейтінді тәнірі – «Тәнір» етіп,  
Әмір етіп барады, өмір етіп.

\* \* \*

Жарымай жүрсең – арға сын, мазақ,  
Дес беріп сөзге, сайрамай тында:  
Жазда мінетін арбасын қазақ  
Қыраулы қыста сайламайтын ба?

Қыын бір қыстау кез еді демей,  
Өзінді енді қинамай тынба.  
Қыста жағатын тезегін кедей  
Жайдары жазда жинамайтын ба?

Қамсыздар мінін несі бар бүгіп,  
Белді бір бекем байламайтын ба?  
Анаусын емес, есі бар жігіт,  
Отауын бұрын сайламайтын ба?

Бұл сөздерімді күлкінді тимай,  
Екі езуінді жыртып оқырсың.  
Қайратың барда қаражат жимай,  
Зейнетке шығып, қыртып отырсың.

\* \* \*

Шырылдайды дауысы  
Газет сатқан баланың:  
«Сотталады, даулы ісі,  
Беделдісі қаланың».

Жаңалығы әлемнің,  
Қызықтырмас түк елді.  
Тек : қылмысы бәленинің,  
Құпиясы түгеннің.

Ақ-қарасын елемес,  
Баспа жазар өкімін.  
Ойлайтыны – сен емес,  
Газетінің өтімі.

Былғанады есімің,  
Адамда үят қалмаған.  
Болса, болар кешірім  
Рақымы мол Алладан.

Болса ісің күмәнді,  
Мен де сені қолдаман.  
Алла білген күнәнді  
Адам білсе – сол жаман.

## *Шындық*

Шындық жоқ деп айғай салдым кеше мен,  
Келе жатып Шындық атты көшемен.  
Бұл жалғанда зәбір көріп талайдан,  
Құр қалғанда тиесілі еседен,  
У ішкенде су ішетін кеседен.

Атаныңды алып ұрып жүгімен,  
Жалмап, жұтып жіберетін түгімен,  
Кіріп келіп «Жалған» атты фирмаға,  
Шындық бар деп айғай салдым бүгін мен.

Жаратпайтын тыныш қалғып жатуды,  
Қабағым да сол баяғы қатулы.  
Нарық–заман алып келді Шындықты,  
Бірақ, әттең, соның өзі сатулы.

Өмір – базар. Оған көңілің тола ма,  
Мына алғаның алтын ба, әлде қола ма?  
Шындықтың да «самопалы» бар дейді,  
Сауда жүрген жерге онда жолама,  
Сатып алған «шындық» – Шындық бола ма?!

\*\*\*

Бір сөз айтсам ұнай ма?  
Ұнамаса ермек ет.  
Сен «бер» дейсің құдайға,  
Мен сұраймын «берме» деп.

Құдіреті айбынды,  
Жаратушы құдайым,  
Берме маған қайғыңды,  
Берме маған уайым.

Сырқат берме тәніме,  
Мешеулікті – санаға.  
Тіршіліктің мәніне  
Етем сонда қанағат.

Берме күнін кедейдің,  
Байтақ елге жұтыңды.  
"Берме" демей, не деймін,  
Болса соным ұтымды.

Көп тілек пе сол да аса,  
Жетсе ғұмыр-уақытың.  
Осы айтқандар болмаса,  
Сол емес пе бақытың.

Азаматсың көргенді,  
Қалай мұны мін дерсің?  
Кім ұнатсын бергенде,  
“Берме” десең, кім берсін.

## *Tүс*

Кімнен дауа табайын,  
Жатыр екем өлгелі.  
Жақын туыс, ағайын  
Жалаңдал жүр көмгелі.

Адвокатты кім көрген,  
Қызық екен сұрағы:  
— Байлығынды кімдерге  
Қалдырасың мұра ғып?

«Жетпей жүріп айлығым,  
Мал жидым ба немене?  
Меніңше, бар байлығым:  
Әйел, бала, немере.

Алуға бар талғамай,  
Жарамайтын тіреуге,  
Сол байлықты, жалған-ай,  
Тапсырам ба біреуге?

Сұрақтарың бітті ме?  
Сөзімді сал таслаға.  
Тапсырмаймын тіпті де,  
Бір құдайдан басқаға.

Болса демім таусылған,  
Бітті, дауды қоялық!»...  
Қатты шыққан даусымнан  
Кеттім сонда оянып.

\* \* \*

Тұсірмей келдің қаламға қылау,  
Нарық билеген заманда мынау,  
Бір кітабыңды сата алмай жүріп,  
Бай болсам деп те алаңдадың-ау.

Ертеңге – қадам басқан аңызға,  
Көрікті, әсем Астанамызда  
Мұлік көп сатар аламын десен,  
Нарық еken деп енді жасқанамыз ба?

«Қаражатым жоқ» дегің де келмей,  
Шайқастан қашып шегінген ердей,  
Тайсақтай қалсан, өршелене түсіп,  
«Ал да ал» – дейді тегін берердей.

Желпінсе, шіркін, ер көңіл қандай,  
Не болады деп ертеңінді анда.  
Әйтеуір сатып алатын болсан,  
Көріктісі мен көркемін таңда.

Бейне бір хан мен ханша тұрағы,  
Ханшатыр бізді сан шақырады.  
Ай сайын зейнетақымды жинап,  
Сатып алсам, ... өзі қанша тұрады?

## *Гүл мен арам шөп*

*Мысал*

Қызығумен қараушы ек,  
Қымбат санап алтыннан.  
Нәзік гүлді арам шөп  
Алды бір күн алқымнан.

Сұлулығын, досым-ау,  
Асып түсіп менен де,  
Қырсығынан осынау  
Қалдым мұлде еленбей.

Сеніменен көркем бақ,  
Сенімен жыр басталар.  
Әттең, сені ертең-ақ  
Іздейді ғой басқалар.

Тастан едім бір бүктеп,  
Өлігінді жасырып.  
Әкетеді-ау жыр ғып тек,  
Мақтауынды асырып.

Жоқтап бұлбұл, тотылар,  
“Кетті-ау, – десе, – ерте өліп”.  
Қызғаныштың отына  
Кетпеймін бе өртеніп!

Бұғып жатқан бұзық ой,  
Сыртқа жаяр тіл–кесел.  
Тірлігінде, қызық қой,  
Қадірінді білмес ел.

Жалын атып қызған іш,  
Екі көзім домбыққан.  
Өлтіртпейді қызғаныш,  
Тірісің сен сондықтан.

## *Қызғаныш*

Әнші тұрды сахнада ән салып,  
«Браво» деп айқайлауға оқталдың.  
Әсем әннің құдіретіне тамсанып,  
Сүйсіндің де, «ах, сайтан-ай» деп қалдың.

Басқа теңеу құрыған жоқ теңесен:  
 Әулие бар, перште бар, патша бар.  
 Ол – өнердің құдайы ғой, неге сен  
 Құдай демей, сайтан дедің, пәтшағар.

Қатты кетсем кешір, досым, сен мені,  
 Содан түйген ойларымды қорыттым :  
 Құдай деуге жер басатын пендени  
 Не қызғандың, не құдайдан қорықтың.

Әнші – ғажап, керек емес дау іздел.  
 Аузын ашса, көмейінен құлайды ән.  
 Құдай деуге бата алмаған ауызбен  
 Сайтан деуге қорықпадың-ау құдайдан.

Жеңе алмасаң сезімдерді арбасқан,  
 Жеңілдерсің тұздан іш сен, бұзған іш.  
 Дездемонаның алқымына жармасқан  
 Ол да – осындай қызғаныш.

## *Алпыс*

«Жиырма бес қайта айналып келмес сағап ...»

Халық әні

«Қарттық келді» – деп жүрегің құлті ме,  
 Тереңіне көңіл сырын бұкті ме?  
 Бойындағы әл-қуатың кемісе,  
 Алпысқа оның қатысы жоқ тіпті де.

Өмір – майдан, жатамыз ғой атысып,  
 Бірде сөзден, бірде істен шатысып.  
 Қаның жиі солқылдатса шекенді,  
 Алпысқа оның тіпті де жоқ қатысы.

Кешегіні ұмытамыз еске алмай,  
 Қонаққа да бармаймыз ғой кеш қалмай.  
 Ұмытшақ бол бара жатсаң құңсайын,  
 Алпысқа оның қатысы жоқ ешқандай.

Тұман басса жанарыңның жарқылын,  
«Бас ауырып, сыздай қалса балтырың».  
Ұйықтатпаса буындарың сырқырап,  
Алпысқа оның қатысы жоқ, жарқыным.

Біреулер жүр «алпыс деген – талтұс» – деп,  
Тұс пе, кеш пе, өзің таңдал ал түстеп.  
«Міндің, – дейді – көлігіне келмestің»,  
Кім айтады: «әлі жассың, қал, тұс» – деп.

Дейді: «алпыс – алпыс ауру мендейтін»,  
Саусың десе дәрігерің емдейтін,  
Сену керек, сену керек бәріне,  
Тек бір нәрсе ... бір нәрсе бар сенбейтін.

Көңіл-дөнен бұрынғыдай жемлейді –  
Десе, сенбе, айта берсін ел мейлі.  
Мен алпысты жиырма беске теңер ем,  
Өйткені, ол да қайта айналып келмейді.

## *Гүл мен шарап*

Гүл мен шарап ұқсас деп кімдер айта алады,  
Шарап емес, гүл өсіп, құлпыртады даланы.  
Гүлдің жұпар іісі ғашық қылса Ләйліні,  
Шарап ішкен Мәжінүн қызып алып ләйліді.

Екеуінен сонда да ұқсастықты көрем мен,  
Қолтықтасып жүреді екеуі де өлеңмен.  
Туған күнді тойлауға әзірлесең той асын,  
Дастарханға алдымен гүл мен шарап қоясың.

Достар әкеп сыйлаған құшағында гүл тұрып,  
Шаттанғанда кетесің гүлден әрман құлпырып.  
Сыңғырлатып бокалды болмасақ та жаттыққан,  
Ішіледі бал шарап, ішіледі шаттықтан.

Откен күні өмірден, қызығына мастанып,  
Қос-қостан гүл жатады қабірінді жастанып.  
Жан жарасын жазатын болмаса да сүйікті Ем,  
Ішіледі бал шарап, ішіледі күйіктен.

Ұқастықты осындаі ойлап көрсек пайымдал,  
Күлкі қосып шаттыққа, қайғы жамап уайымға,  
Нәзік гүл мен бал шарап, ән де қағып қанатын  
Солар екен: өмірге келсең, қарсы алатын,  
Өлсөң соңғы сапарға шығарып та салатын.

## **Жүрек пен темір**

*Ғалым досым Мұқатай Құрмановқа*

Өмір деген толқып жатқан күй-теңіз,  
Шайқаламыз, өйтеміз не бүйтеміз.  
Сондай кезде жүқармайтын, тозбайтын,  
Темір болса деп ойладық жүйкеміз.

Жігеріміз бедеріндей егеудің  
Болса деген танытамыз емеурін.  
Ер жігітке тілеріміз ежелден  
Тепсе темір үзетіндей тегеурін.

Темір тәртіп бар жерде еңбек түлепті,  
Темірдей күш кернеп тұрсын білекті.  
Өкінбедік, өкінбедік әйтеуір,  
Әттен, темір болмады деп Жүректі.

Темір қолдар ерегеске шықты ма –  
Тек Жүректен тайсалды да, ықты да.  
Жүрек, Темір – екі мықты, ендеше  
Мықтылықты тілемейді мықтыға.

Темір керек тарылмауға кең ірге,  
Ерік берсөң, қатер төнер өмірге.  
Жүрек керек мейірімді нұрымен  
Игі істерді жасатуға Темірге.

Жүрек дәйім тұраң еді сертінде,  
Үйір оған уайым да, дертің де.  
Мықтылардың дұшпаны да мықты ғой,  
Жүрек дерті бара жатыр еркінде.

Төзімділік Темірде деп жұрт ұғар,  
Ол да тозған шүберектей жыртылар.  
Жүрек дерті, өкпе құрты сияқты,  
Темірдің де өзіне тән құрты бар.

Коррозия! – деп айтқанша, ол кемірді  
Әлемдегі тонна жарым Темірді.  
Жүрек дерті, коррозия асқынған,  
Кім көріпті мұндай екі жебірді.

Көзін жояр осы екі пәлеңнің,  
Табылмай жүр шипалысы әлі емнің.  
Сақтау үшін Жүрек пенен Темірді,  
Ойланындар ғалымдары әлемнің,  
Ізгі ойлы адамдары әлемнің!

\*\*\*

Шайқалтпастай өмір атты кемені,  
Адамдар-ай, пейілің қандай кең еді.  
Тегіс жерде сүрініп ем, құлатпай,  
Біреу келіп қолтығымнан демеді.

Талабымен, еңбегімен келісті,  
Атқарысып ортақ істі, төл істі  
Жүрген жандар, төнген кезде басыма  
Қайғыны да меніменен бөлісті.

Білмейтіндер көзге ғана мақтауды,  
Көлгірсүді жалған сөзбен жаттанды.  
Менің жырым оқылғанда қол соғып,  
Менің атым аталғанда шаттанды.

Адамдардың осы мінез, ісінен,  
Кісіліктің не екенін түсінem.  
Жақсылықтың барлығы да тән оған,  
Әттең, әттең ... жамандық та кісіден.

## **Жиырма бес**

Жарқылыштадай алтынның  
Жастықтың оты, жаны бар,  
«Жиырмабес» деген халқымның  
Әсем бір сазды әні бар.

Жиырмабес деген – ойында  
Арманды іске асыру.  
Жамандық қылсаң – мойындал,  
Жақсылық қылсаң – жасыру.

Құшінді сынау еңбекте,  
Ісінді сосын ел елеу.  
Мақтаныш болу ен көпке,  
Мақтауды бірақ елемеу.

Жиырмабес – қолмен от өру,  
/ Жиырмабес емес от өрмеу./  
Ел даңқын көкке көтеру,  
Кеудені бірақ көтермеу.

Егіннің көктеу дәні боп,  
Жайқалып тұру алып тың.  
Жеріннің туған сәні боп,  
Әні боп қалу халықтың.

## **Мектебім**

Мен де бір ұланың ем таңға асығар,  
Өзінде жыр арнасы, ән басы бар.  
Әр сынып партасында, әр тасында  
Әкемнің қолдарының таңбасы бар.

Тұрасың мені өзіңе тартасың да,  
Сенесің, маған үміт артасың да.  
Әйтеуір, бас қаласың, астанасың  
Кішкентай жүргегімнің картасында.

\*\*\*

Кететіндей ойран ғып, бұлік салып,  
Есік болса, қоямыз құлып салып.  
Бекітпесек қайтеді, азар болса,  
Ең бір қымбат кетеді мұлікті алыш.

Құлып тұрса, болмасын қоймаң бай-ақ,  
Байлық тұр деп айтады ойланбай-ақ.  
Жабық тұрған есіктер қызықтырған,  
Бәрін соған жасырып қойғандай-ақ.

Ұрыларға жатпаймыз біз ұқтырып,  
Пейілі кетсе, алады бұзып тұрып.  
Қызықпайтын нәрсеге құлып салып,  
Өзіміз-ау қоятын қызықтырып.

\*\*\*

Бұлттардай бір жел тисе сетінеген,  
Жете алмадым көп ойдың шетіне мен.  
Ақ қағазға ойларым жыр боп қонбай,  
Қонып жатыр әжім бол бетіме кеп.

Жазайын деп қызығып сан ойыма,  
Ыңырады, жолап ем маңайына.  
Көкірегіме жаңбыр – жыр себелесе,  
Жауып жатыр ұлпа қар самайыма.

Даладай тегістігі ұнағандай,  
Жыртылған жер секілді мына маңдай.  
Көлеңкесін түсіріп көгілдір ой,  
Төніп-төніп кетеді сынағандай.

Берер емес бетке де шимай тыным,  
Бет емес қой бірақ-та қимайтыным.  
Өтіп жатыр уақыт, ісім өнбей,  
Сол ғой мені бәрінен қинайтыны.

### *Әке есімі*

Содан басқа жоқ па ісі?  
Алдында үлкен ақ үйдің,  
Қоршап апты топ кісі  
Адасқан бір сәбиді.

Біреулер таң қалады,  
Біреулердің жаны ашып.  
– Кім таниды баланы,  
Кім біледі анасын?

Тағы бірі үстейді :  
– Аты қалай көшеңнің?  
Шешең қайда істейді,  
Есімі кім шешеңнің?

Тұсінем жұрт талабын,  
Ана есімі – пәк есім.  
Бірақ, ешкім баланың  
Сұрамады әкесін.

Достым, оның несі мін,  
Бұл сөзіме бойла да,  
Әкесінің есімін  
Сұрамас деп ойлама.

Ержеткен соң бағы асып,  
Білім қуған саяғың ,  
Дұрыс жолдан адасып,  
Шалыс басса аяғын,

Қалт жіберме екі елі,  
 Қарама немқұрайды.  
 Әкесі кім екенін  
 Сонда, достым, сұрайды.

### *Ана*

Көлеңкесі ғана түсіп, басыңа  
 Қонған емес дәл осылай шуақ-құт.  
 Бетіңе опа жақпап едің жасында,  
 Әжімдермен опалапты уақыт.

Тапшы еді ішетүғын асың да,  
 Қындықсыз келген жоқ қой бұл бақыт.  
 Құміс сырға тақпап едің жасында,  
 Самайынды күмістепті уақыт.

Бұл уақыт өз дегенін істеді:  
 Азайыпты бойыңдағы қуатың.  
 Маған деген махаббатың күшті еді,  
 Соны ғана жеңе алмапты уақыт.

### *Қанжар*

Жалған сөзге, қызартар бетімізді,  
 Үйретпейік деп едім етімізді.  
 «Туралықпен тайсалмай турап түсер,  
 Қанжарың да, – дедің сен, – екі жұзді».

... Серілік шақ жастықтың оты құшқан,  
 Қөңіл кетсе шықпайтын тоты уыстан.  
 Айлы түнде досыммен қолтықтасып,  
 Қайтқан едік қөңілді отырыстан.

Қоршады кеп бұзықтар екіленіп,  
 Сескенсек те қашуға бекінбедік.  
 Тұра қалдық арқамыз түйістіріп,

Екі жүзі қанжардың секілденіп.  
Абыройды алдық тек ақсатып біз,  
Төбелеспен шықпады жақсы атымыз.  
Озбырлықты тойтардық білек қосып,  
Білек қостық бір болып мақсатымыз.

Откен күндер алыс бір елеске тең,  
Елес те еken, өмірлік белес те еken.  
Қанжар көрсем бір-бірін тірек еткен,  
Екі достың бейнесін елестетем.

Бүгілмейтін белінен бәкі құсал,  
Жетесінен біріккен екі пышақ.  
Қанжар бейне бірігіп бір тілекпен,  
Жазылмастай айқасқан екі құшақ.

Жұздерінің арманы, дерті біреу,  
Бірге кетер, кетсе де жер түбіне.  
Жалтармауды қанжардан үйренейік,  
Жүзі екеу болғанмен, серті – біреу.

## **Жемісудың қыздары**

Сейлесе, лебізі – жыр тақпағындей,  
Қалмайды жүректен сыр ақтарылмай.  
Асқақтығы – Алатау шыңдарындей,  
Ал пәктігі – сол шыңның ақ қарындей.

Жүрсе де егін орып, басып қырман,  
Көңілі – әйнек, пердесіз ашық тұрған.  
Отты жырмен шоқ тастап Сара апам,  
Біржан салын қазақтың ғашық қылған.

Бірі жүрсе өмірдің өріменен,  
Біреуінің жанының серігі өлең.  
Жер бақытты қызы бар Зылихадай,  
Дән өсірген маңдайдың теріменен.

Ер жігіттің арманы, аңсағаны –  
 Бойжеткенді көргендер тамсанады.  
 Марфуға мен Қанипа, Зайдалардың  
 Жырларынан еседі таң самалы.

Аяғының астына гүл лақтырып,  
 Әнші қызын тыңдасаң құлақ түріп,  
 Таңдайының астында бұлбұл сайрап,  
 Көмейінде жатады бұлақ құліп.

Қыз сыйлау ініге – үлгі, ағаға – сын,  
 Бағаласа өнерді бағаласын.  
 Сара менен Зейнепті кім білмейді,  
 Балқаш пен Алакөлдің шағаласын.

«Сен сұлу» деп жырлаған Мағжан аға,  
 Асыл жырға сай болмай бақ жана ма?  
 Не десең де қыздары Жетісудың  
 Ер жігітке адапт жар, абзап ана.

\*\*\*

Табиғаттың құлқісі – сылдыраған бұлағын  
 Тыңдағанға не жетсін сау тұрганда құлағың.  
 Есту керек құлқіні, есту керек жоқтауды,  
 Мұқіс болсан, ештеңе естіmessін, шырағым.

Көру керек өмірді, нұр барында көзінде,  
 Көз жұмған соң ештеңе көре алмассың өзің де.  
 Өкінбеуге өлерде білу керек, ағайын,  
 Тіршіліктің қадірін тірі жүрген кезінде.

\*\*\*

Досыңменен дауласпа,  
 Қасыңмен де жауласпа.  
 Тақ үстінен таймасқа,  
 Ат үстінен аумасқа.

Бақ кетер деп торықпа,  
Тақ кетер деп қорықпа.  
Итжығысы болмайтын  
Шықсаң Әділ жорыққа.

Болмайды онда тең есе,  
Не жеңесің, немесе  
Жер түбіне шөгерсің,  
Суға батқан кемеше.

Жетілген жеңіл пайдамен  
Сүмдарды – /сөзбен байлап ең, /  
Ақыл менен Қайратты  
Алып ұратын Айламен.

Әділеттің жолында  
Ар бүйрығын орында.  
Азар болса қосылар  
Бір тәмпешік қорымға.

## *Аңқылдаған ағам-ай*

*Әзіл*

Ойы – ұшқыр, шешімі де жедел бір,  
Ағайым бар ел ішінде беделді.  
Әйеліне ықыласы мол еді,  
Үлде менен бұлдеге оны бөледі.  
Бір жақсысы – тым сүйеттін әйелін,  
Жұртқа сенсек, бір міні де сол еді.  
Жарын мақтау – бірі еді екі сөзінің,  
Амандығын сұрамасаң өзінің  
Ренжімейді, ал әйелін, баласын  
Сөз етпесең, кінәлі боп қаласың.  
Жары десе, ұмытады бір өзін.

Біліп алған оның сондай мінезін:

– Бәйбішеңіз аман ба? – деп сұрайды ел.  
 – Курортта боп, алып келді бір ай Ем.  
 «Жалғыз әйелім» болғасын күтем ғой, –  
 Десе, бірде шап етіпті бір әйел.

Адуындау әйел еді, өр кеуде,  
 Тілі – жалын, тайынбайтын өртеуден:  
 – Сізде әйел жалғыз болса, басқада  
 Деп пе едіңіз екеу, үшеу, төртеуден.  
 Ал, ендеше пәле қайда масқара!

Өз әйелін дей алмай ма «жалғызым»,  
 Әлгі сөзден құлағында қалды ызың ...  
 Содан былай, болмасын деп шатағы,  
 «Жекеменшік әйелім» деп атады.

Атағаны өзіне ұнап жүрді осы,  
 Кейін оған назын айтты бір досы :  
 – Кеткендей ек бір кісі боп, бір дене,  
 Жасырмай айт, білсең егер бірдене.  
 Сенің жарың – жекеменшік, ал саған,  
 Сүйіктімді арманымдай аңсаған,  
 Коллективтің әйелі деп кім айтты?»  
 Достың сөзі оны қатты мұңайтты.

Содан кейін айтса сезін ұнаған,  
 Бататындағы тағы да бір күнәға,  
 Әйеліне деп еді тек «бәйбіше»,  
 Сол күні үйден алмады ол шай да ішे.

Айналайын, аңқылдаған, ағам-ай,  
 Сезіміңді білмеді жүрт бағалай.  
 Ере берсе әркімнің бір сөзіне,  
 Қалады адам ұқсаудан да өзіне.  
 Шын сүйсеніз қорықпаңыз жаладан,  
 Сөз табыңыз жүргегіңіз қалаған.  
 «Кемпірім де» десе біреу сенбеніз,  
 Қыып шығып жүрер үйден жеңгеміз.

\*\*\*

Жауға берген бітімге бал-қызыңды,  
Кім бар аңғал халқымның кейпін ұғар.  
«Жауға салма – деп алып, – жалғыз ұлды»,  
«Еркек тоқты – құрбандық» – дейтіні бар.

Таразыға түскенде мал басы да,  
/ Бір басы – у, безбенниң бір басы – бал./  
Ұл бермесе, өкпелеп Алласына,  
Куанатын туғанда ұрғашы мал.

Толтырса да тояттың кенересін,  
Сыйластықтың өшпейді оты жылдам.  
Әже отырар иіскең немересін,  
“Сасық шалым артық, – деп, – отыз ұлдан”.

Ашық айтқан екенін неге зәру,  
Қаққандай қақыратып тасқа сына.  
“Бай – жолда, бала – белде” – деген ару,  
Бауырын артық көріп басқасынан.

Айтшы, досым, осыны сен ұқтырып,  
Кім бар аңғал халқымның кейпін ұғар?  
Дүшпанның құлқісіне сеніп тұрып,  
«Дос жылжатып айтады» – дейтіні бар.

## **Мойын**

Қазағымның көп қой, шіркін, ырымы,  
Қыз балаға ұзарсын деп бұрымы  
Желке берген, ал жіліктің майынан  
Татырмаған, суланар деп мұрыны.

Сәби туса, орны бөлек тойының,  
Қалжаға деп сойған семіз қойының,  
Жас босанған келіншекке береді:

Құлағы емес, жүргегі емес, мойынын.  
 Арыс тұған сол келіншек көрікті,  
 Құлақ жесе, жүрек жесе ерікті.  
 Мойын берсе, мазақ емес, сәбидің  
 Мойыны тез бекісін деп беріпті.

Тіл берсеші – шешен бол деп төгілген,  
 Ми берсеші – дана бол деп тегіңмен.  
 Бірін бермей, беріктігін мойынының  
 Тілегені емес екен тегіннен.

Білген бабам, білген болжап ойымен,  
 Сәби өсіп, қоштасқан соң ойынмен,  
 Күні ертең азamat бол ержетіп,  
 Ел намысын көтерерін мойынмен.

### *Тэтчердің ерлігі*

Ұлы атанған Британның өсегі  
 Мұхит жақтан соққан желдей еседі :  
 «Құлақ естіп, көз көрмеген жаңалық,  
 Әйел болты партияның көсемі».

Қайсар, әрі қайратты да, қатал жан,  
 Әкесінен үлгі көріп, бата алған,  
 Тэтчер еді ол, жігерімен қайыспас  
 Ел ішінде “темір леди” атанған.

Өрлігімен алды ма екен ықтырып,  
 Маргаретті сыйлайтынын ұқтырып,  
 Мәжіліске жалғыз әйел келді деп,  
 Барлық ерек қарсы алыпты тік тұрып.

Парламенттің босағасын аттаған,  
 Қайсар әйел ел үмітін ақтаған,  
 Жайлап басып, жайғасқанша орнына,  
 Ерек біткен қыбырлауға батпаған.

Сөз жата ма, ертеңінде өсегі  
 Мұхит жақтан соққан желдей еседі.  
 “Бір әйелдей бола алатын бір еркек  
 Қалай ғана табылмаған” – деседі.

«Бұл әйелдің – асқақ мақсат ойында,  
 Сан жігіттің қайраты бар бойында» –  
 Депті сонда Үкіметтің басшысы  
 Вильсон мырза Маргаретті мойындал.

Мансабына – ыждаһатпен, зейінмен,  
 Отанына – берілген шын пейілмен,  
 Маргареттің жігітке тән жігерін  
 Бүкіл әлем мойындарды кейіннен.

Көркейтетін әйелді де, ерді – ісі,  
 Қайсысына ұсынасыз төрді сіз?  
 Қазакта да жігіттер бар марқасқа,  
 Арулар бар азаматқа бергісіз!

## *Шетелдік досқа*

Өскеніңе сенің қуанам, досым, туғанына саған азат күн,  
 Өкінемін тек көбірек жатпай, болатыныңа аз-ақ күн.  
 Қонақ бол келсе, жауын да күткен, өзіндей досы  
 келгенде.

Даласындаі пейілі де кен, дастарханы да бай  
 қазақтың.

Отпенен келсе жеріме менің, оқпенен қарсы алыштыз,  
 Даlamның мынау төсінде талай жортуылдардан  
 қалышты із.

Корғаган жерін найзаның ұшы, семсердің өткір  
 жүзімен.  
 Достық пен елдік деген сөздердің қадірін үққан  
 халықпыш.

Досы келгенде думанға толды керегесі кеңіп  
қосының,  
Жік салардай араларына естілсе күңкіл, тосын үн,  
Достықты сақтап қалу үшін ол досына беріп  
жалғызын,  
Немесе, өзі бауырына басқан баласын алыш  
досының.

Досының сөзін ұйып тыңдалты, күй тыңдағандай  
елтіпті,  
Қаласа – берген астында атын, белдегі кәмар  
белдікті.  
Үш Жұздің басын қосатын бейбіт ел ету болып  
арманы,  
Ерлері өзін өлімге қиған сақтап қалу үшін елдікті.

Құшағынды ашып, доспын деп келсөң, жанымды  
менің толқытыш,  
Ағынан көңіл жарылады да, табынам сені зор тұтып.  
Еліме келсөң ақ көңіліңмен, ақ жүргегінді ашып кел,  
Жау бола аларсың өтірік күліп, дос бола алмайсың  
корқытып.

## Ұлы Абаймен тілдесу

### 1

Далаң алды өзінің азаттығын,  
Балаң қалды сезініп қазақтығын.  
Егеменді елінің болашағын  
Болжай алар азамат аз-ақ бүгін.

Заман келді сатулы, нарық деген,  
Тұсінгендер аз оны парықпенен.  
Білгіштердің сезінде пәтуа жок,  
«Нарық келсе, болады ел қарық,» – деген.

Нарық қысса, қайтеді безек қақпай,  
Жата ма жамбасына төсек батпай.  
Мал табуды ар көрмес әркімдер жүр,  
Сенделіп, артын жуар есек таппай.

«Жұзді беріп, орнына он алатын»,  
Саудада сол қазағың тоналатын.  
Зеріккенде домалақ арызыңды  
Өрге қарай жататын домалатын.

Бітпегенмен баяғы жала, шағым,  
Шетінен емші, әулие – бал ашады.  
Сол кезде болыстыққа таласқан жүрт,  
Қазір де парламентке таласады.

Арылды ма деп едім дала мұңданан,  
Дарынды ма деп едім талабынан,  
Асыраған күшігім балтырымды  
Қанатпакқа тістеп жүр балағымнан.

Әкесі жүрген жүрттың қарауында,  
Не істер ед Қажы тәтем қарау ұлға?!  
Өзім мылтық үйреткен бір жетесіз  
Қазір мені алып түр қарауылға.

Ертеңін ойлар елдің санасы боп,  
Азаматқа ешкімнің таласы жоқ.  
«Мыңмен жалғыз алыстың», ал мен қайтем,  
Екеумен егесуге шамасы жоқ.

## 2

Надандықпен шығатын майданға да,  
Білімсізбен күрескен қайран баба,  
«Дүние кілті – орыстың ғылымы» – деп,  
Санасызға айтып ең қайдан фана.

## Орыстардан

қалдырған әр елде із,  
Көп үйрендік, бар оған дәлел, негіз.  
Орыс достар, орыстың тілі арқылы  
Өзінді де таныттық әлемге біз.

Сеніп қалдық хакімнің айласына,  
Ұйып қалдық сөзінің майдасына.  
Сенің осы даналық сөздерінді  
Шешіп кетті өзінің пайдасына.

«Ғылым да, арманың да, үмітің де,  
Бәрі де – осы жалғыз ұлы тілде,» –  
Сол сыңаржақ саясат жетпіс жылдай  
Улады санамызды құні-тұн де.

Бақыт та үлгермеген онда қонып,  
Еркіндік те тимеген қолға толық.  
Дәл сол кезде қазақты түсінетін  
Болған жоқ Михаэлис, Долгополов.

Аластар жаңсақ ойдан сана тілген,  
Шабыт беріп, сезімге қанат ілген –  
Қасиетті салтынан санасыздар  
Безген сонда киелі ана тілден.

Екі тілді менгерсе бұліне ме,  
Шұбарланып сөйлейді тілі неге?  
«Дүние кілті – қолда» – деп, кей азамат  
Мән бермей жүр тілі мен діліне де.

Бірақ, бірақ ... жинайды ертең есін,  
Тауға балап даланың әр төбесін.  
Елін қалай көтермек сол азамат,  
Көтермесе тілінің мәртебесін?!

3

Жұртты сөгіп, күпініп, ісінетін,  
Көрмейтіндей ертең сол кісі бетін,  
Ақындар бар, соларға жақындар бар,  
«Поэзия – айтыс» деп түсінетін.

Болса да айналамыз толған ақын,  
Жайлар бар ойланатын, толғанатын.  
Он кітап шығарсаң да түк емессің,  
Айтысқа кім қатысса – сол ғана ақын.

Қарсы аламыз, қуанып, бек талабын,  
Жұмсасын өлең-жырға тек қаламын.  
Мен кейде: «өзінді де айтыскер деп,  
Ойлап жүр ме осылар,» – деп қаламын.

Абырой – алған біраз еппен жиып,  
Жетпейді, сенің даңқың кеткен биік.  
Біз сендей бола алмаймыз, былғарыны  
Шешіп тастап, жүрсек те шекпен киіп.

Бүгінде өмір жаңа, сезім жаңа,  
Бірақ та ескірмейді сөзің дана.  
Қазаққа құдай Ұлы ақын берген,  
Ол ақын – Абай ата, өзің ғана.

## *Mədi*

Елінді ойлап,  
Белінді байлап,  
Азаттық аңсан, талпындың.  
Әніңмен әрлі,  
Жырыңмен нәрлі  
Жоқтадың мұңын халқыңың.  
Атаның өтпей атымен,  
Жырыңмен жеткен ақын ең.

Озық боп тудың,  
 Көрсетті қуғын,  
 Заманың сені қорлады.  
 Жүргенде саяқ,  
 Түсінер аяп,  
 Қасында бір жан болмады.  
 Ежелгі досы серінің –  
 Домбыра болды серігің.

Бойында – айбын,  
 Ойында – қайғың,  
 Қолында – бұғау, бұлқындың.  
 Айнала – туыс,  
 Кеудесі қуыс,  
 Құлы боп кеткен құлқынның.  
 Мыңына соның татыдың,  
 Бір оқтық болған батырым.

\* \* \*

Сәкен кіріп келеді, тұрыңыздар,  
 Көңілдердің бірін – от, бірін – ызғар  
 Шарпығандай, ақынды қарсы алайық,  
 Әніміз бар, арнаған жырымыз бар,  
 Сәкен кіріп келеді, тұрыңыздар!

Ақын кіріп келеді жайлап басып,  
 Жігер толып, бойында қайрат тасып.  
 Бұлақ ағып келеді – жыр бұлағы,  
 Асқар таудың төсінен қайнап тасып,  
 Ақын кіріп келеді жайлап басып.

Әсем келбет сұлудың дерті болып,  
 Мойыл көздер жүректің өрті болып,  
 Сілтеп тастап таяғын келе жатыр,  
 Ақындықтың тәқаппар көркі болып,  
 Жүректерді жандырап өрті болып.

Сұлулыққа сыйдырып бар пандығын,  
Көңілдерге құйдырып дархан жырын.  
Асау шабыт жалынан сипатпайтын,  
Елестетіп тұлпардың тарпандығын,  
Табиғаттың қараңыз дархандығын.

Қарагандай қызығып ел, ес кетіп,  
Қадалғандай алдағы белеске тік.  
Қомдағандай қанатын көңіл құсы,  
Алғырлығын сұңқардың елестетіп,  
Қадалғандай алдағы белеске тік.

Жақындады, жалын-жыр лапылдады,  
Осы еken ғой, шіркін-ай, ақын бағы.  
Сәкен кіріп келеді тоқсанында,  
Мынау залға өзінің атындағы,  
Сол еken ғой, шіркін-ай, ақын бағы.

Көңілдердің бірін – от, бірін – ызғар  
Шарпығандай, толқыған түріміз бар.  
Ақындық боп, ерлік боп, сұлулық боп,  
Сәкен кіріп келеді, тұрыңыздар,  
Сәкен кіріп келеді, тұрыңыздар!

## *Қазақтың Шамғоны*

### 1

Назға бөлеп, әдемі сазға бөлеп үй ішін,  
Балбыратқан баланы, келгендерді күй үшін,  
Үйден шыға Шоқат қарт сүйей салған іргеге,  
Сал домбыра балаға айтатындей бірдене,  
Оңашада сыбырлап, сыр ашардай жасырын,  
Шақыргандай болады, сыйлайтындей асылын.  
Сонда бала ұмтылып, ұстайтындей күйді ізгі,  
Сәл жасқанып, қос шекке саусақтарын тигізді.

Шашылғандай нотасы, күмбір етті домбыра,  
Суық қарып, жотасы дір-дір етті тоңдыра.  
Күйге тойған аспаптың қозы қарыны бұлтиып,  
Құлағына баланың жібергендей үн құйып,  
Салқын көңіл жылынып, оянды бір құштарлық,  
Қалың қардың астынан көк шыққандай қылтиып.  
Күмбір үннің сан қылы сұрағы бар толғаса,  
Естір ме еді елгезек құлағы бар болмаса.  
Жетелер ме сол үнді өнерде үлкен жолға сап,  
Кеудесінде күйдің бір бұлағы бар болмаса.  
Төл өнерін халқының әлемдік бір деңгейге  
Көтергенін мақтанғып, таң қаламын мен кейде.  
Танытар ма әлемге / биік деңгей ол да аса /  
Өзінің де соған сай дарын күші болмаса.

## 2

Асыл затты өзгелерге қимаған,  
Көрінгенге бермейді ғой сыйлы адам.  
Жас Шамғонға үміт артқан Жұбанов  
Дирижерлік таяқшасын сыйлаған.

Тарту ету талаптыға талпынған –  
Жақсы ырым, қалған нышан салтымнан.  
Құдіретті таяқшаны ертеде  
Жасатынты жez, күміс пен алтыннан.

Берлиоздың көңіліндегі тәтті арман  
Мендельсонмен кездескенде ақталған.  
Маэстро сыйлапты оған таяқша –  
Киттің мұртын, былғарымен қапталған.

Дей алмаймын ақыл-ойға кененмін,  
Іздегенге – табылады менен мін.  
Жұбановтың сыйлағаны кәдімгі  
Иілмейтін бұтағы екен еменнің.

Ахаң бейне бағандай бақтағы,  
Дарындарды аялады, бантады.  
Шамғон талай өтеді оның үмітін,

Туған елдің сенімін де ақтады.

Жігерлі еді, жібермеді мін істен,  
Асқақ оның атақ-даңқы, үні үстем.  
Ахан берген қарапайым таяқша  
Қымбат оған алтыннан да, күмістен.

### 3

Ұлттық өнер өр тұлғасы, жартасы,  
Ол да – пенде, бар достары, бар қасы.  
Жұбановтың алақанмен қаққанын  
Әлі күнге ұмытқан жоқ арқасы.

Тілі – садак, боздататын жебені,  
Сөз айтады, қаққандай ғып шегені.  
Құлағында – бұлбұл үнді Күләштің :  
«Әй, жарайсың, сары бала!» – дегені.

Елім десе – тер төгеді, төзеді,  
Жерім десе – өртенеді өзегі.  
Лемешевтің қатты қысқан қолдарын  
Әлі күнге алақаны сезеді.

Нұрландырған шабыт тұнған өмірін –  
Екі шектен ағытылған қоңыр үн.  
Хренников құшағының ыстығы  
Әлі күнге жылытады көңілін.

Кекшіл көздер – көл секілді тұнғиық.  
Ол сөйлесе, тындаламайды кім ұйып?  
Көз алдында – «оркестрдің құты» – деп,  
Қонаевтың қарағаны жымып.

Жүргегінде жарасы бар, ол да анық,  
Теңіз болып тебіренеді, толғанып.  
Жақсылықты ол ұмытқан жоқ, оны да  
Туған елі ұмытпаса болғаны.

## 4

**“Сарыарқа”**  
*/ Құрманғазы /*

Қымылын дирижердің бағып елті,  
 Оркестр танытады қабілетті.  
 Шамғонның сілтеп қалған таяқшасы  
 Аспанның сіріңкесін шағып өтті.

Шарт сынған нажағайдан жарылды аспан,  
 Адырда ақ бөкен боп сарын қашқан.  
 Шоқ түскен өзегіне адудын күй,  
 Жосады от сезімнен арылмастан.

Төрт дыбыс! – түсетіндей аспан құлап,  
 Керен де шыдай алмай басқан құлак.  
 Жай оты бұрқ еткізіп топырақты,  
 Бұлқынып сонда көзін ашқан бұлақ.

Өзен де арнасынан тасып ақты,  
 Білмейтін тосылуды, жасымақты.  
 Жер шарын жалт қаратып екпінімен,  
 Тұлпар–күй арындайды басы қатты.

Сүйдірсе – күйдірердей оты ерінді,  
 Тасқын күй ырғағынан от өрілді.  
 Даланы дүсірлеткен тұяқтардан  
 Шаң емес, қазақ рухы көтерілді.

Ой салып, аңсарыңды саралатты,  
 От салып, қан тамырды аралатты.  
 Жалына заулап аққан уақыттың  
 Ұлт намысы жармасып бара жатты.

Қыр бөгіп, күй–нөсерге малынды сай,  
 Кеткен жоқ ешкімге ессе, алынды үпай.  
 Қазақтың намысы мен рухы қозғап,  
 Орынан көтерілді қалың қытай.

5

**“Махамбет”**  
*/ Тілендиеев /*

Ақтабан сөйлегендей күбірлеп құр,  
Аңқытып изен иісін түбір жеп тұр.  
Жарықтық кісінесе азынатып,  
Кетеді ереуілдеп, дүбірлеп қыр.

Шоқ қоздап, адудынды үрлеген жыр,  
Басталды лапылдаған дүрбелең бір.  
Тартыстың үш жолы бар: не женесің,  
Өлесің, не шығасың түрмеден бір.

Боларын бір шайқастың білем бүгін,  
Қысас көрмей майданға тіленді кім?  
Қос шекті таяқ ұстап, дүрбелеңге  
Қосылды тентек ұлы Тілендінің.

Халық кегі жалтылдаپ айбалтадай,  
Сес – сұлтанға, сертінен тайған талай.  
Әрлігі қыран болып саңқылдаса,  
Қарға-құзғын қанатын жайды анталай.

Жалынды жыр жатталар құрандай-ды,  
Әр дауысы ақынның ұрандайды :  
“Халық болса – хан болар, ал халықты  
Ойламаған – хан болып тұра алмайды!”

Ақын үні жаңғыртып құба белді,  
Қара халық жанымен ұғады ерді.  
Ертоқымы бауырында, Ақтабан ат  
Қырға қарай шыңғырып шыға берді.

Еркіндік-ай! Алдың – жар, артың – қайғы,  
Жасқанса да, батырлар тартынбайды...  
Ақ таяқша Шамғонның қолындағы  
Сілтесе, ақ алмастай жарқылдайды.

Шайқастан сол бір жеткен үн дүрмегі,  
Оркестрде күй болып күмбірледі.  
Қоңыраулы найза ұстаган батырлардың  
Аруағы қоңырау боп күңгірледі.

## 6

**“Ақсақ киік”**  
*/ Құрмангазы /*

Шамғонның қеудесін күй кернеп, керіп,  
Қолдарын жібергенде сермен келіп,  
Жусанның іісі аңқып, мұрын жарып,  
Таңдайдың дәмі кетті кермектеніп.

Саусактар пернелерге тиіп, басып,  
Мұнды саз көңілдегі күйікті ашып,  
Оқ тиген жамбасынан қан сорғалап,  
Барады маң далада киік қашып.

Қашады жан ұшыра, жанталасып,  
Жан-жактан үрей қамап, анталасып.  
Тынысы тарылады, өкпе қысып,  
Жел де жоқ жіберердей аңқаны ашып.

Алғандай қыр еркесін өкпелетіп,  
Күй–сарын екпіндеп, төкпелетіп,  
Сезімін дирижердің ырғаққа сап,  
Киікке жетіп қалды өкшелетіп.

Күй айтты: «аялдашы, ақсандаамай,  
Көресің күтіп-баптаң, бақсам қалай?  
Тәніңе жара салған мерген оғы,  
Жаныңа жарқылдаған дақ салғаны-ай».

«Боз жусан артық шыққан бір түп анық  
Нәсібің, таусылды ма? Жұртың налып  
Қала ма, ашық жараң асқынбасын,  
Таңайын көйлегімді жыртып алыш».

Киік айтты : “Қашамын, амал қанша,  
Екі аяқты қасқыр кеп жан алғанша.  
Алланың оғы тисе, арманым жоқ,  
Алқымға қара пышақ қадалғанша”.

Күй айтты : “Мына сөздің ауырын-ай,  
Айтылған адамзаттың қауымына-ай.  
Өзінің даласында құғын көрген,  
Қаракөз, айналайын бауырым-ай”.

Күй өксіп ырғағын да үзіп алды,  
Көңілде өкініштің сызы қалды.  
Тарихтың аударылған парагында  
Киіктің қызыл жоса ізі қалды.

## 7

Ел намысын көтерген нардай жалғыз өркешті,  
Күй сазына бөлеген халқымызды әр кеш бір.  
Тұсауын да кестіріп, бата алған Шәкеңнен,  
Бел баласы – Тәттібет атындағы оркестр.

Жұрттан бұрын түсінген күйдің тілін күмбірлі,  
Ағамыздың жан сырын кім түсінді, кім білді?  
Мақтай алмай дауыстап, міңгілейді біреулер,  
Күмбір болса бір сәрі, тыңдамайды ол міңгірді.

Көңілге мұң кіргенде, сағыныш боп жатыр-ау,  
Көкейінде қолбенде Орал менен Атырау.  
Өгейсінді демесін, қайырлатпай кемесін,  
Желкеніне жел берсек болмас па еді, апырау.

Мүмкін емес сезінбеу, мүмкін емес көрмеу де,  
Ол мензеген заңғарға оркестр де өрлеуде.  
Қиядағы қырандай көз салады биіктен,  
Қолдан тұрса сүйікті ел, басылмайды өр кеуде.

Пері депті адамды – тасқындаған дарыны,  
Сері депті адамды – басылмаған арыны.

Періліктің желісі, серіліктің жемісі –  
Жетпістегі ағаның жетідегі Нарыны.

Селдіреген шаштары селеуіндей даламның,  
Анау баста тұнып тұр музыкасы ғаламның.  
Сай : тандайға – нақылы, аймаңдайға – ақылы,  
Ордені де “Парасат”, парасатты ағамның.

Біреу үшін бәлкім, ол – қазақтың бір сары шалы,  
Елестетем еңселі биік тауды аршалы.  
Өрендерге Қолбасы, дарындының жолдасы,  
Дирижерлік өнердің өресі зор Маршалы.

## *Қара көзің – қарақат*

/ Эпителама /

«Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу»  
(қазақ мақалы)

«Своя жена – своя и краса»  
(орыс мақалы)

### *Прелюдия*

Төңкеріп қарақат көзінді,  
Жымиган күлкіңмен ұнап ең.  
Көп адам сүйетін өзінді,  
Біреуі – мына мен.

Менде де мінез бар қай тәуір,  
Келбет жоқ құйғандай қоладан.  
Бір адам сүйеді әйтеуір,  
Өзіңсің – сол адам.

Екеуміз қосылдық сенісіп,  
Бұлтсыз болсын тек аспаным.  
Сен сүйсөң, керексіз мен үшін  
Сүйгені басқаның.

## 1

Көктемнің бір жылымық кешінде ме,  
Тұс ауған шақ, не кіші бесінде ме,  
Үйгі-жығы вокзалда, алғаш рет  
Кездескенім өзіңмен есінде ме?

Ұмытқам жоқ, шығады есім неге,  
Тұс ауған шақ, не кіші бесінде ме,  
Абай – менің өз атам, Құрманғазы –  
Нағашым деп бөскенім есінде ме?

Ұмытқам жоқ, жаңылсын есім неге,  
Алатаудың көк майса төсінде ме,  
Эстерғазы князь бен Бейсен Бектің  
Үрпағымын дегенім есінде ме?

“Содан бері өтті өмір есіл” деме,  
Алматының қоңыр бір кешінде ме,  
Тілім келмей тұрса да, Есенинді  
Жатқа оқып бергенім есінде ме?

## 2

Қара көзің – қарақат,  
Қызыл ернің – бұлдірген.  
Жүрегіме жарақат  
Салатынын кім білген?

Көңілге бір күй келіп,  
Аласұрды, іздеді:  
Қарақатты – сүйгелі,  
Бұлдіргенді – үзгелі.

Қара көздің ұшқыны  
Түсіп, жүрек бүлінген.  
Қарақаттың қышқылы  
Кетер емес тілімнен.

Болса-дағы ерекше  
Таңдайымның талғамы,  
Енді маған керек тек  
Бұлдіргенниң бал дәмі.

Махаббаттың ғаламат  
Күші барын білдірген:  
Қара көзің – қарақат,  
Қызыл ернің – бұлдірген.

## 3

Мөлдіресе қос жанарың сыр тұнған,  
Еріндерім өбемін деп үмтүлған.  
Есі кетіп, дүрсілдетіп кеудемді,  
Асаяу жүрек шығамын деп бұлқынған.

Уылжиды еріндерің бал тұнған,  
Құштар көңіл бір жұтуға талпынған.  
Тамсандырған, таңдандырған көркімен  
Айнымашы, жаным, осы қалпыңдан.

Жанарыңның сырларына қанықтыр,  
Бал еріннен жұтайыншы қанып бір.  
Ол болмаса, әурелемей жүректі,  
Өз отыма кетейінші жанып бір.

## 4

Қара көздер нұрын шашса, көркейтіп,  
Ажарланып кетеді еken өр кейпің.  
Әртенсе егер жігіттердің жүрегі,  
Сенің осы қоздерің ғой өртейтін.

Сыр білдірсем, қолаң шашың жайлы айтып,  
Сұлулардың дерті ол – көңілін жайлайтын.  
Байланса егер қанжығана жігіттер,  
Сенің осы қолаң шашың байлайтын.

Тілдескеннің құштарлығы артатын,  
Еркелеген сөздеріңде бар татым.

Тартылса егер айналаңа жігіттер,  
Сенің осы еркелігің тартатын.

5

Жүрегім нені сезіп біле білді,  
Кеудемде махаббаттан гүл егілді.  
Сенімді болсам-дағы сезіміме,  
Батылдау айта алмадым тілегімді.

Көздерім тұнып кетіп, тіл құрмелді,  
Көргенде қызыл ерін бұлдіргенді.  
Сол тұнық сезімінді ылайлама,  
Сол ынтық көңілімді бұлдірме енді.

Мұнды да көтеріп-ақ қайқандамай,  
Сайрап-ақ кетуші едім жай таңдамай.  
Тілегім айтылмады құшсам деген,  
Аузымды аша алмасам айтам қалай?

Салмасын көңіліце сол тілек қылау,  
Айта алмайтын болғасын жыр еттім-ая.  
Аузымды ашсам шығып кететіндей,  
Көмейге тақалып тұр жүрек мынау.

6

Тағы да кәусарыңа шөлдеп едім,  
Бірақ сен шақырмадың кел демедің.  
Одан да жақсы еді ғой, әуел баста  
Көлбендең, көңілімді бөлмегенің.

Болар ма ниетіме сенбегенің,  
Немесе мені өзіне тең демедің.  
Одан да жақсы еді ғой, әуел баста  
Кеудеме сезім болып енбегенің.

Толқынды ағысына тұскен едім,  
Махаббат, арман, үміт – үш кеменің.  
Одан да жақсы еді ғой, әуел баста  
Шоқ болып жүрегіме тұспегенің.

Көркінмен мені есімнен тандырмасаң,  
Білмес ем, жүрегімді жандырмасаң.  
Шөлдейтін сияқтымын өмір бойы,  
Кәусарға сузынымды қандырмасаң.

## 7

Құлағымның сыбырлап нақ түбінен,  
Көңіл отын бір сезім жақты білем.  
Сезбеді оны жүргегін. Кінәлаппын,  
Сезбегені шығар-ау пәктігінен.

Өзіңе арнап шығарған шағын жырым,  
Ала алмады еркінді бағындырып.  
Ұзап кеттім, әдейі ұзақ кеттім,  
Оралуга сағынып, сағындырып.

Шын аңсаса, бір емес жүз келгендей,  
Үмітінді ғашықтан үзбе мендей.  
Жалыныңа шыдамай кеткенім, бұл –  
Ыстық күні көленкे іздегендей.

## 8

Апрай, тартылған ба күй емшегі,  
Неліктен төгілмеді күй еңселі.  
Домбырам күмбірлемей, күбірледі,  
Дегендей : “сүйем сені, сүйем сені”.

Ешқандай кінәсі жоқ домбыраның,  
Келтіріп құлақ күйін оң бұрадым.  
Жүрегім, ғашық болсаң, тасып толсан,  
Пернеге махаббаттың қондыр әнін.

Сұлудың құйылғандай тамағынан,  
Төгіліп домбыраның шанағынан,  
Астымен саусақтардың перне бойлап,  
Шалқысын нәзік сырлы жаңағы ән.

Махаббат – жазымсың сен, күзімсің де,  
Екі шек терім менен тұзым сіңген,

Үзілме, жалға әнін махаббаттың,  
Ондай ән үзілгенше, үзілсін дем.

## 9

Кеткендей көкірегім тілініп бір,  
Көнілдің ауа райы бүлініп тұр.  
Жүргегім орып түсер намыс деген  
Көк семсердің ұшына ілініп тұр.

Сырынды жүрсем-дағы біліп көптен,  
Көзіңен қарағанда құліп көктем,  
Елтіген шуағына нәзік сезім –  
Семсерге жүрегімді іліп кеткен.

Сүйкімді құлын мүшен қандай балғын,  
Сезсе де тәттілігін таңдай балдың,  
Құшып бір құмарымнан шықсам-дағы,  
Әттең-ай, ләzzатыңа қанбай қалдым.

Еркінде түсінсөң, не сөксөң сенің,  
Көнілдің көл болар-ау төксем шерін.  
Құн сайын бойлай батып, жүрегімді  
Жарып түсер секілді көк семсерім.

Қайтейін, таусылғасын бар амалым,  
Жыр жаздым, сондағы бір жорамалым:  
Тастар деп үміттенем бір нәзік қол,  
Жүзіне көк семсердің орамалын.

## 10

Бір амал болмағасын табысуға,  
Көнілім бірде суып, тағы ысуга.  
Сезімнің толқындары алыш кетіп,  
Барамын ағып қиял ағысында.

Алғандай жүрегімді шымшып тұрып,  
Кірпікке мөлтілдетіп мұң шықты іліп,  
Іштегі сезім–толқын алқымға кеп,  
Өзімді кететіндей тұншықтырып.

Қармандым, жүзе алмадым ағысқа тік,  
Кетсөнші үміт деген тал ұстатып.  
Кездесу – жағалау гой құтқаратын,  
Тек соны жібермеші алыстатьп.

## 11

Сені көріп, тандайда сезіп дәмін балдың мен,  
Жүрек қатты дүрсілдеп, жиілете алдым дем.  
Такуадай тәнірге жалбарынып, табынған,  
Елпелектеп алдында дәрменсіз боп қалдым мен.

Бұл не? Соғып топшымнан, қанатымды қайырған,  
Қыран едім, қарғадан болмай қалды айырмам.  
Шабытыма от қойып, қанат байлап сезімге,  
Махаббат па – күшім мен ақылымнан айырған?

Ғашық болсан, – деуші еді, – сүйіктіце жыр ұсын,  
Жыр дәнекер бола ма, кім біледі дұрысын?  
Тіл байланып бата алмай, ләzzатынан тата алмай  
Жүрер болсан, бүйткен бұл махаббаты құрысын.

## 12

Елең етіп, сол кезде сезім–елік,  
“Құрымасын” дегені сөзім бөліп.  
Батып бара жатқанда тұңғиыққа,  
Қолың беріп, құтқардың өзің келіп.

Өрекпіген жүректі дамылдаттың,  
Көңілімнің көпсіген шаңын қақтың.  
Кос жүректің отынан ұшқын алып,  
Отауымның маздатып шамын жақтың.

Құдай қосқан қосақпызы: тоты, бір Бек,  
Бізге қандай адамның соты жүрмек?!  
Князь бен Бек түтінін өшірмеуге,  
Ошағымның келесің отын үрлеп.

## 13

Өзіңсің тапқан  
Жүрегім емін.  
Етемін мақтан  
Тірегім менің.

Шабыттың бойға  
Құятын селін,  
Қанатты ойға –  
Куатым менің.

Көктемім, шіркін,  
Күзімсің менің.  
Өзіңмен бір күн  
Үзілсін демім.

Көзіңнен көрем  
Ақылдың кенін.  
Сезімнен терең  
Ақылдым менің.

Атасын анам  
Өзінді келін.  
Батасын алған  
Төзімдім менің.

Өзінді тосқан  
Тандарым менің,  
Кетпепті босқа,  
Жанжарым менің.

## 14

Қалай болды десең де, неден болды, сұрама,  
Ошақ басы болғасын бір сөз шықпай тұра ма?  
Ашуландың бұртиып, өкпеледің бірде сен,  
Болмаса екен бір қырсық, болмаса екен бір кесел.  
Ренжідің менің бір көтере алмай сөзімді,

Көрген сәтте жас тұнып, жәудіреген көзінді,  
Өкіндім-ау, өкіндім. Өкінгенмен кеш еді,  
Кеш болғанмен өкінсе, кешіреді деседі.  
Ашуланып, сөз шыққан кеспек едім тілімді,  
Тілім айтты: “Мен емес, анау жүрек бұлінді”.  
Лактырмақ ем оны да, кенет сонда дір еттім:  
Жүрек емес, сен тұрдың орнында сол жүректің.

## 15

Сөзім шын: бұған сен не дер екенсің,  
Төзімсің, төзе білер ер екенсің.  
Сен барда су ішсем де көңілім тоқ,  
Өзіңсің – дастарханның **Берекесі**.

Беремін жүргімнен жыр ұшыра,  
Келемін ренжітпеуге тырысып-ақ.  
Сен барда көңілімде маздайды от,  
Сен өзің – ошағымның **Ырысы** да.

Ақберен асыл жырмен таңым атқан,  
Бөлениген ақ отауым маңы баққа.  
Сен барда жүрек толы қуанышқа,  
**Бақ** дер ем сені қонған шаңыраққа.

**Береке, Ырыс** пен **Бақ** қонақ екен,  
Махаббат бар жерге тек қонады екен!

## 16

Алыс кетсең, сағыныш тостырады,  
Үйім мынау – ғашық пен дос тұрағы.  
Әншнейінде тар болып көрінгенмен,  
Өзің жоқта қаңырап бос тұрады.

Перімін бе, білмеймін серімін бе,  
Сыңғыр-сыңғыр шомылтып керім үнге  
Көмейімнен құлайтын қулкі бұлақ  
Өзің жоқта тұнады ерінімде.

Қадіріңді шығармын ұғынған-ақ,  
Түсінбесем, сөзіңді шығында ма.  
Домбырамды шанағын күй сыздатқан  
Өзің жоқта шертеді шыбын ғана.

Бақыт екен жар болып жарасу да,  
Асулады бетке алдық әрі асуға.  
Тас өтетін қомағай өңешімнен  
Өзің жоқта жүрмейді қара су да.

Әділеттің сотына тап болатын,  
Жалған айтып жайым жоқ сотталатын.  
Шынымды айтсам, осы үйдің тіршілігі  
Сен болмасаң, сияқты токталатын.

## 17

Тек өзіңе сүйенемін мен сеніп,  
Махаббатқа адал жансың еңселі.  
Жырға қалай қоссам екен өзінді,  
Не нәрсеге теңер екем мен сені?

Шапағатың күйге бөлеп көмейді,  
Көңілімнің көк жиегі кеңейді.  
Адал досты жаны таза өзіндей  
Кебінесе періштеге теңейді.

Басқа теңеу көтерердей еңсені  
Таппасам да іздегендे белсеніп,  
Періштедей пәк болсаң да, бәрібір  
Періштеге теңемес ем мен сені.

Адалдығың – таза сәби сезімдей,  
Мәлдірлігің – тасбұлақтың көзіндей.  
“Алтын көрсе, жолдан тайып” кететін  
Періште де сенімді емес өзіндей.

## 18

Пәк нәрсе болмас сендергі сезімнен артық,  
 Шыншылдық жоқ қой сөйлеген сезінен артық.  
 Бір жымың етсе, сәулесі жүректе қалар,  
 Әлемде жұлдыз жоқ, сірә, көзінен артық.  
 Жүректің сертін сақтайтын не болар дейсің,  
 Сендергі асыл қасиет – төзімнен артық.  
 Шалдыққан шакта жаныма сая болатын,  
 Сезімтал жан жоқ сабырлы өзінен артық.  
 Жанжарым менің, өзінен айрылған күні  
 Мәңгілік кетіп үйқыға, кез ілген артық.

*Постлюдия*

Домбырамның жабысқан тиегіне,  
 Егіз шектей сезімім киелі ме?  
 Жүргімді жайлап ап, еттен өтіп,  
 Сіңіп кеткен секілді сүйегіме.

Шуласаң да, айтайын туласаң да,  
 Айтпай кетсем, ақиқат тумас онда.  
 Бойға сіңген сезімім бұлауға сап,  
 Буласаң да, кетпейді уласаң да.

Асыл жарым, өзінді сүйемін мен,  
 Бақыт еken жүрекпен сүйе білген.  
 Саған деген осы үлкен махаббатым  
 Көрге бірге түседі сүйегіммен.

*Жусан иісі*

*Ақын-ғалым Faziz Ештанаевқа*

Сартак ханның қар жауды қабағынан,  
 Бір түйір дән өтпеді тамағынан.  
 «Қайда менің бауырым, бауырым,» – деп,  
 Омырауына жас емес, тамады қан.

– Шарабы мен қыздары Жоржияның  
Бауырыма тигізер зор зиянын.  
Шақырыңдар Артықты, қайтсын елге,  
Келмесе өзім барам, қол жиямын».

Елші Артыққа жеткізді сол хабарды,  
Қызы кету оңай ма қолда барды.  
Билік те бар, абырай-атақ та бар,  
Қимайтұғын қыз-қырқын ол да бар-ды.

– Ағам мені сағынса, өзі келсін,  
Інісінің жағдайын көзі көрсін.  
Сағымды сары даламен салыстырсаң,  
Мына жерді жұмақтың өзі дерсің.

Шыдап жүр ме даланың аптабына,  
Көшіп келсін жаннаттай Қап тауына».  
Елші сезді Артықтың қайтпайтынын,  
Қарағанда мына сөз салтауына.

Сөз қонбаса, түсінер жорамалды,  
Елші ұсынды түйіншек орамалды.  
Орамалдан хош иіс мұрын жарып,  
Көздің алдын бір тұман орап алды.

Аландастып қыз-ойнақ, жиын кешкі,  
Артық қолы дірілдеп түйін шешті.  
Бір тұп жусан ... иіскең құшырлана,  
Ел ағасы баланың күйін кешті.

Иіскеді, көздерінен жас парлады,  
Жерге түсті көнілі аспандағы.  
Қап тауының қыраны секілді еді,  
Болып қалды көлшіктің қасқалдағы.

Жусан иісі бойына баудай тиіп:  
– Далама қаңбақ көшіп, ауған киік

Қайтамын, – деді Артық, – қайтам елге,  
Даламның жусаны да таудан биік» ...

... Сонау жылы Фазизға Ақтоғайдан  
Тұыс келді, келгені бақ па қайдам?  
Ол әкелген боз жусан вазада тұр,  
Уақыт озып кетсе де апта, айдан.

Биіктеге жететін құсынғана,  
Самғасын деп ұланын ұшырды ана.  
«Иісін-ай, – деп – даламның» боз жусанды  
Жыр жазарда иіскейді ол құшырлана.

Жезқазғанда ашылды бақ-талайы,  
Шығармайды есінен Ақтоғайын.  
«Артыққа ұсап еліне көшпеді,» – деп,  
Ақыныңа көп кінә тақпа, агайын.

Ақтоғайы жатыр ғой өзегінде,  
Айтпаса да түсінем, сеземін де.  
Ол жүр туған халқының ортасында,  
Бөтен емес өз жері, өз елінде.

## **Жалғыз терек**

*Нагашым Ағымбек Қайырбекұлына*

Ініңізбін, аға, бүгін мен де аға атандым,  
Мен де сіздей қасиетті қара шалдан бата алдым.  
Бойымдағы әнге деген, жырға деген сезімді  
Оятқан сол гармоны мен домбырасы атамның.

Анам сізді көп ойлайтын мұрагерім, жалғыз деп,  
Жетіммін деп уайымдайтын кейде қара шалды ізден.  
Нагашым деп өзіңізді айтуга аузым бармайды,  
Інісіндей көріп әкем, айтпаған соң балдыз деп.

Сіз дегенде пейілі кең, қалмаушы еді барды аяп,  
Содан болар сізге деген көңілім менің қардай ақ.  
Кейде сізді құшактап бір иіскегім келеді,  
Сағындырған анам иісі өзінізде бардай-ақ.

Өмір күйі шалқығанмен жеткен жоқ қой сағага,  
Алпыс деген – ердің жасы, қартайдым деп санама.  
Топ қайыңның ортасында дара өскен теректей,  
Тамырыңды терең жайып, жайқала бер, жан аға.

08.05.1989

## Марқасқа

Әлихан Молдаханұлына

Біз ғой – өлең, ән жаздық,  
Қандай өнер бар басқа?  
Ал сенде бар маңғаздық,  
Азаматсың марқасқа.

Ойлайтығын тереңнен,  
/ Жақтырушы ек біз кімді? /  
Сендей болса дер ем мен,  
Ұстағандар тізгінді.

Әділ – сенің шешімің,  
Адал – ойың, пейілің :  
Суықсанға – кешірім,  
Туықсанға – мейірім.

Сұлу келбет, ер мұсін,  
Құлашыңды еркін ес.  
Сенен мықты дермісің  
Аңыздағы Геркулес.

Сейлеп кетсең – кемеңгер,  
Жүрт тыңдады сөзінді.

“Қазақ қандай?” – дегенге  
Көрсетер ем өзінді.

Бәрін алдың алғыстың,  
Нәрін алдың батаның.  
Жүргегіңе салды үшқын,  
Ақыл сөзі атанаң.

Демедің бір жалықтым,  
Өмірдің тартып ауырын.  
Адал ұлы халықтың  
Сендей болар, бауырым.

## **Tamilla**

*Жазушы Рымқұл Сүлейменовтың  
немересіне*

Немересі, жиені  
Іргелі елдің Тамилла.  
Бүгін, міне киелі  
Бірге келдің, Тамилла.

Келе берсін құндерің  
Алдан сәтті, Тамилла.  
Сейлекенің, күлгенің  
Балдан тәтті, Тамилла.

Апасы мен атасын  
Танып жүрген, Тамилла.  
Үлкендердің батасын  
Алып жүрген, Тамилла.

Тұысқандар қауымын  
Баурап алған, Тамилла.  
Нағашының ауылын  
Жаулап алған, Тамилла.

Сәнді болса сәулетің  
Бізге бедел, Тамилла.  
Шалқып, тасып дәuletің,  
Жұзге де кел, Тамилла.

## **Жыл келеді, ағайын**

*Бауырым Тоқтарбек Түсінбековке*

Жыл келеді, ағайын, жыл келеді,  
Жыл келерін адамзат білген еді.  
Жаңа бір ән шырқалып той-думанда,  
Жаңа тіркес, жаңа сөз тілге енеді.

Қыраулы қыс – ғажайып ақ түс елі,  
Иығыңа қонған қар бақ құсы еді.  
Жыл келгенде пендеге жас қосылыш,  
Шаштарына тағы бір ақ түседі.

Татулық ұраны боп жүр бүгіннің,  
Ағайынның бұзады бірлігін кім?  
Ағарғаны самайдың уайым емес,  
Ол да болса белгісі тірлігіңің.

Шұнақ аяз қысыңың нақ қонағы,  
Жапырағынан айрылған бақ тоңады.  
Адам – ағаш, жайқалсын жапырағы,  
Сонда ғана басына бақ қонады.

Бір жыл өтіп барады, күрсінбеймін,  
Жүрегі боп уақыттың дұрсілдеймін.  
Ақ сақалды шал болып, қасымызда  
Ақшақардай немере жүрсін деймін.

Бақ боп кірсін тұрған жыл тосып алдан,  
Тіршілік – бал! Не тәтті осы балдан?  
Шаңыраққа ұялап ырыс, дәulet,  
Құтты болсын жасыңыз қосып алған.

Жыл келеді, ағайын, жыл келеді,  
 Жыл келерін табиғат білген еді.  
 Ағаш басын ақ бұйра қырау шалып,  
 Мынау әлем аппақ бір гүлге енеді,  
 Жыл келеді, ағайын, жыл келеді.

## *Құрыш*

*Атақты металлург Қуаныш Омашұлына*

Елге болып абыройлы, сүйікті,  
 Еңсердіңіз талай занғар биікті.  
 Ет пісірген бабаң, шойын қайнату  
 Сіздің ғана еншіңізге тиіпті.

Қоңыр жүзін от шарпыған, бу ысталап,  
 Жалын жандар ғана отпен туыспақ.  
 Болат болып жаралғансыз, содан да  
 Алақанмен шоқ ұстайсыз уысталап.

Берік жандар сөздерінде тұрысқан,  
 Көздерінен жалын шашқан, нұр ұшқан.  
 Отты қолмен көсейтіндер бәрі де –  
 Сіз секілді құйылғандар құрыштан.

Сөзімізді білетіндер қуаттар,  
 Көзіңізде күн нұрындаған шуақ бар.  
 Балқымадан сансыз бұлақ ағызар,  
 Ойда – қайрат, бойыңызда – қуат бар.

Жақсылықты тілемейді оймақтап,  
 Әбікеннің күйін шертіп, ойнап бақ.  
 Қызқарагер тұқымынан бір тұлпар  
 Жүрсін дәйім тақымында ойнақтап.

Сізге қымбат тұған жердің әр тасы,  
 Боз жусаны, өзен, көлі, жартасы.  
 Сіздің шалқып жүргеніңіз асқактап,  
 Тұған елдің мейірімінің арқасы.

Шынықтырған небір асыл тұлғаны,  
От бұлағы тауып ақсын жылғаны.  
Ел дәuletі шайқалмайды, тұрғанда  
Өзініздей құрыш білек ұлдары

## *Kөкбөрі*

*Серік Ақсұңқарұлына*

Ақын біткен – кедей, сен де тақырсын,  
Халқына да, әкімге де жақынсың.  
Алашымда ақын көп қой, бірақ сен  
Киесі бар, иесі бар ақынсың.

Ұясы да ақсұңқардың көкте еді,  
Қиясы да Алаш таудың бөктері.  
Киең сенің – Ұмай ана киесі,  
Иең сенің – азулы арлан көкбөрі.

Сенің жырың – елің үшін ен байлық,  
Қалай жазбан өлең жайлы, сен жайлы.  
Чайковскийге берсе тәнірі фон Меккіті,  
Саған берген Оразбек пен Сембайды.

\* \* \*

*Серік Ақсұңқарұлына*

Шақырмандар, бармаймын Шайтанкөлге,  
Анау тұрған бір шығып қайтам белге.  
Өлең іліп құстардың қанатына,  
Сәлемімді жеткіз деп айтам желге,  
Шақырмандар, бармаймын Шайтанкөлге.

Бір сұлу қызы бар дейді Ләйлә деген,  
Жазбай жүр ем ұмытып айлап өлең.  
Атын естіп жармастым қаламыма,  
Барсам, арбап тастайды-ау айламенен.

Шабытыма от тастап көркіменен,  
Барсам, әлде қайтам ба ертіп өлең?  
Мәжінүндей кетем бе тауды кезіп,  
Шайтанкөлдің ауырып дертіменен.

Ел аузында жүр дейді жыр боп көптен,  
Ұмытпайды қасында бір боп кеткен.  
Бұлағыңыңдың сыңғыры түк те емес,  
Төгіледі құлқісі нұр боп көктен.

Жігіт жоқ деп айта алман асқан менен,  
Не болады құр бөсіп, тасқанменен.  
Жұлдыз ба екен бір тұнде ағып түскен,  
Аты да, заты да бір аспанменен.

Жымыңдал жұлдыздардың тұнгі легі,  
Жанарынан арайлап күн күледі.  
Мені қойшы, сұлуға қарамаспын,  
Ол ғашық боп қала ма, кім біледі?

Шақырмандар, бармаймын Шайтанкөлге,  
Анау тұрған бір шығып қайтам белге.  
Өлең іліп құстардың қанатына,  
Сәлемімді жеткіз деп айтам желге,  
Шақырмандар, бармаймын Шайтанкөлге.

## *Ойлаймын сені, жан аға*

*Сейпілмәлік Рамазановтың рухына*

### 1

Маңғаз ең, еркелікке төзетін ең,  
Жомарт ең, кесіп берер өз етінен.  
Кездескенде, жузіңнен алаулаған  
Жылуын жүргегіңнің сезетін ем.

Әкелік ақылыңмен өзің берген,  
Арыла алмай балалық сезімдерден,

Тұлейтінмін жасарып, тілейтінмін :  
«Өлмесін, – деп, – әкемнің көзін көрген».

Кездескенде қалушы ек қауқылдасып,  
Қауқылдасып, қиялмен тау, құмды асып.  
Өзің жоқсың, жан аға, енді кіммен  
Сырласамын көңілдің мауқын басып.

## 2

Құш те бар, білдің ебін де,  
Белдессе кім бар тең келер.  
Жасырақ кезде, тегін бе,  
«Балуаным» депті жеңгелер.

Соғыста жаумен шайқастың,  
Жаралап қайттың аяқты.  
Тірліктे тағы айқастың,  
Көтердің небір таяқты.

Мойымай сонда марқасқа,  
Қайтадан білек түріндің.  
Лақтырмай, сальшп жамбасқа,  
Аурудан қалай сүріндің?

Бермеді тәңір тілекті,  
Өзінді бүгін жоқтатты.  
Қайтпаған жаудан жүректі  
Ажалдың оғы тоқтатты.

## 3

Курамас еккен өз бағың,  
Құламас үлкен шаңырақ.  
Сағынып кетсе боздағын,  
Алады анаң аңырап.

Жүрегі жылап, қазаңа  
Қайғырды жарың құні-тұн.  
Артында қалған азамат  
Ұл-қыздан көріп үмітін.

Ойлайды, аға, елің де,  
Бейненді еске түсіріп.  
Есіне алар келіндер,  
Жұмада шелпек пісіріп.

Немерелер де, қысқасы,  
Қимайды, сірә, өлдіге.  
Ұлдарыңмен жүр ұстасып,  
«Атамды неге көмді,» – деп.

Іздейді ұлдар көкесін,  
Көңілдің шерін кім басар?  
Сағынған кезде Жөкешің  
Басыңа барып мұндасар.

## 4

Шығыпты еңбегіңмен атақ-атың,  
Жететін бар туысқа махаббатың.  
Күннің нұры секілді шашыраған,  
Айналаңа тарайтын шапағатың.

Болғаны хақ ел-жүртқа қадырыңың,  
Аштың қыздың өрісін, бағын ұлдың.  
Әлихан, Албан, Ерлік, Есенейің  
Жылап тұрды басында қабырыңың.

Көркейткен тұған жердің атырабын,  
Емен едің, ұл-қызың – жапырағың.  
Өлімге қияттын жан емес едің,  
Жан аға, торқа болсын топырағың.

## Адрессіз эпиграммалар

### *Даурықпаза*

Момын десек, жымысқы  
Болдың, тарқат шер ептең.  
Тағы айқайла: «Жұмысты  
Қайта құру керек,» – деп.

Ал өзің не бітірдің,  
Жақсы болды-ау сөз тиіп.  
Тіфә, тіфә ... түкірдім !  
Жүрмесінші көз тиіп.

Сендейлердің «жаны» – егес,  
Лепіргенде дандайсып,  
Қайта құрылған емес,  
Қайта туылғандайсың.

### *Бір бастыққа*

Сөйлегенде – сырнайсың,  
Уәденде тұрмайсың.  
Айта-айта өтірік,  
Абыройдан жүрдайсың.  
Момынның еркін ұрлайсың,  
Әділдікке бүрмайсың.  
Арызқойдың алдында  
Жорғалаған құрдайсың.  
Ақ ниеті адамның,  
Кепиеті адалдың,  
Осындайды ұрғайсың.

## *Арызқойға*

Құдайдан шын тіледің,  
Арыз жазсаң сыйынып.  
Қабыл болмай тілеуің,  
Енді отырсың күйініп.

Жадыраушы ең көргенде,  
Басқалардың қайғысын.  
Енді өзің шерменде,  
Қын болды-ау, байғұсым.

Арыздасып күштімен,  
Алушы едің мазасын.  
Ал құдайдың үстінен  
Кімге шағым жазасың?!

## *Тұрлаусыз қорқакқа*

Шын егеске  
Шықтың – шық.  
Текке бөспе  
Мықтымсып.

Құр алдадың –  
Еркінде.  
Тұра алмадың  
Сертінде.

Болған нелер  
Шын мықты,  
Айтып өлер  
Шындықты.

Шірік, індет –  
Тұрлі ісін.  
Тірімін деп  
Жүрмісің.

## **Ұлтынан безгенге**

Қарасындай,  
Аласындай  
Көзіңің,  
Тіліңнен де,  
Діліңнен де  
Безіндің.

Сөзі – бұланқ,  
Өзі – ыланқ  
Ібіліс,  
Жалған пейілі,  
Болған дейді  
Нигилист.

## **Мәдениет бастығына**

Үйрен де тіл,  
Өнерді біл.  
Айтпас едім бұл туралы,  
Басқармасаң культураны.

Ол үшін тек көңіл мен  
Надо ниет.  
Ана тілде сөйлеу де –  
Мәдениет.

## **Tіл бұзарға**

Тілді бөтен  
Любить етем.  
Білмейтіндер –  
Біздің Киндер.

Шұлдір-шұлдір,  
Елді құлдір.  
Былдыр-былдыр,  
Тілді бұлдір.

## *Ishkiш студентке*

Іше бер, сол – асын,  
Ішетін заманың.  
Бес жылда боласың  
Арақтың маманы.

Тұрсаң да теңселіп,  
Түсірме еңсені.  
Кезіксе жол беріп,  
«Сыйлайды» ел сені.

Бұл құрмет аз әлі,  
Айналса дәстүрге,  
Дипломға жазады,  
Ішуге «мәстір» деп.

## *Aудармалар*

*Евгений Евтушенко*

### **Жебе**

Тұған жердің лебі жаңға жайлы еді,  
Бәлкім оны ақ қайыңдар жебеді:  
Қанатымен вологодтың ләйлегі  
Африкадан алып келді жебені.

Болат ұшты жебе белден бөлінген,  
Қауырсынның қадалыпты түбінен.  
Құсқа қауіп төнбесе де өлімнен,  
Ат бағушы құтқарды оны «жүгінен».

Қанатыма ұшам бұлтты бөктере,  
Ләйлек емес, аққу да емес, тырнамын.  
Орыс болып қаламын мен көкте де,  
Ойлаймын мен Отан қамын, жыр қамын.

Алым кетсін мені дауыл егесіп,  
Қонсам-дағы мейлі қандай айдынға,  
Қанатымда – Россияның жебесі,  
Махаббатым да сол менің, қайғым да.

### **Азаматтық**

Азаматтық – жалаусың, жалау ғана,  
Флюгерге болмайды балауға да.  
Сүйетіндер Отанын, білетінім:  
Айтқан емес айғайлап сүйетінін.

Азаматтық, бол таза, нұсқа анық,  
Көшеден өткендерді ұстап алып,  
Кеуде соғу бола ма санаң жүдеп,  
Айқайлауға: «Сүйемін анамды!» – деп.

Азаматтық – Пушкин мен Некрасов,  
Отанына берілген екі ғашық.  
Бойға сінген біртіндеп бала жастан,  
Қасиетсің қаныммен араласқан.

Сенің мұңың – тек мұңы емес өзегінің,  
Азаматы нағыз бір өз елінің.  
Қауіп төнсе даласы, орманына,  
Жалғыз өзі айналар қорғанына.

Біз – соқпақыз, жан-жақтан жүріп келген,  
Жол боламыз, бәріміз біріккенде.  
Біз – өркенбіз, көбейіп биылдан да,  
Бородино боламыз жиылғанда.

Жалған ерлік – қылмыстай ойындағы.  
Жаранды да сезінбей бойындағы,  
Россияны қорға да, жақын таны,  
Тушиндей, елеусіз бір капитаны.

Корға оны, жаныңды етіп ізгі,  
 Жалақор, жағымпаздан екі жүзді.  
 «Ақылдыдан» шетелдік, одан да асқан  
 Қауіптірек  
 ақымақ отандастан.

Корға оның көлдерін, ормандарын,  
 Кеуден барын, сезінсін қорған барын.  
 Адамдары адымын күліп бассын,  
 Оларды да қорғауды ұмытпассың!

Айғайшылдың жоғалар іздері де,  
 Бірақ, арымыздың даусындай біздерді де  
 Азаматтық жар салып шақырады,  
 Корғау үшін Россия атырабын.

\* \* \*

Ұяламын:

әдемі

сөз теруге,  
 Мақұрымдық маңдайыма батқанда.  
 Тұскендей боп аспаннан өзгеруге,  
 Елмен бірге жерде тұрып жатқанда.

Бір сөз айтқым келеді бетін ашып,  
 Өзгеше бір, естілердей кереңге.  
 Некрасов тартады, Некрасов,  
 Ал, ол болса – теренде ғой, теренде.

Ұяламын: көзімді жасқа малып,  
 Аяушылық күткеніме жырдан да.  
 Жерден басқа түк таппай баспаналық  
 Жүргеніме, ашық аспан тұрганда.

Бір сөз айтқым келеді ішімдегі  
 Сырларымды жалғыз ойға түйіп тек.  
 Пушкин мені тартады, Пушкин мені,  
 Ал, ол болса – биікте ғой, биікте.

\* \* \*

Марк Лисянский

## **Белгісіз солдат әні**

Танкке оқ бүрқатып,  
Болсам-дағы үш өлген,  
Солдат әнін шырқатып,  
Ұрыстарға түсем мен.

Шарла, әнім, өлкені,  
Астанадан Брестке.  
Білетіндер, ең кемі,  
Алсын мені бір еске.

Жау құші мол, қатулы,  
Аямаспын жанымды.  
Сұнқылындаій акқудың  
Менің соңғы әнім бұл.

Жасаймын бір батылдық,  
Қаламын мен өлгенмен  
Қорғап махаббатымды,  
Москвамды кеудеммен.

Шарла, әнім, өлкені,  
Астанадан Брестке.  
Білетіндер ең кемі,  
Алсын мені бір еске.

Сүйіктімнің үйіне  
Жетші, білсін қосағым.  
Ол жыласын қүйіне,  
Сен жұбатшы, осы әнім.

Тұған жерге табынам,  
Құмарта бір қарайын.  
Балалықты сағынам,  
Және таңның арайын.

\* \* \*

О, қалалар,  
 Біз көрмеген көркейген бағын көптен,  
 Вокзалдары жылдардың ағып өткен.  
 Аэроромдар, төсінен күндер ұшқан,  
 Жиі ойлаймын шағымда шабыт құшқан.  
 Бізсіз өсіп қалалар қатары да,  
 Аттанады поездар сапарына.  
 Шығарып сап басқалар жолға мына,  
 Күтетін де басқалар болғаны ма?  
 Жо-жоқ! Әлі ертерек ойға бату,  
 Уайымның бояуын қоюлату.  
 Россиям – әрі үйім, қалам да әрі,  
 Аэрором мен космодром алаңдары,  
 Өлкем болар әлі сан күй ақтарып,  
 Сатырлатып сом болат тұяқтарын,  
 Қаңтарулы кермеде Пегас – атым,  
 Кеңістікке белгісіз атылатын.

\* \* \*

### Құлпытастағы жазулар эпитафия

Ей, ағайын, өздеріңмен өмір дәмін татып ем,  
 Ояттыңдар құран оқып, бір Алланың атымен.  
 Біз келгенде тұрмады деп ренжімесең болғаны,  
 Қонақта боп, үйге келіп, демімді алып жатыр ем.

\* \* \*

Уайым деген жалғыздықтың досы ғой,  
 Арғы жағын өзің жалға қосып ой.  
 Жиі келіп, бет сипай жүр жатсынбай,  
 Демің бітсе, барар жерің осы ғой.

\* \* \*

Пенде жатыр күйінішпен  
 Құның білмей уақыттың,  
 Азаптың да уын ішкен,  
 Дәмін татқан бақыттың.

# Екінші бөлім

*БАЛЛАДАЛАР*

*мен*

*ПОЭМАЛАР*

*Білген абзал тіршіліктің өлшемін,  
Өз жеріңде көктеуіңе мол сенім.  
Туган жерің, өскен ортаң, достарың –  
Тамыр жаяр топырагың сол сенің.*

## Ұрпақ

Егілген жандарына аза батып,  
Қайысып қабырғасы қазага тым,  
Ауылдың бас көтерер адамдары  
Арулап қойып жатты азаматын.

Мөлт еткен кірпіктердің күміс шығын  
Құрғатып жатыр лезде күн ыстығы.  
Көлденең бір жолаушы келіп, бұзды  
Қаралы қабір басы тыныштығын.

Күмістей шашы менен сақалда ағы  
Қартқа кеп сәлем беріп, мақалдады :  
“Өлім деген қайда жоқ,  
Сан жақсыдан айырды.

Егілгеннен пайда жоқ,  
Арты болсын қайырлы.  
Ақсақал, айып етпе сұрағанға,  
Өлі ме, көмгеніңіз тірі адам ба?” –

Дегенде: – “Мынасы кім, әпенді ме,  
Бұл жерге сайтан айдал әкелді ме?” –  
Дей жаздал жігіттердің қалды бірі,  
Ал бірі айта жаздал “әкенді” деп.

Қайғыдан қаны қайнап тұрған ысып,  
Көрмеген қыңыр сөзден бір қалысып,  
Жастары қалды сонда қозғалысып,  
Қарттары алды бір-бір ырғалысып.

Қарады жолаушыға шал қызыға,  
Солдай-ақ сөз мәнісін жалғыз ұғар.  
Басынан бір қара ұлдың сипап тұрып,  
“Тірі, – деді, – артында жалғызы бар”.

Жолаушы көпшілікке бұрып бетті:  
“Азаматың армансыз сүріп кепті.

Тек өлгенді жоқтайды, қайғырмандаңдар” –  
Деді-дағы аяңдап жүріп кетті...

... Анық қысқа ғұмырдың сарқылмағы,  
Өту керек ендеше жарқыл қағып.  
Адам біткен жалғасын өмірінің  
Баласынан көреді артындағы.

Ұрпақ қандай болады, бала қандай?  
Болса жақсы жүргегің қалағандай.  
Тартса дейсің тұған жер келбетіне:  
Аскар еңсе, қыран көз, дала маңдай.

Бірі мақтан етердей, бірі күндең,  
Ата-ана болу да ірі міндет.  
Бала қалса, артында ұрпақ қалар,  
Ұрпақ қалса, санай бер тірімін деп!

### *Адалдық*

Қураған ши қабығы,  
Судыраған қияқ та,  
Күн көзіне табынып,  
Су сұраған сияқты.

Зәру дала тамшыға,  
Көлеңкеге – маңдайы.  
Кеберсиді қаңсыған  
Құм төбенің таңдайы.

Ыстық беттен ұрғылап,  
Жалын орап барады.  
Бір тұрады, бір құлап  
Қос жауынгер жаралы.

Тамсанады жұтына,  
Су болса ішіп салғалы.  
Олар – екеу, құтыда –  
Бір жұтым су қалғаны.

— Сен іш, — дейді біреуі, —  
Әр тамшидан күш тап та,  
Тоқтағанша жүргің,  
Тезірек жет штабқа.

— Жоқ, айтқанға көнестің,  
Іш, бойыңа әл кіріп,  
Жүре бер сен, мені осы  
Құм ішіне қалдырып.

Бұл азаптан құтылар  
Басқа амал жоқ, ал қанып...”  
Олар – екеу, құтыда –  
Бір жұтым су қалғаны.

Сарқылыпты күші де,  
Тіл ауызға симайды.  
Бір жұтымды ішуге  
Бірін-бірі қимайды.

Аттады ма бір адым,  
Сүрінді ме үш аттап :  
Екеуі де құлады  
Бір ып-ыстық құшаққа.

Жел ұйтқыды құтыра,  
Құм құшаққа алды ысып.  
Өлді екеуі, құтыда –  
Сол бір жұтым қалды су...

Шын адалдық – /жігермен  
Сын сағатта бүр жарған/,  
Досын жалғыз жібермей,  
Өлімге де бір барған.

Емес аңыз, ертегі,  
Құлақ тоссаң әр үнге:  
Сол қасиет бар тегі  
Жауынгердің бәрінде.

## Сенім

Елес беріп думанды алыс күндер,  
Естілгендей ырғагы вальстің де,  
Бар дүние кеткендей дөңгеленіп,  
Ауру жатты үмітсіз әл үстінде.

Үстап көрді дәрігер білегін де,  
Тыңдаپ көрді өкпесін, жүрегін де.  
Куанарлық ештеңе болмаса да,  
Емдеушінің ойнады нұр өңінде.

Сөйлеп кетті бір үнмен назы басым :  
– Батпай жүр-ау бойыңа әзір асың.  
Ауру – жалғыз, екеулеп қарсылассақ,  
Үрейленбе, женеміз, жазыласың.

“Жазыласың” деген сөз шипалы ма,  
Ауру жаның самал боп сипады да,  
Әлсіреген денеге қан жүгіріп,  
Көңілінде шалқыды күй тағы да.

Жасалған ем жатқан жоқ зая кетіп,  
Жақсы сөздің әсерін аян етіп,  
Тіршілікке құштарлық бой көтерді,  
Сүйенді де Сенімді таяқ етіп.

Келді бір күн алыстан туысканы,  
Көп болса да көңілдер сұыскалы,  
“Ауру” деген хабарын естісімен  
Жеткен екен, мазалап туыс халі.

Шошып кетті аурудың көріп түрін :  
– Екеу болса, бірі едің көріктінің,  
Сөнгенің бе, аспанның жасыны едің,  
Асылы едің ішінде бөріктінің.

Ауру айтты жақтырмай: – Сендей күшім  
Болмаса да, мұқалар мен деймісің?  
Дәрігердің айтқаны рас болса,  
Жазыламын, сен әлде сенбеймісің?

– Бауырым-ай, емес бұл сынағаным,  
Жалған айтып керек пе ұнағаным?  
Көңіл үшін айтқан гой дәрігер де,  
Жаман екен, әйтпесе, мына халің.

Осы сөздер у құйып жүргегіне,  
Көлеңке енді аурудың іреніне.  
Тірегіне айналған дәрігердің  
Құдіктенді ден қоймай бір еміне.

Тұыс сөзі болмады қайырымды,  
Бір үміттің қанаты қайырылды.  
Көңіліне дем беріп, демеу болған  
Сенім еді, одан да айырылды.

Құдік, құдік ... түсіріп сол бағасын,  
Құнсыз болып көрінді қолдағы асыл.  
Ауру кетті құлдырап, құздан құлап,  
Табан тірер Сенімі болмағасын ...

О, адамдар, дарыны гүл атқандар  
Кеудесінен бұлқынған бұлақты аңғар.  
Сол бұлақтың мұхитқа құярына  
Сеніңдер де, сенімді құлатпаңдар.

Көңілдерде бір Сенім жайып күшін  
Тұрғанында айтпасаң байыпты сын,  
Құдіктенсең күшіне кінәлісің,  
Сенбегенің үшін де айыптысың.

Ақ Сенімін біреудің қаралауға,  
Пәк сезімін, жүргегін жарактауға,  
Мынау ұлы заманда болмайды гой  
Болашаққа Сеніммен қарамауға.

Сенімсіздік бере ме бір күні елес,  
Туды дей бер көңілде күңкіл, егес.  
Одай емес Сеніммен өмір сұру,  
Ал Сенімсіз тіпті де мүмкін емес.

## **Туган жер топырағы**

*Әкем Рымбектің руҳына*

“Үйренесің тұрмысына қаланың, –  
Дейді ұлы, – өз қолыма аламын”.  
Қимайды шал өскен жерін, ортасын,  
Қимай жүрді сөзін жалғыз баланың.

“От та, су да ... бәрі де бар қажеттің,  
Іп-лезде пісіреді газ етті.  
Мұндағыдай үш күн жүріп келмейді,  
Күнде оқисың жаңа шыққан газетті.

Демалғаннан басқа жұмыс жоқ саған,  
Тарықпайсың тамақ пенен ақшадан.  
Тынышыңды алмайды ешкім, немерен  
Өзі барып, қайтады өзі бақшадан.

Қала өмірі қыын емес оншама,  
Онда барсаң ырзығыңды мол сана.  
Зерікпесен, ізdemейсің даланы,  
Керек десен үй ішінде монша да.

Қартайғанда көрсетейін сый анық,  
Елден, жүрттан біттім әбден ұялып.  
Бес қабатты биік десен, онда мен  
Берейін бір шатырланған үй алып.

Қолдарыңды жылы суға маламын, –  
Дейді ұлы, – өз қолыма аламын”.  
Қимай жүрді туган ауылын кемпір де,  
Қимай жүрді көңілін де баланың.

Көп ұзамай ұлы жасап сый алдын,  
 Көрсетіпті іске асқанын қиялдың.  
 “Ал көшіріп әкетем, – деп келіпті, –  
 Бау-бақшалы, көк шатырлы үй алдым”.

Құлімдепті шал ырза боп мұртынан,  
 Білінбепті іштегі ойы сыртынан.  
 Тек кемпірдің дір-дір етіп иегі,  
 Жанарында бұлдырапты бір тұман.

Содан соң шал: – Таусылмайды қүйбеңім,  
 Бау-бақшалы сатып алдым үй дедің.  
 Бері жүр, – деп, апарыпты қасына  
 Ауласында өсіп тұрған жиденің.

– Кәрі жиде жапырағы жайқалған,  
 Маған ыстық қайсы терек, қай талдан.  
 Қалаға апар, бақ ішіне отырғыз,  
 Сұрарым сол, басқа тілек айта алман.

Кім ұтылыш, білмеймін кім ұтарын,  
 Сағынғанда туған жердің жұпарын,  
 Аяларым гүлі болсын жиденің,  
 Соның жұпар иісі болсын жұтарым.

Қартайдық қой, көңілімізден көшер күз,  
 Кейде ақылды, кейде осындей есерміз.  
 Сәті түссе, келер жылы қалаға  
 Осы жиде гүлдегенде көшерміз”.

Шалдың сезін әзіл етпей, кекетпей,  
 Орындарды жалғыз ұлы екі етпей.  
 Жиде тұрды жана орында мұнайып,  
 Үй де тұрды жолаушысыз бекеттей...

Бір жыл өтті. Өтті тағы бір апта,  
 Болғасын ба өскен жерден жырақта,

Гүлдесе де алма, өрік бақтағы,  
Кәрі жиде гүлдемеді бірақ та.

Бала келді : “Көшеміз, – деп, – бүрсігүн”,  
Кәрі жиде жармағаның бүршігін  
Естігенде шал үндемей отырып,  
Айтты сосын алды да бір құрсініп :

“ Сол қаланда өзімнің де тұрғым бар,  
Бірақ мұнда құрдасым бар, құрбым бар.  
Жақыны не, алысы не бәрібір,  
Алыстан да қарайласып тұрдыңдар.

Өз ортамда – қадірім де, бағам да,  
Сондай құрмет басқа жерден табам ба?  
Кәрі жиде секілдімін, достарсыз  
Тамыр жайып кету қын маған да.

Қайда барам, өз ауылым, өз далам,  
Жүріп кетер кезім емес бозбала.  
Жас ағашты қайда апарсаң өседі,  
Кәрі ағашты орынынан қозғама”.

... Көшпеді шал, бермеді де келісім,  
Кете алмады, қия алмады ел ішін.  
Азғыруға болмайды ғой көнбесе,  
Жазғыруға болмайды ғой сол үшін.

Көрсөң анау алма, жиде, өрікті,  
Бәрі туған топырақтан өніпті.  
Жапырағымен көрікті ғой ағаштар,  
Ал адамдар ұрпағымен көрікті.

Білген абзал тіршіліктің өлшемін,  
Өз жерінде көктеуіңе мол сенім.  
Туған жерін, өскен ортаң, достарың –  
Тамыр жаяр топырағың сол сенің.

## Жігіт жары

Жанжарым Дәннияға

Дақ түсірмей туған елдің атына,  
Жауларына жолбарыстай атыла  
Шабатын бір қайсар жігіт ұрыста  
Жау қолына түскен екен қапыда.

Жау қолбасы : – Қайсарлығың ұнады,  
Мейірім түсіп, көңілім саған құлады.  
Тілегінді айт, орындаимын. Өмір ме,  
Әлде өлім керек пе? – деп сұрады.

Жігіт айтты : – Еркіндікті қайтарам  
Десен өгер, тілегімді айта алам.  
Өмір керек қағу үшін басыңды,  
Шабу үшін орданұды кеп қайтадан.

Қапылыста қолға түстім, несі мін?  
Халқым бірақ ете қоймас кешірім.  
Сол күнәмді жуу үшін өмір бер ...”  
Айлакер жау айтты сонда шешімін:

– Жүргегінде ерлік сепкен жатыр дән,  
Сөздерінді кештім жанға батырған.  
Өмір берем, сұлуыңды ал таңдаған,  
Ұрпақ қалу керек сендей батырдан.

– Оңай емес бірден ұғу жат сырын,  
Мені әлі де түсінбепсің, таксырым.  
Елім – менің арыммен тең кіршіксіз,  
Арын сатқан болмаушы еді жақсы ырым.

Отан деген бір ананы тел емген,  
Сүйіктім бар, күгеріне сенем мен.  
Одан мені бөлгің келсе тірідей,  
Жүргегімді бөліп таста денемнен...

Алған беттен қайтпайтыны болды анық,  
 Қаһарлы жау көп ойланды, толғанып.  
 Өмір беріп, тіршілікке жарамсыз  
 Етпек болды бір амалын қолданып.

– Тірлігінді берем деген сертім бар,  
 Азатсың сен, қайда барсаң еркің бар.  
 Тек жарынды құшатұғын қолдарың  
 Шабылады, уайым жеме, көркің бар.

Осыны айтып, құліп тұрып миықтан,  
 Шаптырды оның екі қолын иықтан.  
 Есіл ерің біраз жатып қансырап,  
 Есін жиды тоқтағанда ұйып қан.

Көзін ашып көрді туған халықты,  
 Ен даладан солар тауып алыпты.  
 Алтын басы жау қылышы шаппаған,  
 Өз елінде үлкен дауға қалыпты.

Бірі айыпта, бірі оны ақтады,  
 Бірі сенбей, біреулері жақтады.  
 Жауға шапса жасқанбайтын батырың  
 Сөзден жасып, кірерге жер таппады.

Ақылымен ұстап тұрған бір елді,  
 Данышпан қарт тұңғиыққа тірелді.  
 Адалдыққа сенбегеннің ауыры-ай,  
 Өмір тілеп алған жігіт тірі өлді.

Сөздеріне, көздеріне қараса,  
 Бір пенде жоқ болатында араша.  
 Жау алдында қайыспаған қайсарлық  
 Күйініштен еңкілдеді балаша.

Осы кезде: – Мұқалмашы, болатым,  
 Қыраным-ай, тұғырына қонатын, –  
 Деп егіліп, топ ішінен жалғыз-ақ  
 Ара тұскен сүйген жары болатын:

— Ерлеріңе арқалаған ел жүгін  
Сенбесендер не болады елдігің?  
О, әлеумет, өз қолыңмен өлтірме,  
Өз еліңің қайсарлығын, өрлігін.

Көңілдерге сенімсіздік кіргесін,  
Шайқалтпасын тату елдің іргесін.  
Жерін аңсап келген ерді өлтіру –  
Сатқындыққа үндеу болып жүрмесін.

Осы сөздер шағын топтың бұйыққан,  
Ауыр жүгін түсіргендей иықтан,  
Данышпан қарт бейбіт шешім тапқандай,  
Жадырапты құтылып бір түйіктан...

Тағдыр ерді етсе-дағы жарымжан,  
Аласпасын ақылтынан, арынан.  
Арындай сол таза сезім дарыған,  
Ер жігітті айырмасын жарынан.

Сүйген жарың – адап досың, ақылшың,  
Сен ол үшін дарындысың, ақынсың.  
Күйіндірсек – дұшпанынан әрісің,  
Күйін білсек – туысынан жақынсың.

Барометр секілді ол: желің де,  
Нөсерің де, аян оған селің де.  
Ақтығына жарың сенсін, дос сенсін,  
Олар сенсе, сенеді онда Елің де.

## *Kos қарагай*

*Иран Эбейовке*

Барған едім отынға ағайым кеп,  
Орманшымен туыс ек, ағайынды ек.  
Қарағайды мезгілсіз қурап тұрған,  
ОНтайланған берген ем шабайын деп,

“Шаппаши” – деп тоқтатты Оспан ағай,  
Бір-бірімен туыстай, дос, панадай,  
Жазылмастай айқасқан құшақтары,  
Тұруши еді жайқалған қос қарағай.

Екеуінің достығы айдан ашық,  
Бұтақтары жататын аймаласып.  
Дауыл соқса бір-бірін құшақтап ап,  
Тұратұғын бой бермей тайталасып.

Құшақтары қосылса алыптай-тын,  
Екеуінің сырларын жан үқпайтын.  
Самал соқса сыйдырлап, сыйырласып,  
Сырласудан ешқашан жалықпайтын.

Күпірлік-ау Бақытты сөнбейді деу,  
Бақыт сөнсе, қайғыдан сембейді деу.  
Қос ғашықтың бақытын қызғанғандай,  
Кесіп апты біреуін сендей біреу.

Сонда мұның көнілі жұтап, налып,  
Өртенбепті әйтеуір тұтап барып.  
Әзер жазып алыпты балтаменен,  
Қалған екен айқасып бұтақтары.

Қайғылы еді, содан сол азалы еді,  
Тіршіліктің батты да азабы енді,  
Сағыныштан сарғайып сорлы ғашық,  
Семе берді, күн сайын аза берді.

Айтпаушы едім жүрер деп ел түсінбей,  
Осы сырым бойыма келді сіңбей.  
Содан бері шапқызбай келем сақтап,  
Адалдық пен достықтың белгісіндей.

Тұруши еді жайқалған қос қарағай,  
Айырылу болсын ба достан оңай?  
Бұл қарағай қайғыдан қурады ғой, –  
Деп, көзіне жас алды Оспан ағай...

О, өмір-ай, отынды жаға алдық па,  
 Адалдыққа шын досты таба алдық па?  
 Тіршіліктің тірегі – достықтағой,  
 Ал достықтың тірегі – адалдықта.

### *Қызғаныш пен кек*

Қызыл алма – күнді белден бес тіліп,  
 Қекжиекте жатты бір бұлт кешкілік.  
 Дала жатты самал желін естіріп,  
 Қыр астынан ат дүбірі естіліп,

Келе жатты бір жас жігіт асығып,  
 Бір көруге, бір құшуға ғашығын:  
 Еркелейтін ерекше бір қылықпен,  
 Қарсы алатын мойынына асылып.

Әні қандай, жаны қандай ғашықтың,  
 Көңіл, шіркін, дариядай тасып бір,  
 Әндегеді кешкі ауаны толқытып,  
 Ән жетеді қыз ауылына асып қыр.

Елден шыққан кеткен шақта түс ауып,  
 Күн батқанда көрінді алдан үш ауыл.  
 Бір ауылдың ту сыртына келді де,  
 Салды атының аяғына тұсауын.

Бой жасырып ұрыларша еппенен,  
 Үәделі сайға қарай беттеген  
 Тұрып қалды аңқау жігіт аңырып,  
 Ұрып қалды екі санын: “Әттеген!”

Бұл өңірде сымбаттысы, ғашығы,  
 Бұл өмірде қымбаттысы, асылы,  
 Басын салып кеудесіне біреудің,  
 Мойынына қалған екен асылып.

Көрген адам қарамас ед сұқтанбай,  
 Бірін-бірі жаныменен үққандай.

Тұсінгені – бір адамның ойындай,  
Мұсіндері – бір қалыптан шыққандай.

Жігіт тұрды құлай жаздал теңселіп,  
Бір ауыр ой езіп, жаншып еңсені.  
Дауыл тұрып кеудесінде, Қызғаныш,  
Найзағайдай жарқылдатты семсерін.

Дуыллады көде біткен от түсіп,  
Суынбады көңіл, қайта кетті ысып.  
Құлатуға, әйтеуір, бір шеткісін,  
Сары садақтан қанды жебе кетті ұшып.

Жетті жебе межесіне. Тоқтады.  
Қос жүректің бірі қайтып соқпады.  
Қараңғылық қоюланып қайғыдан,  
Жел ызыңдап бір ұланын жоқтады.

Жігіт сосын айнымай қап тыңшыдан,  
Тың тыңдарды, керек шығар мың шыдам:  
Зарын төккен басын сүйеп өліктің,  
Есту үшін қыз дауысын сыңсыған.

Сол дауысты осып өткен қамшыдай,  
Қалай тыңдар жанын азап жаншымай.  
Кетті сіңіп қара түннің қойнына,  
Қара затқа тамған қара тамшыдай...

Өтті арада бірнеше күн. Ғашығын  
Бір көруге келді жігіт асығып.  
Ерке сұлу ерекше бір назбенен,  
Қарсы алды мойнына асылып.

Болса-дағы жүрегінің мұзы бар,  
Мұндай сәтте еріп кетер, қызығар.  
“Сағындым”, – деп мұңаяды акырын,  
Қабағында бір қайғының ізі бар.

— О, сүйіктім, маған да уын жайды мұң,  
Жапқан сенің көңіліңің айдынын.  
Жанарыңа жас алдырған кім сенің,  
Қабағыңа ізін салып қайғының?

— Тарқамайтын қайғы болды менде бұл,  
Жұрт күлетін шығар маған, сенде күл.  
Үйден безіп кеткеніне талай жыл,  
Әкесіне қарсы келіп тентек ұл.

Ұнамаған тентектің бір шатағы,  
Таятындаі бастан бағы, атағы,  
Қатал әке енді қайтып көрместей,  
Алақаның теріс жайған батағы.

Бір сабақта қатар өскен жүзімдей,  
Егіз едік бір қанжардың жүзіндей.  
Мұсініміз – бір қалыптан шыққандай,  
Мінезіміз – жылдың жаз бен күзіндей.

Алыс жаққа кеткен сермен құлашын,  
Қайта оралып жақында сол лашын,  
Айналсоқтап жүрді ұшып төбеде,  
Қона да алмай, қия да алмай ұясын.

Көлеңкесін /қуанышы ұласып/  
Сүйіп жатты құшағын бір гүл ашып.  
Құлап түсті жау жебесі ажал бол,  
Жылап құшты туған жерін лашын”.

Қыз қайғысы жігітке де тым батты,  
О, масқара, кімді жау деп, кімді атты?  
Ең бір жақын адамы еken қымбатты,  
Сонда жігіт толқи тұрып үн қатты :

— У іshedі деген еken білмеген,  
Білмегеннен қайғы саппын гүлге мен,  
Өйткенімше қызғаныштың отына  
Неге жанып кетпеді еken бұл денем.

Албырт көңіл өрекпіген, қызған сан,  
Басылмаған, лебізіне жұз қансам.  
Кешір мені, қызғанышқа берілдім,  
Ол да сені сүйгендігім – қызғансам”.

Қыз шошынып жігіттің бұл сөзінен,  
Шеттеп еді, кетпек еді тезінен,  
Жігіт құшып қалшылдаған денесін,  
Сүйе берді кек тұтанған көзінен.

Қарсылықсыз мінезімен ізетті,  
Құшағына кіре берді қыз елті.  
От құшакта елтіп кеткен жігіттің  
Өкпе тұсы әлденеден тыз етті.

Қыз суырып алған шақта пышағын,  
Жігіт жазып жіберді де құшағын :  
– Кешір, жаным, кешір, – деді талықсып,  
Бар айтқаны үш ауыз сез, үш-ақ үн.

Ашынған қыз көкірегін кек тіліп,  
Енді өкінді, не істегенін кеш біліп.  
Дала жатты қалғып кетіп оянып,  
Қыр астынан зарлы бір үн естіліп ...

Қайғылы бір жыр еттім-ау өткендей,  
Қызғаныш пен кекке айт сен өкпендей.  
Үзіп кетті солар қыздың арманын,  
Күз ғып кетті тамылжыған көктемдей.

## Әзіл

*Агам Тілеуқабылдың рухына*

Жаңа туған түсіріп төлді есіңе,  
Қалт-құлт етіп, бір амал өлмесіне  
Жасайтындей, бұкшендең кәрі кемпір  
Кіріп келді емхана бөлмесіне.

Дәрігер бір өрімдей жігіт еді,  
Үні майда, көңілді жібітеді.  
Әзілдесе, қайсы шын, қайсы өтірік,  
Білінбейтін сөзінің жігі тегі.

Сәлемінен жүретін назы ілгері,  
Кемпірге ол орындық әзірледі.  
Сосын оның тамырын ұстап көріп,  
Әдетінше өзінің әзілдеді.

— Қолым епті, әжетай, денем бейім,  
Науқасыңыз бар болса мен емдейін.  
Әзір сізге қауіп жоқ, қорықпаңыз,  
Олсеніз де, өлесіз менен кейін”.

— Айналайын даусыңдан қоңыр үнді,  
Бір көтеріп тастадың көңілімді, —  
Деді кемпір, жігітке шындал сеніп, —  
Онда сенің тілейін өмірінді.

— Себеп болғай сөздерің түзелуге,  
Асықпайық ендеشه біз өлуге.  
Сен бір жұзді жасасаң, онда мына  
Мен де жетіп құлармын жұз елуге”.

Ұйып сеніп жігіттің сөздеріне,  
Кемпір қалды әп-сәтте өзгеріле.  
Көздеріне көрініп келмесе ажал,  
Қоймайтындаған да тез беріле.

Кемпір жайлы өткізді бір аптаны,  
Мазалана бастады бірақ тағы.  
“Жігіт өлмей, өлмеймін” — деген бір ой  
Көңіліне мықтап-ақ тұрақтады ...

Жаңа туған түсіріп төлді есіне,  
Қалт-құлт етіп, бір амал өлмесіне

Іздегендей, жүрегі толқыған соң,  
Келді тағы емхана бөлмесіне.

Қарсы алды бір жас қыз көзі жайнап,  
Жүзі жылы, мұның да сөзі майдада.  
Кемпір одан сұрады сезіктеніп :  
“Емдейтін дәрігердің өзі қайда?”

Күдік тулат жүректің түбіндегі,  
Ат шапқандай қеудесі дүбірледі.  
Дәрігер қыз күмілжіп : – “қайтыс болған,  
Мен келдім, – деп, – орнына,” – күбірледі.

Мынау өмір – тұратын кең көрініп,  
Жақсы істермен жататын көмкеріліп,  
Тарылды да, кемпірдің көз алдында  
Бара жатты дүние төңкеріліп.

Тағдыр – желдің өтіне тосып бетті,  
Жігіт–жалын жалп етіп өшіп кетті.  
Әзіліне жігіттің құлай сенген  
Кемпір-дағы өмірден көшіп кетті ...

Асқақ арман, ұшқыр ой, қиялы бар  
Салмақтасын сөзімді зиялыштар.  
Сену керек адамға, бірақ кейде  
Сенгеннің де андамай зияны бар.

### Кекіліктің қатесі

Көңілі де жай, тұрмысы да сай еді,  
Жері байдың – деген екен – бай елі...  
Газет ұстап, енді отыра бергенде,  
Әлденеден шу шығарды әйелі:

– Сауатыңды ашқаныңа жетіліп,  
Жасағандай бір керемет ептілік.  
Оқығанмен, тоқығаның болмаса,  
Сенен артық сауаты жоқ кекілік.

— Есің бар ма, кекілігің не сенің,  
Қауашағың аумағындағы кесенің  
Ойлаудан да қалды-ау, сірә? — деп еді,  
Әйелі де жібермеді есені.

— Мен сияқты тұрып алып азанда,  
Күні бойы болмай тыным, мазаң да,  
Қабілетін көрер едім миыңның,  
Отқа түсіп, қуырылсаң қазанда.

— Газетті оқы, емес аңыз, ертегі,  
Кекіліктер жайында сыр шертеді.  
Ұя салып, жем тасыған — сөз емес,  
Жұмыртқаны басады екен еркегі”.

Бұл сөйледі: — Айналайын, “тәтесі”,  
Алжыған ғой кекіліктің әтеші.  
Ұя салсын, жем тасысын, ал бірақ,  
Ұя басу — ең бір үлкен қатесі”.

Әйелі айтты: — Тапқаныңа бұлданып,  
Көмек етсең, айналардай құлға анық,  
Газет оқу, теледидар — ермегің,  
Мен жүргенім жаялыққа былғанып.

Тамақ болса, келгеніңде жаланып,  
Көңіліңің жоқ ешқандай алаңы.  
Таба алмайсың өзің бала, тым құрыса,  
Баға алмайсың тауып берген баланы.

Мұны істеуге жетеді енді мендегі ар:  
Балаң анау, тәрбиелеп, жөндең ал.  
Керек болса, тамағыңды жасап іш,  
Гастритің менде емес, сенде бар”.

Жатты әйелі жауып алып есікті,  
Бұл сәлден соң бала дауысын есітті.  
Жылатсын ба тұңғыш көрген сәбійін,  
Амалсыздан тербетті кеп бесікті.

Ал эйелі қайтар емес сол беттен,  
Гастритке билік беріп өлмек пе?  
Күйдірсе де, куырдағын қуырып,  
Баласына сүт те берді шөлмекпен.

Балғын шақта не түсінді, не біліп,  
Есебіңнен алмаушы еді екілік.  
Енді мына өмір сұру есебін  
Одан артық білгені ме кекілік?

Отбасында ұрыс-керіс, нала-мұн  
Болмасын деп, дұрыс көріп талабын,  
Содан былай ас пісірсе әйелі,  
Өзі жуды жаялышын баланың.

Бір ошақта – бір әйелге толған іс,  
Бір шыққан соң өмір деген жолға алыс,  
Қандай жақсы әйеліне тұрмыста  
Күйеуінің жасағаны қолғабыс.

Сәби – гүл деп бағаланса, әйел – күн,  
Тұрмысына қарасаңыз қай елдің.  
Бала асырау – абзал ісі ананың,  
Ана болу – қасиеті әйелдің.

Естілмесе еken болып жат есім  
Қаракөзің, Танакөзің, Бәтесің.  
Жоймаса еken қасиетін әйелдер,  
Тұсінбей қап кекіліктің қатесін.

## ***Басбұзар мен тілбұзар***

Тұсім еken...  
Аяз сорған қып-қызыл боп құлағы,  
Бір жігіт кеп менен шылым сұрады.  
Қызу еken, «шекпеуші едім» деуім мұн,  
Көмейінен құйылды сөз бұлағы.

— Аяйсың-ау шығындауға пұлышынды,  
Сөйтіп өзің түсіресің құныңды.  
Еркек түгіл, әйелдер бар бүгінде,  
Жатсынбайтын шарап менен шылымды.

— Ішпеуге де, шекпеуге де серт еттім, —  
Дегенімде, ашуланып жер тепті:  
Онда сенің болғаның ғой... «бірдене»,  
Оргасында әйел менен еркектін.

Ішкілікті емес едім бастаған,  
Шылымды да кезім еді тастаған.  
Естісем де «әйелмісің» дегенді,  
Мынадай сөз естімен ем басқадан.

Ыза болып құлағына сыйырлап,  
Бір сөз айттым салмақ салып, нығырлап.  
Намысина тиғен болар, шытынап,  
Шыға келді еріндері жыбырлап.

Не айтарын білдірді өні өзгерген,  
Дәл мұндайды қайда, қашан көз көрген?  
Жетістіріп жеті атадан қозғады,  
Сөздіктерге кірмей қалған сөздермен.

Қарғыстары теңеулерге бай қалай?  
Құйып алса сол қалпында шайқамай.  
Тұрғанымда таза тілге таңырқап,  
Жұдырығын қалған екем байқамай.

Бойда – қайрат, білекте – күш, тән – сауда,  
Жармасар ем, етпес едім жан сауға,  
Жетпегенде құлағыма көне сөз,  
Кетпегенде мұрынымнан қан саулап.

Қызыл түске бояп тұрдым күртікті,  
Бір жас жігіт әбігер бол жүр тіпті.

Әппақ қардай орамалын суырып,  
Қан-қан болған мұрынымды сұртіп тұр.

Агай, – дейді, бузук джигит кыналы,  
Танауына ватқадан сал сынаны...  
Мұрын бұзған ештеңе емес, шіркін-ай,  
Тіл бұзғаны жанға батты мынаның.

Бет-аузыым болса-дағы быт-шыт қан,  
Қамқоршымның иек тұсын түк шыққан  
Сипап жүріп, таптым-дағы аямай,  
Жұдырықпен отырғыздым шықшыттан.

Шалмақ едім, алмақ едім етектен,  
Жұдырықпен мұрының бет қып «өтектеп».  
Екі жігіт... полиция шамасы,  
Мені алып бара жатты жетектеп...

Тұс болса да, алып жүр сол мазаны,  
Тіл қадірін білетіндер аз әлі.  
Басбұзарға жаза дайын, шіркін-ай,  
Тілбұзарға ойлап тапса жазаны.

Құрагандай ақсақ пенен соқырдан,  
Осы өлеңде сіздер оқып отырған  
Үйқас бұзған кездерім бар, сол үшін  
Бұзам десең, мұрыным дайын, оқырман.

## *Асыл арман*

Күміс көлге құс атуға барғанымда әкеммен,  
Қоныр қаздың қоңыр ала жұмыртқасын әкелгем  
Сол жұмыртқа ерекше бір күтім тілеп, бап тілеп  
Ана қаздың бауырында қызу алып жатты көп.  
Күндер өтті.

Ана қазды көрдім бірде ауладан,  
Ертіп шықты қос балапан, бірі өзінен аумаған.

Жүрісі де айнымайды, маң-маң басып барады-ақ,  
 Мін болсаши актығында, болсаши бір қара дақ.  
 Табиғаттың шеберін-ай, сынығындаі асылдың  
 Екіншісі, қоңыр ала көзіме оттай басылды.  
 Бір ананың қанатының астында олар ержетті,  
 Асыл арман аялады, асқақ ойлар тербетті.  
 Бір күн таңда қырга шығып жұбымен қос балапан,  
 Қанқылдады, алдарында жатты үнсіз дала паң.  
 Бұларды алға жетелеген құштарлықтың себебі:  
 Қыр астында толқып жатқан Күміскөлдің лебі еді.  
 Күміскөлге

көркіменен нұрландырыган Арқаны

Шомылды да екеуінің құмарлары тарқады.  
 Ұмытпады аналарын, қалмай тұнгеле, дауылға,  
 Күн батарда жұбыменен қайтып жүрді ауылға.  
 Қоңыр ала мазаланды көрмесе де қайғыны,  
 Құлашына тар келгендей Күміскөлдің айдыны.  
 Шақырды оны алыс таулар, шебі шүйгін көк белдер,  
 Жасыл тогай, айдын көлдер,

жарқын жаз бер көктемдер.

Күз де келді.

Оңтүстікке құстар қайта бастаған,  
 Аспан астын тебірентіп естілді бір асқақ ән.  
 Арманындай қоңыр қаздың, көңіліндегі қиялдай  
 Сол бір әнге ілесуге тұған жерін қия алмай,  
 Күміскөлді үш айналып, қаңқылымен ақырғы  
 Жан серігін өзіменен бірге ұшуға шақырды.  
 Аласұрып ақ балапан, талпынғанмен алысқа  
 Ұша алмады, кірді барып жағадағы қамысқа.  
 Екі айрылып кете барды екі ғашық осылай,  
 Көңілдері жарасқанмен, армандары қосылмай...  
 Болашаққа қанат қаққан екі жастың ылайым  
 Ортақ болсын қуанышы, ортақ болсын уайым.  
 Біреу болсын екеуінде асыл арман, асқақ ой,  
 Онсыз олар біреу емес, екеуі екі басқа ғой.

## Қоңырау

Ұшақтар жалқы ұшып, егіз қонып,  
Жатқанда уақыт та сегіз болып,  
Самолетке отыру басталды да,  
Әуежай толқып кетті теңіз болып.

Жұрт – толқын, шайқағандай оны дауыл,  
Қарт тарлан орден толы омырауы  
Тексеру есігінен өткен кезде,  
Безілдеп қоя берді қоңырауы.

Алдынан жас лейтенант кес-кестеді,  
Қызмет қой, қарттың жолын кеспес пе еді.  
Жасынан тәртіп сақтап өспесе шал,  
Орден таққан костюмін шешпес те еді.

Шешіп берді костюмін, тарылмады,  
Көңілі бір күдіктен арылмады.  
Қайтадан өтіп еді әлгі есікten,  
Үнің өшкір тағы да шарылдады.

Қарттың өзін кінәлі сезінбеді,  
Кім байқады ашуды көзіндегі?  
Бәкісін, кілтін алды қалтасынан,  
Ал қоңырау сонда да безілдеді.

Қарттың ойы тереңнен ау сүзеді,  
“Бұл қалайша, досы көп, жаусыз еді”.  
Аппараттың алдауы мүмкін емес,  
Темір бары, әйтеуір, даусыз еді.

Оңашалап тексеріп, сұрамақ бір,  
Лейтенанттың басына /құран атқыр/  
Неше түрлі ой келді : “бәлкім, мына  
Шалыңның ышқырында гранат тұр”.

Откізбеді лейтенант алып қалды,  
Артынан барлығы да анықталды.  
Кеудесінде байғұстың оқ бар екен,  
Қысылды да жүргі, талып қалды ...

Көңілдерге туыстық сезімді еккен,  
Қартынды сенім екен төзімді еткен.  
Жасырынып жатыпты жаудың оғы,  
Қоңырауды сол екен безілдеткен.

Ер екен оққа тосқан омырауын,  
Түсінсе жақсы-ау бүгін соны қауым.  
Кім алып қалар екен сол жалғыз оқ  
Ажалдың безілдетсе қоңырауын.

### *Болашақ*

Жүре берді көңілдер жылып еріп,  
Анасына еркелеп ұлы келіп,  
Базарлығын ұсынды өз қолымен :  
“Сатып алдым қалаған пұлын беріп”.

Нәсібі бар шығардай жүттан аман,  
Өзі келсе, қаша ма құттан адам?  
Он сегізге іліккен осы ұлдың  
Сауда жасап жүргенін құптамаған.

«Жүрген шығар, – деуші еді, – шатасып-ақ»,  
Ие болды ұл ананың батасына.  
Базарлығын ұлының ашып көрсе –  
Кейлек екен, құндылау матасы да.

Ана көңілін от-сезім аралапты,  
Тұла бойы шымырлап бара жатты.  
Киіп алып көйлекті айна іздеді,  
Шалы өлгелі айнаға қарамапты.

Көңіл әлі түседі тәубесіне,  
Қысылады, айнадан беу, несіне.

Мына көйлек құлпырып кетер еді,  
Таға салса “Жұлдызша” кеудесіне.

Жіберер-ау өмірді ән ғып тағы,  
Осы ойын өзі де, сан құптады.  
Тозып қалар деймісің тағып алса,  
“Жұлдызшаны” көп жатқан сандықтағы.

“Алтын жұлдыз” – көңілінің сүйеніші,  
Темір болсын, әйтекеүір сүйеді іші.  
Перштесі секілді он баланың,  
Бойтұмардай асылы, киелісі.

Осыны ойлап масайрап, тасып қалды,  
Жедел барып сандықты ашып қалды.  
Көп медальдің ішінде “Жұлдызша” жок,  
Су сепкендей көңілі жасып қалды.

Көңіл кейде кеседей кетіледі,  
Кетілсе, сосын қайтіп жетіледі.  
Ананың көңіліне құдік кіріп,  
Шақырып алды ұлын жетідегі.

Жаудырды ұлына көп сұрақтарды :  
– Айтшы, мына сандықты кім ақтарды?  
“Балалы үйдің ұрлығы жатпайды ғой”,  
Кенжесі талай-талай сыр ақтарды...

Тез жетті саудагер ұл шақыруға,  
/ Анасын уайымға батыруға /.  
Саудаменен ашылған сана, бәлкім,  
Малынып құлқын деген жатыр уға?!

Ұялған уәж айтпай тұра ма тек:  
– Әуре боп, мойында тпа құран әкеп.  
Мен алдым, – деді ұлы, – саттым сосын,  
Қанша пұл алғанымды сұрама тек.

– Саудамен адам болдым дос, пенде елеп,  
Айтушы ең “саған берем өскенде” деп.  
Ол – мына күнды көйлек үстіндегі,  
Кенжениң астындағы қос дөңгелек.

– Нарықта амал бар ма сатпас, кәні,  
Керек пе босқа жатып тат басқаны?  
... Ананың жүргегінде нөсер жауып,  
Түнеріп көңілінің жатты аспаны.

... Заман мынау арқаңа тосқан жүгін,  
Сеніміңнің сынауға бостау жібін.  
Қайран халқым, киелі асылың бар,  
Ол – сенің тілің және бостандығың.

Бостандығың бар! Соған тәубе дермін,  
Тілің үшін бітіспес дауға да ердім.  
Кетпесе екен үмітті болашағың  
Колында алыпсатар саудагердің.

## *Ауылдағы той*

*Бидайбеков Сагындық Жасұйымұлына,  
Балтабай Игенұлына*

Наз күлкі сыңғырлап та, сылқылдалап та  
Төгіліп, отырғандай сылқым бақта,  
Бүтін бір той бол жатыр ұлан-асыр,  
Қыстауы Сагындықтың Былқылдақта.

Сұлуды теңемеген тегін айға,  
Жамалдың үні қандай еді майда?  
Келтіріп көз алдыңа Жетісуды,  
Салады сызылдырып “Дедім-айға”.

Ауылдың жинағандай сал-жырауын,  
Тәнті бол өнерпазга қалды қауым.

Алтынның қолындағы домбырадан  
Күмбірлеп төгілгенде “Балбырауын”.

Көңілдер арыла алмай асқақ ойдан,  
Жұрт марқайды ән-күй мен асқа тойған.  
Бүйірған талай тойда болыш жүрміз,  
Бұл тойдың жөні бөлек басқа тойдан.

Дастарханың дәмі мен тұзын татқан,  
Ешкім жоқ тойдың сәнін бұзып жатқан.  
Құдаларға асатар құйрық-бауыр,  
Той емес бұл жасаулы қыз ұзатқан.

Қауқылдасар, қауышар топ та дайын,  
Қызық-тойда бас қосар бопты ағайын.  
Үйлену де тойы емес, лап еткізіп,  
Құйғызатын келінге отқа майын.

Ән салды жұрт, жібермей күйден де есе,  
Қызыл тілдің еркі ғой сүйрендесе :  
“Шілдехана болар ма?  
Қайдан болсын,  
Ержеткен үл әлі де үйленбесе”.

Сөз етті деп безінсек тұздегі елден,  
Жақсы туыс таппассың іздегенмен.  
Бір білерім, әйтеуір Сагындықтың  
Мерейтойы емес бұл Жұзге келген.

Айтайын жақсылықты ел-қауымға,  
“Төземін сары аязға, жел, дауылға,  
Туған жердің беделін көтерем” – деп,  
Асқары диплом алып келді ауылға.

Ал бұған қуанбассың қалай ғана,  
Ұлына мейіріммен қарайды ана.  
Қайран дала шалғынын самал тербел,  
Шырайланана түскендей, арайланана.

Ауыл құнын түсінді ел бүгінде,  
Топырағынан өнеді Елдігің де.  
Бабалар сеуіп кеткен Ерлік дәнін  
Мұңайма “қалдырам – деп, – енді кімге? ”.

Тұрса да көкіректер тауды тіреп,  
Көңіл шат, отырган жоқ дауды тілеп.  
Жайылып алақандар жақсылыққа,  
“Ер көгертер” бата мен жауды тілек.

Алғандай қалқып жырдың теңізінен,  
Аумайтын сөзі өлеңнің егізінен,  
Естідік салмақты ой сол ауылдың  
Әкімі Балтабайдың лебізінен :

– Ауылдың келді алғашқы жас маманы,  
/ Ойлама, болмады деп басқа амалы /.  
Жерім деп толғана шын, қолдағасын  
Аға буын көтерген бастаманы.

– Ауыл деген – туған жер атырабы,  
/ Адал ұлын мақтан ғып отырады /.  
Небір жайсаң дана мен дарын туған,  
Қазақтың өсіп-өнер топырағы.

– Осында ата-анаң да, баспанаң да,  
Қыз іздесен, көз тікпе басқа манға.  
Мінгіздім Салқурендей тұлпарымды,  
Ауылын аңсап келген жас маманға”.

Біреулер қысыр сөз деп жәй күліпті,  
“Сыйлар еken қай жабы, қай күлікті?”  
Солай дерін сезгендей Балтабай да  
Көлденең тарта берді сәйгүлікті.

Араби-ағылшындық будан екен,  
Жануар ерекше бол туған екен.  
Тыптырып тұр, қазір де тайынбайды,  
Оттан қарғып, десен де судан өтем.

Тұра алмай бір орында ойнақтаған,  
Бар ма деп киік қаны ойлап қалам.  
Келбеті келісті екен, сидаң сирак,  
Шашасы шаң жуытпас, оймақ табан.

Шоқтығы биік екен басқалардан,  
Осындай атқа міну – асқақ арман.  
Қолымыз жетпеген соң, әурешілік –  
Іздейміз ат суретін баспалардан.

Қиялға берілесің тағы бойлап,  
Тұлпардың шабатұғын бағын ойлап.  
Жіберсең аламанға, тұрсаң сосын  
Жүргегінді ұстап ап “а – құдайлап!”.

Ата сыйлар тұрғанда жас перілер,  
Әр жерде ат шаптырып, ас берілер.  
Ол бітсе, “біз солардан кембіз бе?” – деп,  
Тағы бір бас қайқайып, қас керілер.

Тұсінер сұлулыққа сан ғашық жан,  
Сый етер қансонарды таңға асықсан.  
Шіркін-ай, арман бар ма тұлпар мініп,  
Тазы ертіп, құс қондырып аңға шықсан.

Қарашы анау қырға, сай-салаға,  
Гүлдері жұпар шашқан айналаға.  
Өмірлік із қалдырып көнілінде,  
Саз-самал әсер етпес қай балаға?

Гүлдері сұлу қыздай көркіменен  
Арбаса, кім бармайды еркіменен.  
Сиқырлы үнге толы жасыл сайға  
Ақынды бара жатты ертіп өлең.

Билеме шақырғанда шалғын желді,  
Еске алып жастық дәурен, бал құндерді,  
Дариға-ай, аяқ асты жас маман боп,  
Менің де сол ауылда қалғым келді.

## Ауылым, айналайын ... (поэма)

*Атамекенін ардақтан, тұған ауылын аялап  
жүрген «Смагұлов шаруа қожалығының»  
төрагасы Тілеуттай Смагұловқа арнаймын.*

*“Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,  
Ел тегі алсын қайдан кемеңгерді.”*  
**I.Жансугиров**

Ауылым, алам сені жиі есіме,  
Демеп жүрген туған жер киесі ме?  
Сені ойласам, ән тұнып көмейімде,  
Көңілімде қалады күй есіле.

Өзінді сағынғанда қырға шығам,  
Алдынан қарсы алардай бір ғашық ән.  
Арман-ай, аунар едім құм шағылға,  
Үн тыңдал шенгеліңнің сырғасынан.

Балалық балғын шағым келсе еске,  
Жүгірсем жалаң аяқ ерсі емес пе?  
Даланы көзбен шолып, шалқаямын,  
Еркіннің еркіндегі «Мерседесте».

Шіркін-ай, шенгел қайда, шағыл қайда,  
Арқада ол – дефицит, табылмайды, ә?  
Тым болмаса мұнартып түу алыстан,  
Көрінбей ме көзіме сағымдай да?

Оң жақта көлбеп жатқан Тағылы ма,  
Қырдың көркі, даланың бағы мына.  
Аңқыған жупар иісі жасыл шалғын,  
Жетер ме Көкжидемнің шағылына.

Анау өзен арнасы бос та шығар,  
Күмп беруге көңілім босқа асығар.

Ақсуы Ілиястың деп қалар ем,  
Аюлы деген тағы қоспасы бар.

Тұнімен қабырғаммен кеңестім-ак,  
Ызындаиды сырымды жел естіл ап.  
Мынау қалған Қарасаз деген ауыл,  
Мұқағали өскен жер емес бірақ.

Назарыма тәбелер түспесе кей,  
Ал мынау сағынышты түсті еселей.  
Қыр асқанда алдымнан бой көтерді  
Үш тәбе – төңкерілген үш кеседей.

Ішкендей қымызға сап күшаланы,  
Шабытты шамырқанып, күш алады,  
Көргенде Алатаудың Үшқоңыры  
Секілді қасиетті Үшаланы.

Аңыз бар қалған бағы замандардан:  
Жұт болып, байдың малы тамамдалған.  
Өңкей бір ала жылқы үйірінен  
Үш саяқ үш тауды ықтап аман қалған.

Осы аймақта жусаны бүркыраған,  
Мінске мықты, сылаң түркы ұнаған,  
Баяғы үш аланың тұқымынан  
Мындаған жылқы өрген шүркыраған.

Халқы біліп осындай қасиетін,  
Қадір тұттып, қастерлеп бас иетін.  
Қуанса – етегінде той жасаған,  
Сапырып сары қымыз, асып етін.

Қарттары тауға шығып көслетін,  
Бір-біріне өкпесін кешіретін.  
Ұлт жайлы, ұрпақ жайлы мәселелер  
Басында Басаланың шешілетін.

Атаң барса, әрине сен ересің,  
Тағдыр деген сендер бір кемедесің.  
Бүгін де сол бос емес таудың басы,  
Атасы отыр аймалап немересін.

Осы жерде көкесі сынағыңың,  
Зеректігі, зейіні ұнап ұлдың,  
Бабалардың тарихын ұрпағына  
Айтады Тілеутайы Смағұлдың.

\* \* \*

Атасы сөзді созбай тете кеткен:  
«Гұлді дала аумайтын текеметтен,  
Үшбұлақтан басталған осы аймақты  
Арғы атамыз Қойшыбек мекен еткен.

Тұқымына, тартпайды тегіне кім?  
Сенде де мінезім бар тегі менің.  
Бабамыз өсіп-өніп осы өлкеде,  
Осы жерде мал баққан, егіп егін.

Тұқ өнбейді отырсан малдас құрып,  
Қайсарлықты ездікке алмастырып.  
Мен жаңалық ашқам жоқ егін салып,  
Келем ата дәстүрін жалғастырып.

Қай істе де керек қой табандылық,  
Игеруге болмай жүр соған құлық;  
Мәтпай атаң бұлағын сонау жылы  
Байлап едім толқыған тоған қылыш.

Қараши, анау жатқан Тобылғысай,  
Қамшыға сап болатын тобылғысы-ай.  
Ірысы-ай, аштық елді жайлағанда,  
Халыққа нәсіп болған со жылғысы-ай.

Не дейсің? Артынан айт сұрауыңды,  
Тобылғысайдан қоян, қырғауылды

Тұзақпен ұстап атаң Нұрмағамбет,  
Он жаста асыраған бір ауылды.

Бірде сыртын, бірде өмір бетін берді,  
Ұйқы көрмей өткізіп кей түндерді,  
Дәниім әжең сенің сүйреп жүріп,  
Жеткізді мен сияқты жетімдерді.

Ал сенің Рымқұл атаң жүрек кенін  
Аямай, көңілдерге гүл еккенін  
Кім білмес, қара сөзден бал тамызыш,  
Ең алғаш осы өлкені жыр еткенін.

Қазақпаз ғой думанды, тойды аңсаған,  
Көп оқысаң, толысар ойдан санаң.  
Нұрсұлтан деп есімін Елбасының  
Һырым ғып Темке-атаң қойған саған.

Сен туғанда жыр туды, нұр ұшты деп,  
Һырым ету, әрине дұрыс тілек.  
Теміртау – Елбасымыз шыңдалған жер,  
Мекені мықтылардың құрыш білек.

Куаныш атаң сенің – алтын адам,  
Досы деп Елбасының шалқып алам.  
Достығы екеуінің берік сонша  
Домнадан қайнап шыққан балқымадан.

Теміртауда тағы да кім тұледі  
Десен, еске түседі бір түлегі.  
Болаттай төске салған Камалтин де  
Елбасының елдегі бір тірегі.

Шіркін, білсе әр істің қолым ебін,  
Жайқалып тұрап еді-ау толып егін.  
Құлыным, айтшы енді, бағана сен  
Бір нәрсе сұрайтындей болып едін?»

– Ата, – деді немере мақтанғалы,  
Атасына еркелер шақты аңғарып.  
– Тобылғысай анау ма, қараши әне,  
Қызыл жалын, шоқтай боп, жатқан жанып.

Атасы күлді оның сөздеріне:  
– Қызыл гүл ғой көрінген көздеріңе.  
– Жоқ, ата, жалын шалқып, тұтін шықты, –  
Дегенде, қалды өңі өзгеріле.

– Қызыл гүл көз алдымда тұрады ұдай,  
Кәні, кәні... айналым, қырағым-ай.  
Өрт қой бұл, енді бәрі лап етеді,  
Бұл жердің көдесі – бал, құрағы – май».

Атып тұрып баласын жетектеді,  
Жүгірді машинаға етектегі.  
Ауылға хабар берді. Ел дүрлігіп,  
Бірі – жаяу, бірі – атпен тепектеді.

\* \* \*

... Шарпиды қызыл жалын лапылдаған,  
Бет қаратпай адамды жақындаған.  
Ел де жоқ, көбі білмей қапы қалған,  
Жел де жоқ, отты қуыш тақымдаған.

«Қайран далам, шығады жалын демін,  
Сонау жатқан аман ба қалың егін?  
Кім екен от тастаған өзегіңе,  
Сенің шебің, өртенді жаным менің.

Тастағанша төсіңе шоғын бұлай,  
Маган-ақ атпады ма оғын құдай?!

Жалыннан құтқармасам, өзім жанып  
Кеткенім артық лаулап тобылғыдай.

Жарқ етіп жай отындей көкті тілген,  
Құйылсамшы жаңбыр боп көп күтілген.

Тұған жер, сені қорғап қала алмасам,  
Кетейін бу боп ұшып көк тұтінмен».

Тілеутай кетті отпен айқасып-ақ,  
(Жігітті осындайда байқа сынап).  
Әмірдің қындығын көрсін дей ме,  
Жүрген жоқ немересін жай қасына ап.

Үмітін аталардың ол ақтамақ,  
Тұрғандай соған бүкіл алап қарап.  
Пенжагін шешіп алып, сабалап жүр,  
Тілсіз жау тістелейді балақтан ап.

Болды ма жаратушы құштің кегі,  
Осы ма көрген жайсыз тұс тұндеңі?  
Жалынның аптабына шыдай алмай,  
Лап етті жібек кейлек үстіндегі.

Көйлекті жыртып тастап жүре берді,  
Тек алға жетелейді жүрегі ерді.  
Ішінен көк тұтіннің көлбең етіп,  
Алдынан үміт-сұлу түрегелді.

Немере жараган жоқ қолғанатқа,  
Тоғызға осы еді толған апта.  
Қай кезде де қасынан табылатын,  
Адамқұл ағам жүрді сол қанатта.

Осы кезде ауылдан жетті көмек,  
Жабырқаған көңілді кетті демеп.  
Тілеутай басқарып жүр отты сөзбен,  
Берердей тектіге – күш, ептіге – леп.

«Асығындар жел тұрып, дауыл келмей,  
Құдай бізге қойды ғой жауын бермей.  
Қатар тұрып жүріндер ертке қарай,  
Жауына қарсы шыққан жауынгердей.

Анау тұстан тоганның сүйн бұрсын,  
От шарпыған алқапты жуындырысын.  
Ортке қарай өздерің от қойындар,  
Екі жалын бір-бірін буындырысын.

Сүйсе де от еріні алма бетген,  
Қатарға тұрдың екен қалма көптен».  
... Тұрардың үстіндегі комуфляж  
Шұрқ тесік, жалын тілі жалмап өткен.

Қонақ бол келген Иран сорлағандай,  
Несі бар біреу оны зорлағандай.  
Мұртын отқа үйітіп, жан салып жур,  
Қарқаралы орманын қорғағандай.

Мұрт та өсер ерекше күтімге еніп,  
Киім де шығар ертең бүтінделіп.  
Тұған жердің тағдыры не болады?!

Орт сөніп, дала жатыр түтінденіп.

Жайқалып жатушы еді бұрын далам,  
Ортіңе, дертіңе де ұрынбаған.  
Жұрт енді дем алуға беттегенде,  
«Орт» деген дауыс шықты шырылдаған.

Жүргенде бұлар жерді ұрғыласып,  
Секіріп қосаяқ-от қырды асып,  
Сайға түсіп, айналып қалың өртке,  
Жартастағы зиратқа бұрды басын.

Ел дүрлікті: «қорымы бабалардың,  
Ол жерді бізден басқа бағалар кім?  
Отқа берсек, мазақ қып достарымыз,  
Дүшпанымыз өлгенше табалар мың».

Атып тұрды жігіттер кілең сайлы,  
Дауыс шықты: – Тыңда мені, Тілеутайды.

Бәріміздің атамыз жатыр сонда,  
Ол өртенсе, бәріңе білем қайғы.

Біз жеткенше айналып Шолақсайды,  
От жарықтық секіріп, он аттайды.  
Қорымда қасиетті бабам жатыр,  
Аруағы өртінді жолатпайды».

Жігіттер осы сөзге көніп қалған,  
Барғанда ғажайыпты көріпті алдан.  
Қалың өрт қуаң шөпке тұмсық тіреп,  
Қорымға жетпей жатып сөніп қалған.

«Айналдым аруағыннан бабаларым,  
Бұрыннан қасиетінді бағаладым.  
Ұрпағыңа дауылда шамырқанған  
Шабытын бер ақ шаңқан шағаланың.

Куатын бер бар білек, бар құлаштың,  
Ақтайтындей үмітін барлық аштың.  
Қанатымен жалынға су себетін,  
Кішкентай жүрегін бер қарлығаштың.

Уа, әділдік, бар болсаң, бар шығарсың,  
Жатқан болсаң теренде аршып алсын.  
Ұлы баба, жігер бер үрпағыңа,  
Өз бақытын тағдырдан тартып алсын».

\* \* \*

Өрт елдің шырқын бұзды, әбігер ғып,  
Жігіттердің көрсетті бәрі де ерлік.  
Серікбай жаны шығып, шырылдап жүр:  
«Тәтайға көмек керек дәрігерлік».

Теңізге лақтырылған жаңқа ма адам,  
Жауына жалғыз шықса анталаған?  
Денесін күйік шалған Тілеутайдың,  
Қып-қызыл қос білегі қанталаған.

«Алдырмандар аяныш сезімге бой»,  
 Осы ғой Тілеутайдың көзіндегі ой.  
 «Дәрігер керек емес маған, Секен,  
 Адамның өз дәрісі өзінде ғой».

«Бәріміз жауға шықтық бір сап құрып, –  
 Деді де, сәл ойланып, бір шақ тұрып,  
 Шақырды немересін: – «Келші, жаным,  
 Жіберші алақанға бір «шаптырып».

Күткен бір женіс сәтін туды іletін,  
 Жұрттың да реті келді ду күлетін.  
 Дәрісі немеренің шипа болсын,  
 Тілеутай жуды қолын, жуды бетін.

Сары ұлдың кірлігінен бөлінді жас,  
 – Күнұзын ұстадың ғой төлінді аш, –  
 Деп Адамқұл демеді қолтығынан, –  
 Ўйге жүр, қымыз ішіп, шөлінді бас».

Гүлдәрі женгеміздің балдан ерек  
 Қымызын тану үшін талғам керек.  
 Балдан да тәтті десе, иланыңыз,  
 Басқа десе, онда ол – жалған дерек.

Кетпес ед мол қымыздан басқа «халық»,  
 Тілеутай бір шарасын тастап алып,  
 Жөнелді егінжайды аралауға.  
 Рухы мықты адам – Асқақ! Алып!

Алыстан асқақтайды Қызылбійк,  
 Көзге ыстық жүрген соң қызын сүйіп.  
 Тас – қызыл, тасасында тұлқі – қызыл,  
 Төсінде ойнақтаған қызыл киік.

Әз ауыл, қымбат сенің әр тасың да,  
 Тәбияң, Үшбұлағың, Жартасың да.  
 Сен енді өртенбейсің, өркендейсің,  
 Осында үлдарыңың арқасында.

## НЕВАДА ЖАРЫЛЫСЫ

поэма

Ертеректе «Невада-Семей» қозғалысына орай  
жазылған еді.

Жапонияда болған оқиға соны еске салды.  
«... Бұл – XXI ғасырдағы Жердің айналу осінен ең  
ірі ауытқуы». (БАҚ мәліметтерінен, 17 наурыз 2011 жыл)

Дұрсілде, Жер жүрегі, дұрсілдегін,  
Тек қана естілмесін күрсінгенің.  
Лұпілің мың құбылып соңғы кездे,  
Әйтеуір, мазамды алып жүрсің менің.

Жұмыр жер, кеңістікте шыр айналып,  
Дөңгеле Күн нұрымен шырайланып.  
Жатпасын бұлт басып аспаныңды,  
Ақпасын мұхиттарың ылайланып.

Жүрсінші аспаныңда жыр қалықтап,  
Тұыс бол бар тұрғының бір халықтай.  
Тыныста таза ауамен кеуде керіп,  
Жүрегің соғып тұрсын бір қалыпта.

Тоқтатсын ұлдарың бет жыртысады,  
Атысу, шабысады, қырқысады,  
Бомба мен снарядтар тілгілемей,  
Соқалар сөгіп жатсын қыртысыңды.

Төсінен құліп ақсын бала қайнар,  
Бұлақтар – көлге, дала – қалага айнал.  
Тесспесін ракеталар күмбезінді,  
Жайқалып көк тіресін қарағайлар.

Осылай тілеп жатам ұйыктарда,  
Адамдық ізгі тілек сыйыпты арға.  
Адаммен, тіршілікпен тағдырлассың,  
Сол жатыр ауыр жүк бол иықтарда.

Байлық пен мансап езді жолдан бұрған,  
Ерлерің өзің үшін болған құрбан.  
Бүгінің мазаласа адамзатты,  
Ертеңің одан бетер толғандырган.

Сол менің алып жүрген тынышымды,  
Өзінді, қорғайын деп ұлсысымды.  
Тыңдауға тырысамын жүрегінді,  
Естуге әр демінді, тынысынды.

Белінді қайыстырып ерен жүкке,  
Бойлыққа, бөліп тастап сені ендікке,  
Дүрслін жүрегінің тыңдал жатыр,  
Сейсмометр жетіқат тереңдікте.

Жұмыр Жер, мен өзіңің түлегінің  
Қорғаны тілегінің – тірегінін.  
Қыл қалам ақ қағазға түсіреді,  
Кардиограммасын жүрегінің.

Төбеңнең шуақ төнсе алтын арай,  
Мұхитың тұнық жатса малтыған ай.  
Сызады тұзу сыйық қыл қаламмен,  
Қолдары тыныштықтың қалтырамай.

Тұзуді оңай да емес сызу тіпті,  
Керілген суретіндей ұзын жіптің.  
Мен сені ұнатамын, тұзу сыйық –  
Дәлдіктің белгісіндей тұзуліктің.

Өзіңе үлкен үміт артамын да,  
Үзіліп кетпесін деп тартамын жай.  
Жүре бер шұбатылып сайларменен,  
Сүйреткен телқоңырдың арқанындей.

Жіңішке тұзу сыйық, бүгін де бір  
Әлемнің көтересің жүтін небір.

Зырылдап айнала бер планетаны,  
Анамның ұршығының жібіндей бір.

Жұмыр Жер, құлақ түрем, жиі елендеп,  
Қыл қалам ойда жоқта сүйрелендеп,  
Бір толқын солқ еткізіп жүргегінді,  
Кетпесін тұзу сыйық ирелендеп.

Есерлер оны істейтін табылады,  
Әулекі елеске олар табынады.  
Мекенін сыйламаған оңған емес,  
Сенемін, сындырады сағын әлі.

Өзінді бөлейтіндей шарапатқа,  
Қадірлеп, қасиеттеп, марапаттап,  
Біріміз – аяласақ алақанда,  
Біріміз – жаттық сені жарақаттап.

Еркің бар басқа тұрғын іздесен де,  
Тек бізден күдерінді үзбе сен де.  
Табылар саған тұрғын аман болсан,  
Табылмас планета бізге сендей.

\*\*\*

Екі күн жатты сирыйн бүгіп терен,  
Екі күн өтеді бос үмітпенен.  
Үміттің бір керемет қасиеті –  
Береді торыққанда жігітке дем.

Екі күн – кептердің қос қанатындей,  
От тисе, екеуі де жанатындей.  
Лас-Вегас шарпылардай сол бір отқа,  
Екі күн дүрлігеді дала тынбай.

Екі күн – жердің екі жартысындей,  
Екі ұғым бітіспейтін шарт ұсынбай.  
Дүние жаралғалы келе жатқан  
Ізгілік пен озырлық тартысындей.

Екі күн – сұрақ және леп белгісі,  
 Келмейтін бір сөйлеммен шектелгісі.  
 Қарулы екі білек тоқтататын  
 Озбырды шығып кеткен шектен ісі.

70 миль Лас-Вегастан алаң жатты,  
 Сол алаң жердің жүзін алаңдатты.  
 “Сыналмақ ядролық жаңа қару” –  
 От тілін сұық хабар жалаңдатты.

Ұқсайтын жүректегі алауларға,  
 Қошелер толып кетті жалауларға.  
 Екі күн таусылмады халық легі,  
 Түссе де қамаулар мен талауларға.

Еркін ой қоймаған соң мазалауды,  
 Қүшетті полиция жазалауды.  
 Екі күн шағын штат Невадаға,  
 Ойы ізгі адамзаттың назары ауды.

Екі күн мазасы жоқ Лас-Вегастың,  
 Ұрандар жаңғыртады аспан астын.  
 Жүрген ой бар халықтың көкейінде,  
 Аузымнан мен де оны тастамаспын.

“Қару боп, өлім ғана төкті атомдар,  
 Сынауды, жарылысты тоқтатындар!  
 Советтік мораторий – бейбіт ұран,  
 Бір есті Пентагонда жоқ па тыңдар?

Тоқтаңдар, жердің жүзін дүрліктірмей,  
 Тірлік жоқ арамызға бірлік кірмей.  
 Болмайды қара ниет алауыздың,  
 Тізесін ар алдында бір бұктірмей.

Пәк болсын адамдардың ожданары,  
 Сақталсын табиғаттың өз заңдары.

Қиқулап құстар қонсын айдындарға,  
Қонбасын радиация тозаңдары.

Теңдікке жетсін қолын созғандары,  
Сақталсын әділеттің өз зандары.  
Бақ қонсын сәбілердің бастарына,  
Қонбасын радиация тозаңдары.

Демендер бұл ұғымның тозған бәрі,  
Сақталсын Галактика өз зандары.  
Сәулесі қонсын күннің жапыраққа,  
Қонбасын радиация тозаңдары.

Екі күн халық—мұхит толқып жатты,  
Ұрандар жердің төсін солқылдатты.  
Бірікті Невада, Юта, Аризона,  
Тірлікте бірлік болса – сол қымбатты.

Екі күн адамзаттың арындағы,  
Күдік бол тұрып алды, арылмады.  
Жарылыс бірінші күн доғарылып,  
Ертеңінде тағы да жарылмады.

Халықтың жүрегінде үміт тұрды,  
Сол үміт азабын да ұмыттырды.  
Адамзат көңіліндегі дауылдындай,  
Екі күн соққан жел де тынып тұрды.

Бір адам табылды ма қабілетті,  
Түсінер ел талабын әділетті?  
Пентагон, “жарылысты тоқтат!” деген,  
Мүмкін сол тілектерді қабыл етті.

Көктемдей күткен тосып, сарыла бақ,  
Мұз болған көңілдерге ар ұялап.  
Тоқтатып жарылысты, ертең бәлкім  
Жіберер мораторий жариялад.

Сол болар еді үлкен желіс сөзге,  
 Дәл қазір елемейді ел істі өзге.  
 Содан соң айқасып дос құшақтары,  
 Екі ел барап еді келіссөзге.

Бір үміт көңілдерде көлеңдеді,  
 Секілді асқақ сезім өлеңдегі.  
 Бір күдік кеуделерде тайдай тулап,  
 Белгісіз ертеңіне елеңдеді.

Берердей қысылғанда жігітке дем,  
 Осындау үлкен арман, үмітпенен,  
 Қаратып жердің жүзін Невадаға,  
 Екі күн өтті сырын бүгіп терең.

\*\*\*

Дүрсілде, Жер жүрегі, дүрсілдегін,  
 Тағы да естілді ғой күрсінгенің.  
 Лұпілің мың құбылып соңғы кезде,  
 Қалыпты бүгін тіпті құр сүлдерін.

Отырмын басым зеніп, ми айналып,  
 Өзінді қыындыққа қимай налып.  
 Сейсмометр сыйған тұзу сзық,  
 Кетіпті ирлеңдеп, шимайланып.

Білемін мазалаған таң алды кім,  
 Өзіңнің керек маған амандығың.  
 Әйткенмен, соғуың да жиілепті,  
 Кардиограммаң да жаман бүгін.

Тұншығып Невадада дала шаңға,  
 Жатқанда ала көбе, ала таңда,  
 Үрғызбай толқындарға мықты болсам,  
 Алар ем мен өзінді алақанға.

Оянбай бұлбұлдардың сұнқылымен,  
 Шошындың жарылыстың дүмпуінен.

Дүние қарғыс айтып жалғыз тілде,  
Тіршілік түсіністі мұң тілімен.

Қауіптің құтқармаса тырнағынан,  
Екі күн айтылған ғой құрғақ ұран.  
Соқты да солқ еткізіп күшті толқын,  
Лұпілің жаңылысты ырғағынан.

Ақыл мен ессіздіктің егесінде,  
Ақ үйде кездескен ғой бөгесінге,  
Тілегі жеті бірдей сенатордың  
Отырған Капитолий төбесінде.

Озбырлық Пентагонда тұледі де,  
Алмақта абыройды білегімен,  
Жарылыс кнопкасын басып қалды,  
Санаспай адамзаттың тілегімен.

Жарылды сенім біткен жүректегі,  
Достықтың жолына бір гүл еккелі  
Ұмтылған Америка ұлдарының,  
Ізгі ой, асыл арман, тілектері.

Әлемде бір өзіне жоқ теңдесі,  
Ашылды озбырлықтың бет пердесі.  
Белгілі осыменен бітпейтіні,  
Белгілі мұныменен шектелмесі.

Осы бір жарылыстың болашағы  
Космостық қаруларға жол ашады.  
Пентагон – қару-жарап өндірісі,  
Қауіптің ядролық сол ошағы.

Жұмыр Жер, кеңістікте шыр айналып,  
Дөңгеле күн нұрымен шырайланып.  
Жатпасын бұлт басып аспаныңды,  
Ақпасын мұхиттарың ылайланып.

Білемін жағдайынды хал сұрамай,  
Тебеңнен қайта төнді алтын арай.  
Қайтадан сзызып жатыр түзу сзызық,  
Қолдары тыныштықтың қалтырамай.

Басылды жарылыстың толқындары,  
Лұпілі жүргегінің – сол тыңдарым.  
Білемін бірақ әлі басылмаған  
Халықтың көңілінде толқын барын.

Мән беріп дайындықтың барысына,  
Түсердей қарулану жарысына,  
Пентагон жанталаса сынап жатыр,  
Шығармақ ракетаны ғарышыңа.

Достыққа үлдарынды шақыр мына,  
Еске сал бірлік жайлы нақылды да.  
Сана мен мейірім бер есеріңе,  
Төзім бер!  
Тек төзім бер ақылдыңа.

Нан пісіп, көтерілсе небір кеуде,  
Бермеймін мен өзінді жәбірлеуге.  
Ұясы тіршіліктің өзің ғана,  
Сондықтан міндеттіміз қадірлеуге.

Әрқашан болсын осы сөз есінде,  
Сезесің, сезгеннен соң төзесің де.  
Жұмыр Жер, қасиеттім, шығып кетпей,  
Әйтеуір айнала бер өз осінде!

## Ұлы сөз

поэма

Саған айтам, бұгінгі ұрпақ, ал тыңда,  
 Жайбарақат болу жоқ қой салтыңда.  
 Ерлігі мен қасіреті халықтың  
 Еңген сайын қойнауына тарихтың,  
 Бергісіз боп бара жатыр алтынға,  
 Саған айтам, зиялды жас, ал тыңда.  
 Ел есінде сонау соғыс жылдары,  
 Оқсыз майдан еді өмір тылдағы.  
 Аңдыған жау болмаса да ататың,  
 Оқ тимей ел жараланып жататың.  
 Жаралайтың қара қағаз – жетімдік,  
 Снарядтың жарықшагы секілді.  
 Бомба бұзған қаладайын қаңырап,  
 Ортасына түсетін кей шаңырақ.  
 Есендіреп қалатынбыз сол күні,  
 Соққандай-ақ жарылыштың толқыны.  
 Ел жұмылып орындауға кірісті,  
 Отан қорғау деген ғана бір істі.  
 Оту үшін абыраймен бұл сыннан,  
 Жеңіс үшін, арманы үшін құлшынған,  
 Бір бойжеткен тұрады көз алдымда,  
 Сүйсінемін әлгі қайсаρ балғынға.  
 Үмытпаспын өр бейнесін мәңгі мен,  
 Сол жайында болмақ осы әңгімем.

### 1

Кейіпкерім тұр алдында айнаның,  
 Атына сай сұлулығы – Айғаным.  
 Olsen айнаға қарағанда нұрланып,  
 Мен сыртынан бақылаймын ұрланып.  
 Көрмегеннен болар өнім, түсімде,  
 Кызығамын мынау сұлу мүсінге.  
 Жүректерге салатұғын жарақат,  
 Екі көзі – мөлдіреген қарақат.  
 Ал қастары айнымайды сызықтан,

Жігіт түгіл, келіншектер қызыққан.  
 Күй мен әнге қоссам-дағы жыр түгіл,  
 Дәл сипаттап бере алмасын кірпігін.  
 Арқасында қатар ақкан қос бұрым,  
 Жырлағандай Сыр мен Әму достығын.  
 Бұрымдарын бір тарқатып, бір өрген  
 Саусақтармен саусақ болып жүрер ме ем.  
 Бағындырып тастаса да төзімге,  
 Құштарлық та бар секілді көзінде.  
 Жана пісіп албыраған жүзімдей  
 Көлеңке де бар секілді жүзінде.  
 Көлеңке емес, міні болсын айнаның,  
 Көлеңкесіз болса деп ем Айғаным.  
 Бірақ мына еріндердің кезерген  
 Махаббатқа шелдегенін сезем мен.  
 Қабақ түскен, тұңжыраған, мұңайған,  
 Жадырап-ақ кетер еді тың ойдан.  
 Куанышты хабар болса, көздері  
 Үшқын атып, салар еді өзгеріп.  
 Куантуға жетсе, шіркін, батылым,  
 Құлкі-бұлақ шығар еді атылып.  
 Сол күлкіден балғын дene нұр алып,  
 Билер еді қыпша белі бұралып.  
 Жаңалықтың болмауын-ай, қырсығын ...  
 Айтпақшы, мен білем оның бір сырын.  
 Жылдар бойы жылжып жүріп, сырғанап,  
 Бүгін оған келіп қапты бір қонақ.  
 Бүгін оның туган күні сенсөніз,  
 Келген қонақ басқа емес, он сегіз.  
 Әттеген-ай, тұрмын тағы уайым ғып,  
 Көрінбейді тойға деген дайындық.  
 Жүрегім бар жүрегіндей ғашықтың,  
 Айғанымды қуантуға асықпын.  
 Біреу келсе қазір, шіркін, гүл алып,  
 Жүзі жайнап, қалар еді қуанып.  
 Қарасаңыз қабағына, көзіне,  
 Туган күнін ұмытқандай өзі де.  
 Тым болмаса көтеріліп еңсеміз,

Өмірінде бір келетін он сегіз  
Тойланбады, тіледім тек мен іштен,  
Осы соғыс бітсе екен деп Жеңіспен.

## 2

Әке-шеше мезгілінен ерте өліп,  
Соларменен кеткен бірге еркелік.  
Жанын берер Айғанымның жолында  
Тұратын ол ағасының қолында.  
Ал ағасы істейтін бір шахтада,  
(Әлі күнге тұр дейді оны вахтада.)  
Біреуі еді құрыш білек кеншінің,  
Мінезінің көрген емен кемшінін.  
Ел айтады күйші еді деп майталман,  
Күй шерткенін естігем жоқ, айта алман.  
Әйтеуір, бір домбыраның үйінде  
Көргенім бар тұрғанын өз күйінде.  
Ағасына сай болатын жеңгесі,  
Жұбайлардың жоқ болатын теңдесі.  
Ерген емес әлдеқалай жел сөзге,  
Көрген емес бір-біріне «сен» десіп.  
Екеуінің тіршілігі жыр еді,  
Бірі от жақса, ағаш жарды біреуі.  
Шелек алып, сиыр сауса жеңгеміз,  
Ағамыз сол бұзау ұстап жүреді.  
Адалдыққа берік жандар, мықты ары,  
Жазылмастай өмір бойы жұптары,  
Дүйім елді соңдарынан қаратып,  
Дүкенге де қолтықтасып баратын.  
Қызығып-ақ қарайтынбыз бәріміз,  
«Осылардай болса фой, – деп, – жарымыз».  
Екеуінің ортасында Ай-Күні,  
Болып еді бал бебегі – Айгүлі.  
Махаббаттың осы гүлін аймалап,  
Кеңейетін көңілдердің айдыны,  
Биіктейтін армандардың аспаны,  
Керек етпей сол бақыттан басқаны.  
Сондай тату семьяда тұратын

Төрт адамның арманы мен мұратын  
 Тіліп кетті бір-ақ күнде жай түсіп,  
 Жұлып кетті қара дауыл сұрапыл.  
 Бір-бірінен ажырамай екі елі,  
 Жұбын жазбай жүруші еді екеуі.  
 Бірі кетті майданына қоштасып,  
 Бірі қалды уайыммен достасып.  
 Тағдыр бізді айырмасын дейтүғын,  
 Екі айрылып қала берді қос ғашық.  
 Ендігі өмір қыынады, өзгерді,  
 Қындық тек ұнатады төзгенді.  
 Айғаным мен Айгүл жайын толғана  
 Жалғыз өзі ойлайтүғын болды ана.  
 Жауды жену, қорғап калу Отанды,  
 Ел алдында жалғыз мақсат сол ғана.  
 Жалғыз ұран естіледі қайдан да,  
 «Барлығы да майдан үшін, майданға!»  
 Таң алдында, түскілікте, кештерде  
 Майданға деп шыңылдайтын төстер де.  
 Станоктар ырғағынан бір шықпай,  
 Майданға деп зырылдайтын ұршықтай.  
 Заводтардың, ерекшелеу бітімі,  
 Майданға деп будактайтын тұтіні.  
 Жинап алып ел намысын, кегін де,  
 Майданға деп тербелетін егін де.  
 Майданға деп сермелетін қайлаң да,  
 «Барлығы да майдан үшін, майданға!»  
 Майдан үшін жеңгесі мен Айғаным  
 Шахтаға кеп көрді еңбектің майданын.  
 Құлкі естіліп, қуанышты үн шығып  
 Жататын үй қалғандай-ақ тұншығып,  
 Осы үйдің адамы да, мұлкі де  
 Өкпелеген сиякты еді күлкіге.  
 Жағалады сонда құлкі Айгүлді,  
 Білмейтүғын қасіретінді, қайғынды.  
 Сәл жымиса, ерінінде бал тұнып,  
 Біреуді ол да іздеуші еді талпынып.  
 Бұл үйдегі үш адамның жүрегі

Әлденені ылғи күтіл жүреді.  
 Бірі күтті, білгендіктен бағасын,  
 Бір атадан жалғыз қалған агасын.  
 Төрде тұрған суретіне табынып,  
 Бірі күтті сүйгөң жарын сағынып.  
 Сәби күтті, жатпаса да түсініп,  
 Иығына көтеретін кісіні.  
 Шанағынан шалқитындаі күй есіп,  
 Домбыра да күтті өзінің иесін.  
 Күтуменен күндер өтті, бітпеді,  
 Женіс еді барлығының күткені.

## 3

Тосып едім ашайын деп есікті,  
 Айғанымым жұмысынан кешікті.  
 Тұн ортасы болып қалған кез еді,  
 Көңілім бір жайсыздықты сезеді.  
 Жеңгесінен маза кетті күрсініп,  
 Сезіп тұрмын жүргегінің дұрсілін.  
 Терезеден көз сап еді сығалай,  
 Мұнды жүзбен қарап тұрды бұған Ай.  
 Ай секілді қалды сонда бозарып,  
 Көңілі – сынық, жүргегі – әлсіз, өзі – арық.  
 Аяп кеттім үрейленген жеңгені,  
 Үрей деген толқытады ең кемі.  
 Тосайынши Айғанымды ауладан,  
 Айлы тұнде күміс бақтан аумаған.  
 Жұтайынши тұннің салқын ауасын,  
 Жүргіме болар ма екен дауасы.  
 Осыны ойлап шыққанымда мен іштен,  
 Күтпеп едім кездесем деп ренішпен.  
 Тұнгі аспан. Тұр төбеден ай қарап,  
 Ауладағы жас талдарды аймалап.  
 Күміс сәуле жапырақтар үстінен  
 Жел үп етсе төгілердей тайғанап.  
 Тұрып қалдым аттай беріп алға бір,  
 Бір көлеңке сүйеніп тұр талға бір.  
 Көлеңкесіз айтсам егер анығын,

Айғанымды көлеңкеден таныдым.  
 Тұрды жүзі Ай нұрымен албырап,  
 Куанышты байқамадым, ал бірақ,  
 Көріп қалдым кірпігінен тамшыны,  
 Жалғыз тамшы жанымды езіп, жаншыды.  
 Тұнжыраған тұнық қара көзінен  
 Ойдың ауыр салмағын да сезінem.  
 Ой деген де болады ғой әрқиыл,  
 Кейбіреуі жалын болып шарпиы.  
 Енді бірі жабырқатса мұңдайтып,  
 Келесісі сергітеді тыңдайтып.  
 Ауыр ойда құшактайды жас талды,  
 Осы жерде махаббаты басталды.  
 Осы жерде сүйіктісі Ертіспен  
 Айлы тұнде талай сырды шертіскен.  
 Сымбатты жас жігіт еді еңсели,  
 Шахтаға кеп, қопаруға кен селін,  
 Орналасқан институтты бітіріп,  
 Іздемей-ак орындығын кеңсенің.  
 Тұысқан жоқ жетім өскен жігіттің  
 Алдында тек оты жанып үміттің,  
 Өмір тұрды қызығы да мол әрі,  
 Анық еді бір думанның болары,  
 Қос тілектің бір арнаға құяры,  
 Қос жүрекке бір махаббат сияры.  
 Жанбақ еді бақ жұлдызы мандайда,  
 Қанбақ еді ләззатына таңдай да,  
 Жеңбек еді жалғыздықты екеулеп,  
 Не боп кетті көңілдерді кек кеулеп?  
 Өмір алға бар бақытын жайғанда,  
 Қөппен бірге кетті ол да майданға.  
 Екеуіне қонған бақыт шектеліп,  
 Алақанға жауған қардай кетті еріп.  
 Сүйеніш боп балғын талдың бұтағы,  
 Сағыныштың уын енді жұтады.  
 Ойлап еді сүйіктісін елжіреп,  
 Кірпігіне тамшы қонды мөлдіреп.  
 Ойлап еді ыстық құшак, от демін,

Сезді бойын жалын шарпып өткенін.  
 Әлсіреген жүргегіне секілді ем,  
 Сипағанын мандайынан, кекілден  
 Аңсап еді, самал келіп сипады,  
 Көңілінде толқыш кетті күй тағы.  
 Тамсап еді таңдайында, тілінде  
 Бал мен удың дәмі аралас білінді.  
 Жаным деген жылы сөзді тамсады,  
 Жарым деген ұлы сөзді аңсады.  
 Жақсылыққа құштар еді қашпа адам,  
 Қандай жақсы армандаған, аңсаған.  
 Құнің қандай керек болса ғаламға,  
 Білім қандай керек болса наданға,  
 Самғау қандай керек болса қыранға,  
 Аңсау сондай керек екен адамға.  
 Мен қасына жетіп барып үш аттап,  
 Айғанымды сүйгім келді құшақтап.  
 Тылда еңбек ете жүріп жан салып,  
 Женісті біз дәл осылай аңсадық.

## 4

Күн артынан кетіп жатты күн еріп,  
 Соғыс бұлты кетпей қойды түнеріп.  
 Ұйымшылдық, махаббат пен жарасым  
 Жалғастырды майдан мен тыл арасын.  
 Жалғастырды білек қосып, бірігіп,  
 Галқандаймыз жауды деген бір үміт.  
 Жалғастырды туған жерге ғашық ән,  
 Эшалондар қару-жарап тасыған.  
 Отқа жанбай майдан шебін аттады,  
 Туған елдің сағынышты хаттары.  
 Бірақ, бірақ ... көп хаттарға сондағы  
 Үш бұрышты жауаптары болмады.  
 Сол жауапты күткендерге сағынып,  
 Қара қағаз келіп жатты ағылып.  
 Сап-сау кеткен небір жайсан, ер, алып  
 Жатты тылға мүгедек бол оралып.  
 Снарядтар майдан күткен зарығып,

Тылда туып, жатты онда жарылып.  
 Жатты осылай майдан мен тыл жалғасып,  
 Қайғысы мен қуанышы алмасып.  
 «Атылған оқ кері қайтып келмейді» –  
 Деген сөзге көніл енді сенбейді.  
 Қалай сенем, ұмытылар қалай мұн,  
 Келді оқтар денесінде талайдың.  
 Жасады ғой тағдыр сонда өгейлік,  
 Ән айтудан жоқтау айту көбейді.  
 Тарылғандай биік аспан, әлем кен,  
 Көңіл айту жиіледі сәлемнен.  
 Өксік үндер көкіректен қиналып  
 Шығып жатты, көнілдерден күй налып.  
 Тойға емес, кемпір-шалдар баратын  
 Ер қазасын естіртуге жиналып.  
 Тағдырына такпады ел аз айып,  
 Жарқын қундер кеткені үшін азайып.  
 Ана жүрді уайыммен тарығып,  
 Бала жүрді жылы сөзге зарығып.  
 Құлқі жатты жүректерде бомба боп,  
 Сәл жымисаң кететіндей жарылып.  
 Бір жымыып қарай алмай батты Құн,  
 Ел жоқтады құлқісі мен шаттығын.  
 Бел жоқтады құрыш білек боздағын,  
 Жел жоқтады көнілдерде қозғап үн.  
 Бірі жоқтап, жоқтамауын өзгенің  
 Бірінші рет сонда менің сезгенім.  
 Құн артынан жоқтатқызыбай құн ерген,  
 Жоқтамады аспан бұлтын түнерген.  
 Шахталар да жоқтамады дүбірді,  
 Эшалондар тоқтамады, жүгірді.  
 Қырда егін саусактарын жаяды,  
 Жоқтамады салқын лепті саялы.  
 Үзім нанды жоқтаса да жетімдер,  
 Жоқтамады алақанды аялы.  
 Жоғалғанды жоқтайды ғой тегінде,  
 Жоқтамады ел жауға деген кегін де.  
 Жоқтамады кайсарлығын, ерлігін,

Жоқтамады туысқандық, елдігін.  
Жоғалтса да күн сайын бір арысын,  
Жоғалтпады ары менен намысын.

## 5

Есіме алсам, естілердей күй налып,  
Айтуға аузым бармай, тұрмын қиналыш.  
Дәл сол күні Айғанымның үйіне  
Бара жатты кемпір-шалдар жиналып.  
Сездім содан болғанын бір қырсықтың,  
Сездім содан солғанын бір бүршіктің.  
Қолайсыздау жайды көріп шошынып,  
Жұздерінен қайғы көріп түршіктім.  
Дәл сол күні жұмысында Айғаным,  
Білмен еді бастан бағы тайғанын.  
Сезбеп еді күлкі қашып өңінен,  
Бір қайғының оған құшақ жайғанын.  
Дәл сол күні бригадир кеп қасына,  
Айғанымды сипады да шашынан,  
Деді: – «Әбден шаршадың-ау, қарағым,  
Үйіңе қайт, қындыққа жасыма».  
Сонда Айғаным қалды қатып мұсіндей,  
Сары шалдың айтқанына түсінбей.  
Ал сары щал – сары уайым секілді,  
Ештеңін аңғармаған кісіндей  
Кетті айналып, жүргендей-ақ асығып,  
Жанарында жатқан мұңды жасырып.  
Сөзге шебер болса-дағы майталман,  
Айта алмады, сірә, мен де айта алман.

## 6

Тағы көрдім Айғанымды ауладан,  
Айлы тұнде күміс бақтан аумаған.  
Бұтағына ауладағы жас талдың  
Айғанымның көздерінен жас тамды.  
Тұргандай ол мұңын шағып досына,  
Жапырақтар сыйбырлайды қосыла.  
Мына талдың тілін білсем мен егер,  
Дәл осылай айтқанына сене бер:

«Менен басқа кім аясын,  
Аяған соң кеңесем.  
Неге сонша мұңаясың,  
Қайғылысың неге сен?

Қайғы деген қажытады,  
Төзу керек ондайда.  
Келер көңіл жазы тағы,  
Бір сергісөн болмай ма?»

«Көздерімнен жас парлауын  
Кім тияды жыласам.  
Әкең өліп, асқар тауың  
Қайтер едің құласа?».

«Күздің желі жұт актарып,  
Жапырағымнан айрылып,  
Курап, солып бұтақтарым,  
Қалар едім қайғырып.

Тек лебімен көктеменің  
Құлпырғанда қайта маң,  
Мен де сонда көктөр едім,  
Бүршік жарып қайтадан».

«Айтшы, досым, қайтер едің,  
Ауыр қайғы бұл аса:  
Анаң өліп, бәйтерегің  
Саялаған құласа?»

«Бұтағымды қайыстырып,  
Бораған қар үйіліп,  
Долы дауыл майыстырып,  
Қалар едім иіліп.

Тек көктемгі Күн нұрымен,  
Самалымен теңселіп,  
Тіршіліктің күмбірімен  
Көтерер ем еңсені».

«Бір қайғым бар, жүрегім мен  
Жаным қатты ауырған.  
Қайтер едің, тірегіңнен –  
Айырылсаң бауырдан?»

«Бұр жаарда көктем келіп,  
Кенет көңілім тұнжырап.  
Құралайдың өктем желі  
Бұтағымды сындырап.

Нағыз ауыр жұт еді ол,  
Қалам сонда торығып.  
Жара болып бітеді сол  
Сынған бұтақ орыны».

«Айтқаным жоқ жай бұларды,  
Түсін мені, сырласым.  
Осы ауыр қайғылардың  
Бәрін көрді бір басым.

Жалғыз аға қайғысынан  
Кең дүние тарылды-ай.  
Жас жүрегім, байғұсым-ай,  
Әзер қалды жарылмай».

«Енді ұқтым сезінді де,  
Жанындағы жараны.  
Осы жара өзінді де  
Мерт етпесе жарады.

Жүректегі қайғы мына  
Ұқсайды еken теңізге.  
Сол теңіздің айдынына  
Батпайтұғын ем ізде».

«Жас жанымның жасыл бағы –  
Жалғыз ем бар, сол еммен  
Бар қайғыны басымдағы  
Көтеріп-ақ келем мен.

Көңіл шері тарқады ма,  
Өзіңмен сыр шертісіп.  
Омірімнің арқауы да,  
Бәрі де енді – Ертісім.

Жүрсем-дағы сағынып мен,  
Сынын көріп уақыттың,  
Соны құтем ақ үмітпен,  
Содан табам бақытты»,

Бұл сөздерді естігем жоқ, дегенмен  
Сезіп тұрдым жүрекіммен, денеммен.  
Әлгі талдың тілі болса егерде,  
Жаңағыдай айтарына сенем мен.  
Тұрды Айғаным балғын талға сүйеніп,  
Көздің жасы берер емес иелік.  
Соған дәтім шыдамады қарауға,  
Көшейікші келесі бір тарауға.

## 7

Қара қағаз, женге зары, қайғылы үн,  
Шайқап кетті көңілінің айдынын.  
Сарқып кетті тамшыларын көзінің,  
Байқап кетті Айғанымның төзімін.  
Сөнді осылай талай арман, сөнді үміт,  
Қайғыға да кетеді адам көндігіп.  
Бас аманда дуниенің кеңдігі  
Білінбейді, тұрмыстың да кемдігі.  
Айғанымның болашағын аңсаған  
Ертіс еді бар үміті ендігі.  
Сол үміті үзіле ме жіп құрлы,  
Соны ойласа төбе шашы тік тұрды.  
Жастық өтіп кетпес пе еken ырғалып,  
Жүзіндегі алаулаған нұрды алып.  
Тосуменен бұлдыраған үмітін  
Жүрмес пе еken бар қызықтан құр қалып.  
Тосса ма еken таза сақтап жүрегін,  
Косса ма еken басқа адаммен тілегін?

Көңілінде дүбірлі күй, асқақ ән,  
 Айғанымның қай жері кем басқадан.  
 Думандастып ақ көйлекпен ақ залда,  
 Болар еді біреуге ол да абзal жар.  
 Алар еді содан кейін ана атын,  
 Жазар еді балғын талдай қанатын.  
 Соны ойласа ет-жүргі елжіреп,  
 Екі көзі жұлдыз болып жанатын.  
 Келін болып силар еді атасын,  
 Үлкендердің алар еді батасын.  
 Қанша қатал болса-дағы ененің  
 Көңілінен шығарына сенемін.  
 Табиғаттан сұрайтұғын бар сыйы  
 Болып еді бала сую, жар сую.  
 Сол арманы бұлдырады сағымдай,  
 Мол арбады, сылдырады ағындай.  
 Маңдайына біткен жалғыз бағындай,  
 Сүйіктісін жүре алмады сағынбай.  
 Жаным деген жылы сөзді тамсады,  
 Жарым деген ұлы сөзді аңсады.  
 Арманына құлшынып-ақ беттеді,  
 Бірақ соған мезгілінде жетпеді.  
 Осындағы еркектердің бірінің  
 Етегінен ұстап неге кетпеді?  
 Сол жігітке бағын байлад қойғандай,  
 Жүре берді болашағын ойланбай.  
 Көз салғандар кем болды ма теңесе,  
 Сөз салғандар аз болды ма немесе?  
 Мұны ойласа қысылады қос өкпе,  
 Пәк сезімін айырбастап есепке,  
 Жата алмады жаны сүймес төсекке.  
 Ар алдында бола алмады опасыз,  
 Ел алдында қала алмады өсекке.  
 Әперменеген жаман деген атақ-ат,  
 Көңіліне шуақ құйған шапағат,  
 Адамшылық арды биік ұстаган  
 Сен екенсің, айналайын махабbat,  
 Сен екенсің, айналайын махабbat!

## 8

Соғыс, соғыс ... өткен шақ қой ол енді,  
 Далам бүгін гүлзар баққа бөленді.  
 Жеңіс, Жеңіс! Бақ силады қоғамға,  
 Қырық жылдан асты міне оған да.  
 Содан бері талай өмір жаңарған,  
 Тілегіне жеткен ізгі сан арман.  
 Бір кездерде қалған сынып, жұтап тал,  
 Бүршік жарып, жайқалады бұтақтар.  
 Айғаным да әже болған, қартайған,  
 Алаулаған жүзінен нұр, әр тайған.  
 Тек махаббат оты өшпепті, маздапты,  
 Бірақ оған жар болуды жазбапты.  
 Бұл тағдырға қандай кінә тағарсыз,  
 Жеңге өлген, Ертіс кеткен хабарсыз.  
 Табиғаттан сұрайтұғын бар сыйы  
 Болып еді бала сүю, жар сүю.  
 Асыл арман жая алмаған қанатын,  
 Айгүл ғана әперіпті ана атын.  
 Көңілі жас, үңіліп бір көр, түсін,  
 Баяғыдай күтеді әлі Ертісін.  
 Жаным деген жылы сөзді тамсайды,  
 Жарым деген ұлы сөзді аңсайды.  
 Бұл сөздерде кереметтей астар бар,  
 Бірақ соны түсінбейтін жастар бар.  
 Үйленген соң, бәрінен де шатағы,  
 Көп кешікпей ажырасып жатады.  
 Жаным дейді жылылығы сезілмей,  
 Жарым дейді ұлылығын сезінбей.  
 Саған айтам, інім, сөздің ашығын,  
 Мұңаймасын сүйген жарың, ғашығын.  
 Азаматсың алшы түрған асықтай,  
 Жеңіл ойды айналдырма машыққа.  
 Асықсан да қызығына өмірдің,  
 Бақытыңнан айрылуға асықпа.  
 Көңіл қажып, жүрсе жүрек ол сыздап,  
 Сонда-дағы түсे көрме жолсызға.

Ажырасуға асықпаңдар ешқашан,  
 Ажал бір күн ажыратар онсыз да.  
 Көңілдерді ұсақ-түйек бөлмесін,  
 Еріндерің махаббатқа шелдесін.  
 Сағат сайын сағынып көр жарыңды,  
 Мәңгілікке көре алмассың өлгесін.  
 Өлім деген – табиғаттың тылсымы,  
 Тіршілікті жақтасам да құлшынып,  
 Өмір қосып ғашықтарды, тек қана  
 Өлім бөлсін деп тілеймін, бұл шыным!  
 Тірі жетім болмаса еken жас ұлан,  
 Үзілетін болмаса еken асыл ән.  
 Онсыз да біз жетімдікті көп көрдік,  
 Соғыс зарын басымыздан өткердік.  
 Әртелдік те, асылдық та, атылдық,  
 Сонда бізді тастамады батылдық.  
 Қайыстырып соғыс елдін төзімін,  
 Корлап кетті талайдың пәк сезімін.  
 «Туғаннан соң, өлмек – парыз», әйтсе де  
 Өлсін адам ажалынан өзінің.  
 Айғанымның жар аңсаған көңілі,  
 Ертістердің қыршын кеткен өмірі,  
 Ерлігі мен сұлулығы ғасырдың –  
 Інілер мен қарындастар, асылым,  
 Сендер үшін, КЕЛЕР ҰРПАҚ, тырыстық,  
 Жер бетінде орнатуға ТЫНЫШТЫҚ!  
 Ашық болу – жарасады аспанға,  
 Ғашық болу – жарасады жастарға.  
 Достық құшпақ – туысқандық сәлемге,  
 Бейбітшілік – мынау байтақ әлемге.  
 Соғыс қаупі жүрген шақта тіміскіп,  
 Бейбіт өмір көрінеді тым ыстық.  
 Қалай оны орнатпақсың әлемде,  
 Ошағында орнамаса тыныштық.  
 Өз Отанын құлай сүйген әскердей,  
 Ошағынды біл әрқашан қастерлей.  
 Жаным деген жылы сөзді салмақта,  
 Жарым деген ұлы сөзді ардақта!

## Күй мұрасы атаның поэма

### 1

Жайлауда дуылдаған думан бүгін,  
Жек көрсін ата салтын құғанды кім?  
Нұсіпбек жасап жатыр шілдехана,  
Той етіп кіші ұлдың тұған күнін.

Сылқылдан Маңыбайдың бұлағы да,  
Қосылады ұлы той, ұлы ағынға.  
Молдекен азан айттып, «Болатбек» деп,  
Сәбидің айқайлайды құлағына.

Жатқан жоқ молда айқайы сүйсіндіріп,  
Киелі сүттің сәби иісін біліп,  
Бір ып-ыстық құшакты аймалайды,  
Ананың жұмсақ төсін исіндіріп.

Жұбанып, көнілінің мұнын баса,  
Анасы бесік жырын ыңылдаса,  
Сәби де түсінгендей уілдейді,  
Қос шегі домбыраның дыңылдаса.

Әкесі жүгіріп жүр той қамымен,  
Тірлігі сай болса деп ойдағымен.  
Ауылдың жақсылары, өнер қуған  
Жайсандар шақырылған тойға кілең.

Үйдің алды шат құлкі, абыр-сабыр,  
Той іздейді мына жұрт сағынса жыр.  
Қымыз да ішілмейді, шөлді басар  
Ән мен күй өзен болып ағылса бір.

Ақ түйенің қарыны актарылған  
Бұл – шаңырақ ырыс пен бақ дарыған.

Отағасы пейіліндей жайрандаған  
Серілер түсіп жатыр аттарынан.

Қара мұрт, қою қабак, қарыс мандай,  
Жотасы күжірейген арыстандай  
Қартыңды байқаған жұрт дабырласты,  
«Қали фой, Қали\* фой» – деп, жарысқандай.

Қалидың нөкерлері – өңшең сері,  
Сері деген бер жағы, сенсең – пері.  
Біреуі – сылдыраған күй бұлагы,  
Біреуі – жалтылдаған ән семсері.

Осындай дарындарға тәжім еткін,  
Солардың арасында Әжібектің  
Ақаны бар, төгетін күй нөсерін  
Салалы саусақтармен нәзік, епти.

Жұқалтаң сары жігіт қаңылтырдай,  
Дәл танысам сезімім жаңылдырмай:  
Көшкімбайдың әнші ұлы – Мағауия,  
Бой созып келе жатқан самырсындай.

Қарсы алған айқара ашық есігі елді,  
Ақ отау болады әннің бесігі енді.  
Үкісін бұлғаңдатып, ортасында  
Келеді кербез әнші Несібелді.

Жақсыны суреттеуге ерініп пе ем,  
Кеудесі – ән көрігі керіліп кең,  
Аяғын сылтып басып Байрон құсан,  
Таяғын сілтеп тастап серілікпен,

Асқақ әнші Лекеров Куан келді,  
Арысын көріп тағы қуанды елі.  
Жиналған қалың жұрттан қайысып тұр  
Самалды Сарыарқаның жуан белі ...

... Шырқап кетсе – дауылдай екпіні ірі,  
 Алты қырдан асадай өткір үні,  
 Тойдың қызған сәтінде әнші Қали\*  
 Сөз бастады алды да жөткірініп:

– Нұсіпбек, ілтипатын қимай елдің,  
 Талапты шәкірттерді жинай келдім.  
 Үрпағы Тәттімбеттің дегенмен соң,  
 Атаның аруағын сыйлай келдім.

– Дарын туса, ән–жырдан құрады өрнек,  
 Мәртебесі өнердің тұрады өрлеп.  
 Жаңа туған сәбиден үміт еттік,  
 «Тәттекеме болады мұрагер,» – деп.

– Көркем күй, әдемі ән, өлең туған,  
 Үйінде болар әлі нелер думан.  
 Ән–күймен кіргізейік тойдың сәнін,  
 Үрпағың дарын болсын өнер қуған».

Деді де, өр даусымен асқақ, тексті.  
 «Шамасын» Жарылғаптың бастап кетті.  
 Тыңдаушы көздерінде от жанады,  
 Жұлдыз жерге түскендей тастап көкті.

Аңдисың әр шумақтың сонын аулай,  
 Ерен үн өзеурейді, омыраулай.  
 Енді бірде шыққандай жер астынан,  
 Құңгірлейді көне жez қоныраудай.

Күмбір дауыс көңіліңе бұлт ілмейді,  
 Шалқұйрықтың жалындай құлтілдейді.  
 Арындауды тарланның шабысындау,  
 Желісіндей арланның бұлқілдейді.

---

\* Қали Байжанов

Ақ бесікке қалғандай ән асыла,  
Сіңсе жақсы-ау сәбидің санасына.  
Жұрт дүрлікті риза боп, «Шаманы» айтқан  
Жетпістегі әншінің шамасына.

Одан сон айдарынан жел есіле,  
Салғандай Жұсіпбекті ел есіне,  
Шырқады Мағауия – өрнегі бар,  
Өнерде шығарар өз белесіне.

Дауысы әдемі екен майда, мақпал,  
Бұлақтай сылдырайды сайдан аққан.  
«Сұржекей» әуенімен бірге балқыш,  
Қасында қыз отырса аймалап қал.

«Әридімді» бірнеше қайталады,  
Шеберлігі үнінен байқалады.  
Домбыраға қосылған қоңыр дауыс  
Су төгілмес жорғадай тайпалады.

Шебер әнші салған ән тыңдалады,  
Ән бұзылса, көңілде мұң қалады.  
Ән де бітті, күткендей соны сәби  
Үйқысынан оянып, іңгәлады.

Нұсіпбек әбігер боп, күйгелектеп,  
Кеткенде сәби жатқан үйге беттеп:  
«Тәттекемнің ұрпағы, – деді Ақан, –  
Күй керек деп жатыр-ау, күй керек деп».

Соны айтып ұстады домбыраны,  
Домбыра алса, Тәттімбет болды ұраны.  
Шанағына тұлпардың дүбірін сап,  
Бозторғайды басына қондырады.

Тәттекемнің шертілді «Былқылдағы»,  
Еңбегіндей сәбидің былқылдады.  
Елең етіп мұрагер ұл тыңдады,  
Жөргегінде талпынып, бұлқынады.

Сәбиін алыш келіп құндақтаған:  
 «Өссінші бабам қүйін тыңдал болам, –  
 Деп Нұсіпбек ағынан жарылады, –  
 Осы ұл бәрінен де қымбат маған.

– Анасына ұл керек болды тегі,  
 Алладан тілеп жасқа толды етегі.  
 Түкірші сәбиімнің аузына бір,  
 Ақанжан, сендей болса, сол жетеді.

– Күй шертсең, Тәттімбетке сиынасың,  
 Тебіренсең күй болып құйыласың.  
 Азамат болсын сендей жүрегі үлкен,  
 Бабамның өлтірмейтін күй мұрасын».

Сөгілгенше саусақтың көбесі де  
 Күй шертсе, сөз дегенде көп есіле  
 Қоймайтын Ақан, үнсіз жас сәбиді  
 Қолына алыш, көтерді төбесіне:

«Күйші бол, күйші атаң ұраны елдің,  
 Шабысын берсін саған Құлагердің.  
 Түкірдім таңдайына,» – деді Ақан,  
 Иіскеп маңдайынан мұрагердің.

Той қызды, күй төгілді безектеген,  
 Ән шырқады Куан да кезекпенен.  
 Әншіні танитындар арасында  
 Әңгіме де қалмады сөз етпеген.

Көркейді десе де елдің батасынан,  
 Айта алмайды қонған деп шатасып ән.  
 Анасы асқан әнші болған десе,  
 Дарыған дейді бірі атасынан.

Тектілік бар алсан да қай жағынан,  
 Ел ішінде аныз бар баяғыдан.

Ділмар бопты анасы тік тұрғызған  
Қалың Қаракесекті аяғынан.

Той жалғасты, нұр төгіл жарығы айдың,  
Үйрісі мол пейілі – ақ, жаны – байдың.  
Дәл осындай думанды көптен бері  
Көрген емес бұлағы Маңыбайдың.

Өнерпаздар маңына жиып көпті,  
Тойдың да мәртебесін биіктетті.  
Тарландары бұл тойдан тұлпар мініп,  
Бір-бір шапан жастары киіп кетті.

Арман болған бір көру сан халыққа,  
Әншімен дәмдес болдың, таңғалып бак.  
Той бітті, Мыржықтаудың аспанынан  
Кетпеді көпке дейін ән қалықтап.

## 2

Талай жаз жылжып, талай күз өтті,  
Келеді өсіп бала ізетті.  
Күйші Ақан келіп, күй үйретеді деп,  
Жондағы жолды талай күзетті.

Көшеде ұлдар асық атады,  
Ал мұның күймен басы қатады.  
Домбырасын алып тыңқылдатқан сайын,  
Жұмысы басынан асып жатады.

Шешелері: «қалғыр сақада басың,  
Келерсің үйге қаталағасың,» –  
Деп ұрысса ұлдарға, Болатбек үйде,  
Тыңдал отырады Ақан ағасын.

Ағасы жастай тер төгіп ерің,  
Шебер боп алған, шертеді керім.  
Болатбек оның күйлерін тыңдал,  
Аралап қайтады ертегі елін.

Нәзік саусақтар пернені ашып,  
Домбыра шектері тербеліп ашық,  
Бала көнілінің терезесінен сонда  
Күй қарап тұрғандай пердені ашып.

Қиялы ұшқыр әрнені ойлап,  
Көнілі күйдің өрнегін ойнап,  
Қос шекті шертіп үнін тыңдайды,  
Саусақтар кетеді пернені бойлап.

Өзеннің шуын ағысы қатты,  
Бейнелеу үшін шабысын аттың,  
Олай да сілтеп, былай да сілтеп,  
Оң қолдың оңды қағысын тапты.

Орынсыз қылжаң бола ма серік,  
Бос қызырысты қолаға теліп,  
Алтын—өнерімен үйде отыр, достар  
Қыздармен кетті долана теріп.

Үн естіп шектен бармағы тиген,  
Уақытының көбін арнады күйге.  
Күй ырғағымен саусақтарын билетіп,  
Қыздар шақырған бармады биге.

Сиқырлы әуен ойға батырып,  
Сіңісе берді бойға батылдық.  
Достары көшеде доп қуып жүрсе,  
Бұған күй ойнатты тойға шақырып.

Жас күйші деген атағы шықты,  
Артынан тағы шатағы шықты:

«Бала емес, оған домбыра ұстатқан  
Әжібектің Ақаны мықты»

Күй ырғақтарын небір бітпеген,  
Жеріне жеткізсе егер діттеген,  
Шерткен күйлері күмбірлеп тұрса,  
Сол емес пе еді шеберлік деген.

Беделді кім бар, қай кісі белді  
Сол ғана жеңбек айтысып елді.  
Сонау бір жылы туыс деп іздеп,  
Мұсатайдың Шайхысы келді.

Бұл кезде ол күйге төселіп қалған,  
Ержетіп есті, көшелі болған.  
Тұстастарымен күй сайысына түссе,  
Бермейтіндей-ақ есені қолдан.

Тәнірдің берген татады сыйын,  
Емес тек оған атағың бұйым.  
Шайхы да күйші, ілесе тартып,  
Үйренді одан атаниң күйін.

Ілеңті, кейде шатасып ерді,  
Өзінің кейбір қатасын көрді.  
«Атаңың күйін ұрпаққа жеткіз» деп,  
Риза боп, Шайхы батасын берді.

Бұл суыт жүрісін бастан жасырған  
Сыйлы қонағы асқанда қырдан,  
Тәттекем немересінің батасы қонып,  
Жас күйші көңілі аспанда тұрған.

3

Жайлауға ғалым келді Алматыдан,  
Отағасы түсіріп алды атынан.  
Бәйек боп бәйбішесі Нұсекеңің,  
Ұсынады қымызын бал татыған.

Киіз үйдің етегін тұргесін бе –  
 Салқын самал еседі іргесінен.  
 Қонағы бал қымызды сіміріп сап,  
 Қазыны тіске басты бір кесілген.

Әңгіме түсе қоймай жүйесіне,  
 Табынып шаңырақтың киесіне,  
 Қонағы шетін ашып шежіренің,  
 Сөз тартып қарады үйдің иесіне.

Көңілдің көслетін кезі ме еді,  
 Араға күй жүрмесе, не жүреді?  
 Нұсекең шертіп қойып домбырасын,  
 Асықпай ағытады шежірені:

«Руымыз – аты әйгілі Қаракесек,  
 Мәдише айтсақ: дұшпаны қылған өсек.  
 Шашшар деген бабамыз – (кім таласар),  
 Болыпты елге сыйлы тұлға, – десек.

Айтатын қариялар көпті көрген,  
 Болыпты үш анамыз текті жерден.  
 Айбике, Нұрбике мен Қызданбике  
 Сайыскер болған, – дейді – епті, мерген.

Жақсыдан жан шуағын аямаған,  
 Кәріптер жапырағын саялаған.  
 Тәшкенге билік құрған Тұрсын ханың  
 Қыздары еken әлпештеп, аялаған.

Тектіден дана туса – жарасыпты,  
 Атаның атағынан әрі асыпты.  
 Айбике анамыздың ұрпағынан  
 Қаздауысты Қазыбек дара шықты.

Орта жүзде алады төрді кімің?  
 Даналығын ұрпағы көрді бүгін.

Елін сүйген бабамыз символындағ  
Қазақтың ерлігі мен өрлігінің.

Атаға біткен байлық, құт арыла  
Қоймаса да, көңілі жұтады ма?  
Кеудесін өнер қысқан Мәди сері,  
Еменнің айналды иір бұтағына.

Өнердің «көр бестісін» тағалапты,  
Асқақ ойлы жандарды жағалапты.  
Өсек болмас, Жұбанов оның әнін  
«Қазақтың гимні» деп, бағалапты».

Соны айтып, ыңылдады Нұсінбек те,  
Қиялышарықтайты ұшып көкке.  
Мәдидің әнін шырқап сала алмай,  
Әуреге отырғандай түсіп текке.

Айтпаққа әуреленді әнді несін,  
Мейлі жұрт мәнсіз десін, дәмді десін.  
«Нұрбике анамыздан біз тудық,» – деп,  
Нұсекең жалғастырды әңгімесін.

«Анамыз жүзі нұрлы, аппақ айдай,  
Мінезі, парасаты – мақтағандай.  
Тұрлыбек, Берлібек пен Тілеубекті  
Баулыпты қыран құсты баптағандай.

Жұрт мактапты атамыз Тұрлыбекті,  
«Көңілі – дархан, жүрегі – нұрлы», – депті.  
Шалқып кетсе – жүзіне құлқі үйіріліп,  
Толқып кетсе – жүректен жыр түлепті.

Өлеңді де жан емес кәсіп көрген,  
Тәңірі оған таусылмас нәсіп берген.  
Жомарт, жуас, сұраса ағайыны,  
Ойланbastan «қоң етін кесіп берген».

Ал Берлібек атамыз өзгеше екен,  
Сөйлеп кетсе, тайпалған сөзге шешен.  
«Тепсе темір үзетін», ер тұлғалы,  
Тегеуріні – жан адам төзбес екен.

Жауырының жапырып алысқанның,  
Шаң қаптырып кеудесін жарысқанның,  
Келіпті алда. Қайратын жолбарыстың,  
Беріпті алла айбатын арыстанның.

Көтеріпті ел жүгін – салмақты ерен,  
Кім зерттепті өмірін талдап терең?  
Елін, жерін қорғапты батырлықпен,  
Ұрыстарда қатыгез қалмақпенен.

Әділдігі бабамды атақты еткен,  
Ел ішінде тыылған шатақ көптен.  
Жиырма бес болыс руга билік құрып,  
«Қаркаралы хан Бертіс» атап кеткен.

Домбыраны серік қып, қорғалапты,  
Перне бойлап саусақтар жорғалапты.  
Шанағын домбыраның күңгірлетіп,  
Көңілінен күй тасқыны сорғалапты.

Соғыс – жұт, ел ырысын шашқан жалмап,  
Елдікке, ерлікке үндел, жастарға арнап,  
Неше бір күй шығарған, білетінім:  
«Елім–ай», «Ел айырылған», «Қашқан қалмақ».

Тәгілген домбыраның сағасынан,  
Тәттімбетке Берлібек бабасынан  
Күй дарыған, мына мен – үрпағымын,  
Қызғанғанның сақтасын жаласынан».

Нұсекең домбыраны қағып қалды,  
Қағып қалды, ерекше шабыттанды.

Бабасының мұрасы еске түсіп,  
Күмбір күйдің бұлағын ағытқан-ды.

Қос шектің бірі – бостау, қатты – бірі,  
Үстіңгі шекте бардай жат күбірі.  
Астыңғы шек сұңқылдан «елім-айлап»,  
Жұптасқанда естілді ат дүбірі.

Күйшінің дарынының күші ме еді?  
Домбыра тұлпар болып кісінеді.  
Қылыштар шыңылынан құлақ тұнып,  
Батырлар арпалысқа түсіп еді.

Қонағы жөн білмейтін кісі ме еді?  
Күйдің тілін біледі, түсінеді.  
Гүрзі тиген дұшпаның есі ауып,  
Атынан аударылып түсіп еді.

Ұрыстың қызыуынан дала қайнап  
Тұрғанда, күй шыңғырды «алақайлап».  
«Жау женілді, біз жеңдік, жерім – азат,  
Айналайын, Елім-ай, алабайрақ».

Нұсекен шертіп отыр тек беріле,  
Күй ұшты ұқсан қырдың кептеріне.  
Болатбек тыңдал қапты аузын ашып,  
Ал ғалым тұртіп жатты дәптеріне.

## 4

Мектебі алыста, бұл жолда тонды да,  
Бір қолда – кітaby, бір қолда – домбыра.  
Үстазын тыңдаған, күй шерткен сияқты,  
Сабағын миына бір жола қондыра.

Киялы аспанға самғайтын жетіліп,  
Концерт бар деді ме, қалмайтын өтініп.  
Оқымай барса да, кейбіреу сияқты  
Сабақтан ешқашан алмайтын екілік.

Балалық дегенің солды ма ерте өліп,  
Ал мына қылығы болды ма еркелік:  
Алжебра пәнінен тапсырма сұраса,  
Жауаптың орнына домбыра шертеді.

Өнерден басқаның қашшалық керегі,  
Күй шертіп, немесе ән салып береді.  
Болатбек күйлерін тыңдаған достары  
Ұмытпай әлі де тамсанып келеді.

Мектепті бітірді, тілектер есінде,  
Күй ойнап бергені түлектер кешінде.  
Ол риза алғашқы махаббатты оятып,  
Жас жүрек төріне гүл еккен есімге.

Тұңғылғың көлдей бір көзінің аясы,  
Кездесті қалада өзінің Раясы.  
Институт дәрісін бірге өткен серігі,  
Қалайша жүректің сезімін аясын.

«Алғашқы көргеннен сүйген ем өзінді,  
Өзің айт, сүйіктім, үйленер кезімді».  
Осы бір сөздерді айтуға тіл жетпей,  
Білдірді көрікті күйменен сезімді.

Ақ көйлек, сәүкеле ... жол мына – той легі,  
Жарының бұл тұңғыш, соңғы да көйлегі.  
Үйлену тойының салтанат кешінде  
Тағы да кесіле домбыра сөйледі.

Куаныш әкелді жыл құсы бұл маңға,  
Шақырды жұз, бәлкім, мың кісі думанға.  
Шілде той жасады, Тәттімбет күйлерін  
Тебіреніп ойнады тұңғышы туғанда.

Заманың шырғалаң салтына бойлады,  
Өмірлік мақсатын талпына ойлады.  
Студент кезінде Тәттімбет күйлерін  
Дәріптеп ректордың алдында ойнады.

Жоғары білімі – киелі кәсібі,  
Алайда, ол емес – күй еді нәсібі.  
Жасынан күйшілік өнерді менгерген,  
Бар еді өзіндік жүйелі тәсілі.

Аян боп бойына күй сіңіп, тұнғаны,  
Шеберлік дегенді түйсініп шыңдады.  
Болатбек ойнаған Тәттімбет күйлерін  
Жазушы – ғалымдар сүйсініп тыңдады.

Болатбек жарысқа жолданды, естіп ал,  
Алматы төрінде болған-ды фестиваль.  
Майталман күйшіміз лауреат атанып,  
Тәттімбет күйімен толғанды кешкі бал.

Күйшіні әспеттеп шақырды астана,  
Керексе береді ол ақылды басқаға.  
Бабалар жатқан жер тым ыстық көрінген,  
Тұған жер төрінде – ақырғы баспана.

Мән бермей күй болып саулаған әр үнге,  
Кейбіреу салады саудаға бәрін де.  
Көшуге Болатбек қимайды мекенін,  
Сүйеді – ақыны Сауғабай Қәрімдей.

Құлыннан өседі желіде сәйгүлік,  
Жасынан күйімен еліне әйгілі.  
Өнердің көкпарын сан басып тақымға,  
Сан жерде байлады беліне бәйгіні.

Өмір – көш жылжыған, күймeden онды ма,  
Әуеннен басқаны ол сүймеген болды ма?  
Тәттімбет мұрасын жанымен қорғаған,  
Болатбек өмірі – күй менен домбыра.

Аспапқа күйінді қондыра, он бұра,  
Күйшіміз жетіліп, болды да, толды да.  
Тәттімбет күйіне лайықты мұрагер,  
Болатбек дегенің – домбыра! Домбыра!!!

## Бақидан келген ақын

хикаят

Бұрын бізге шет көлігі болса елес,  
 Бүгінде бар бас-басында – ерсі емес.  
 Әйелінде – «Тойота» да, өзінде –  
 «Ауди» болса, баласында – «Мерседес».

Молшылыққа құпіршілік етпелік!  
 Молшылыққа құпіршілік етпелік!  
 Көшелерде машиналар кептеліп,  
 Аурухана ауласына жете алмай,  
 Жүрек қысып, қайран ақын кетті өліп.

Тәні – жерде, жаны – көкте қалықтап,  
 Айналасын барлай алмай анықтап,  
 Өсіп тұрган жеміс-жидек мөлдіреп,  
 Қарсы алдынан кездесті бір алыш бақ.

Әр жемісті көрер ме еді тістеп бір,  
 Байқағаны әлі толып, піспепті.  
 Семирамида ғажайыбы осының  
 Ксерокс көшірмесі іспетті.

Шағы бәлкім көңілінің өрлеген,  
 Айнымайтын таңғажайып көрмеден,  
 Көз алдында кереметтей көрініс,  
 Өні түтіл, түсінде де көрмеген.

Тыныс кеңіп, шыққандай бір белеске,  
 Түсінбеді түс пе, әлде елес пе?  
 Ұмыттырар анау фәни-жалғанды,  
 Бақидың бұл жарнамасы емес пе?!

Толқығанда туар еді жыр кейде,  
 Енді оның түсіне де кірмей ме?  
 – Азаттығың құтты болсын, ақын! – деп,  
 Катарласты өні таныс бір бейне.

Ойлады ма жүре берсем деп өлмей,  
Қаққан нәлі тозғанынша тебендей.

– Тіршілікке не жетсін деп, – қалды ақын,  
Таныс бейне сөйлеп кетті бөгелмей:

– Фәндіңде қимасың бар мен білсем,  
Кешіремін сөздеріме сен күлсен.  
Тіршілікте қонақ едің мазасыз,  
Енді дем ал, өз үйіңе келдің сен.

Бұрылдастық – жүйкемізді тоздырдық,  
Қырындастық – араздықты қоздырдық.  
Күйбең тірлік аяқ-қолды құрсаулап,  
Пенделікпен уақытты оздырдық.

Жауқаулықтан арылмады аспаның,  
Аңқаулықтан жемі болдың басқаның.  
Ертең бәрін тындырам деп жүргенде,  
Өте шықты фәни-жалған – қасқағым.

Көрген күнің не болады жат елсіз,  
Арамдықтан, аярлықтан қаперсіз,  
Алаяқтар аранына түстің де,  
Үлес те жок, қалдың мүлде пәтерсіз.

Қатарласың қызметіңе көз тікті,  
Мадақтауға досың қимай, сөз бүкті.  
Қандасыңмен түсінісер кез жақын  
Сан ақтарып сапасы жоқ сөздікті.

Ана тілде сөйлеу еді борышың,  
Онсыз тегі адамзаттың қорысың.  
Өз бауырың сақауланып тұрғанда,  
Қазашады менсіне ме орысың?

Аландастып тіл білмейтін туғаның,  
Даңғыр-дүңғыр болып кетті думаның.  
Балаң жатыр көп тілменен «ауырып»,  
Далаң жатыр гептильменен уланып.

Ғасыр бойы соны тілеп келіп пе ең,  
Қызыққұмар үрпақ келді желіккен.  
Ана тілге мәртебесін әперіп,  
Шала тілде сөйлеп кеттің неліктен?!

Тау болуға талаптансын әр төбе,  
Көнбіс болсаң – жегілгенің тәртеге.  
Мәртебені миллион рет алсан да,  
Ерте өледі билігі жоқ мәртебе!

Егемен боп айдарыңдан жел есті,  
Тебеген боп астың талай белесті.  
Көкіректі көтеріп жүр ендеше,  
Алыптармен иықтарың теңесті.

Қатар ұлттар өсті, өнді, құтайды,  
Ата жұртың неге жүдеп, жұтайды?  
Санаң жатты мейіріммен уланып,  
Паналаттың Қырым-мырым, қытайды.

Қашқындарға пана болып жағындың,  
Тасқындарға жаға болып жайылдың.  
Жақсылығың қайырымсызға жасаған,  
Бір өзіңе жала болып жағылды.

Ата-баба рухы сіңген текті едің,  
Ізгілік пен бауырмалдық – еккенің.  
Берия атса Илияс пен Сәкенді,  
Өзің аттың Алтын Заман бектерін.

Елпілдедің, секілді бір әпенді,  
Алпауыт ел кімге тендік әперді?  
Көксау қойдың жөтелі де зиянсыз,  
Доңызыңның тұмауы да қатерлі.

Ойлан! Ойлан намыс отын маздат та,  
А қ т а ң д а қ т а р тарихтағы аз дақ па?  
Қырық руға бөлінуді білгенде,  
Ұлт болуды маңдайыңа жазбап па?!

Тірлік деген – көңілің бір бөлінген  
 Қасқағым сәт, ғажайып бол көрінген.  
 Күн астында бір мәңгілік шындық бар –  
 Ешкім қашып құтылмайды өлімнен!

Тіршіліктің болсаң мәнін бағамдар,  
 Ойланатын, толғанатын шамаң бар.  
 Ажалсыздар бар ма? Әрине бар ғой, бар!  
 Өлмейтіндер: ол – тумаған адамдар!

Адам деген – бір макұлық бозөкпе,  
 Қоңыздардай үймелеген тезекке.  
 Өмір – кезек. Дүниеге келгенің –  
 Тұрғаның ол өлу үшін кезекке.

Зәулім үйім, машинама қарасам,  
 Масаттанып қуанушы ем балаша.  
 Қорада – мал, банкте – ақша, ажалға –  
 Соның бірі бола алмады араша.

Күні-түні еңбек еткен кеншіге,  
 Уақыт қайда қаралатын емшіге?  
 Ажал жетті, тастап кеттім бәрін де,  
 Екі метр жер тиді тек еншіме».

– Әр адамның бар таңдаған кәсібі,  
 Кәсібіне сай үйренген тәсілі.  
 Босқа жиғдым деп өкінбе, байлығың –  
 Артта қалған балалардың нәсібі».

– Тұған ой бұл махаббаттан әкелік:  
 Балаларға мал қалдыру қателік.  
 Тегін байлық құнсыз болар, өз күнін  
 Көре алмаса, бала емес, аты – өлік.

Тірі адамның көп болады сұрағы,  
 Бақи ғана – жанның мәңгі тұрағы!  
 Ұрпағыңды жақсы көрсөң қалдыр сен  
 Еңбексүйгіш қасиетті мұрағып.

Ақындықтың қанатты аты – пырағы,  
Б е л д е у і н д е басын шұлғып тұрады.  
Ұрпағыңа байлық емес, қалдыр сен  
Домбыра мен ана тілді мұрағып».

– Жетер енді, – деуге ақын шақ қалды, –  
Жаназамды бір көрсем, – деп ақталды.  
Таныс бейне сөйлем кетті тағы да,  
Фәни емес, бақи ғана мақталды.

– Керегі не фәни-жалған – түрменің,  
Азаптанып, ит-өмірді сүргенің?  
Адал болсан, жақсы емес пе бақида  
Уайымсыз, емін-еркін жүргенің?

Талпынғанның талабына дем беріп,  
Желлінгеннің желкеніне жел беріп,  
Тасытудың орынына жасытып,  
Біреулерге жасадың ба пенделік?

Күйкі болса, сабасына түсіріп,  
Шикі болса, табасына пісіріп,  
Ширатудың орынына қиратып,  
Әлсіздерге көрсеттің бе кіслік?

Енді нендей күнәларың бар тағы –  
Әділдіктің таразысы тартады.  
Күнәһарды ардың соты жазалап,  
Күнәсіздің абыройы артады.

Көрмесең де ... інің, яки жан ағаң  
Мықты болса, дұрыс өтер жаназан.  
Әйтпегенде, гажап емес қалуы  
Сәйкес келмей мына заңға – ана заң.

Белдеуінен астың қанша белестің,  
Енді ол жаққа жібермейді сені ешкім».«  
Дегенинше ақын қалды дәрменсіз,  
Қоршауында қос көленке – елестің.

\* \* \*

Өз аяғы өзіне де бағынбай,  
Алып бара жатты бір күш ағындай.  
Көңілінде дауыл тұрып ғаламат,  
Көздің алды бұлдырады сағымдай.

Дәл осылай боларын ол сезген-ді,  
Ар алдында жауап берер кез келді.  
Күнәсі жоқ секілді еді, кім білсін,  
Қарсы алдынан көрді алып безбенді.

Бір жағынан қыл көпірді байқады,  
Бір жағында – от көсеген сайтаны.  
«Туған жерді актық рет көрсетші»,  
Шықпайды үні, ойын қалай айтады?

«О, адамдар, жеген жоқпын ақынды,  
Батырғам жоқ әлсіздерге тақымды».  
Осы кезде жоғарыдан бір дауыс:  
– Жіберіңдер, – деді, – еркіне ақынды.

Қалған екен лезде «әңкір-мұнқір» кеп,  
Қос көлеңке айтып жатты күңкілдеп:  
«Ақын деген еркесі ғой Алланың,  
Жеңілдіктер соған ғана мүмкін» – деп.

Шабыттанып ақын сонда тұледі,  
Басым болды, хасіл болды тілегі.  
Ғайыбана әкеткендей көтеріп,  
Қанат болып кеткендей қос білегі.

Еркіндігі ақын көңілін шалқытып,  
Кеңістікте қалықтатып, қалқытып,  
Туған жерге деген ыстық сағыныш,  
Тұла бойын баурап алды балқытып.

Ақын ұшты, жерге қарай самғады,  
Көрді күннің шұғыласын таңдағы.  
Алатаудың қарлы шыңын аймалап,  
Қарай берді, құмары бір қанбады.

Жанын баурап жеті өзеннің ағыны,  
Жетісуды жеті айналды сағынып.  
Көкшенің бір көкшіл бұлтын жамылды,  
Сексен көлден сексен тұмар тағынып.

Көз алдында жатты әсем Астана,  
Бәйтерекке қарады ол шаттана.  
Ортасына түсе қалса топ етіп,  
Бас қаладан табар ма еді баспана?

Шарлап ұшты Жайық пенен Еділді,  
Жырау сөзі еске түсіп, егілді.  
Аралының мұшкіл халін көргенде,  
Тамшылады, көзден жасы төгілді.

Тұнжырады, бақыт қашан қонар деп,  
Қынжылады, ертеңі не болар деп.  
Ақын өзін тежей алмай еңкілдеп,  
Шын жылады, көз жасыммен толар деп.

Содан туған қаласына беттеді,  
Баласының анасына жеткелі.  
Ақын жаны сағынышқа толы-тын,  
Бірақ, бірақ ... біреулерге кекті еді!

\* \* \*

Қала үсті қою тұман, көк тұтін,  
Саябактар көк тұтінгे бөкті тым.  
Көшелерде сол баяғы кептеліс,  
Жолдары да ойқы-шойқы, жоқ күтім.

Гүлдестелер қызылды да жасылды,  
Елестетіп жақұт, зұмірет – асылды.

Қоқыс толы ауласы да ыстық боп,  
Жанын баурап, көзге оттай басылды.

Қаласына биіктен бір қарады,  
Көрген сайын ынтық болып барады.  
Халық толы ауласында мешіттің,  
Басталғалы жатыр жиын қаралы.

Сонда екен әйел, бала, немере,  
Көзі тұсті табыттағы денеге.  
Жиналған жұрт бір сезіммен толқиды,  
Барлығы да мінгендей бір кемеге.

Екі жігіт сөйлесіп тұр: «Жарасым  
Тапқан екен ағайынның арасы.  
Қоштасуға көп келіпті, ақынның  
Елге сыйлы болғаны ғой шамасы».

Бұл қазаққа шалқып жүрсең – ұнай ма?  
Тірі түгіл, өлгенді де сынайды, ә?  
Жаназаңа аз жиналса – табалар,  
Күпіршілік емес пе бұл құдайға?!

«Көзінді сал әйелінің жузіне,  
Ақын байғұс суюші еді үзіле, –  
Деп екі әйел сыбырласты, – қараши,  
Өңінде жоқ уайымның ізі де».

Қарады ақын әйелінің көзіне,  
Қалмасын деп күншілдердің сөзіне,  
«Жас шықпаса, орамалмен сұрте бер», –  
Деп сыбырлап айттар ма еді өзіне.

Көзден кетсе, көңілде жоқ бағасы,  
Ағайынның жетпесін деп табасы,  
Саусағына түкірді де, байқатпай  
Екі көзін сулап қойды ағасы.

Көздерінде әзіл оты ұшқындалап,  
Шеттегі екеу құлгендей ме мысқылдалап?  
Күнделікті сырахана қонағы,  
Таңнан тұрып алғаны ма қышқылдалап.

Келді ақынның көңіліне тағы ой:  
Қоштасушы көп болғаны – бағы ғой.  
Осы жерден әкетерде ағайын  
Улап-шулап жылап жатса – абырой.

Молда келді, жұрт толқыны қозғалды,  
Жиынды ашып, бастық енді сөз алды.  
Сонша мақтау, марапаттан ақынның  
Басы айналып, бұлдырады көз алды.

Бастығының мінезі де қызық-ақ,  
Жұмысына кешіккенін тізіп ап,  
Ұрысқанын сөз етпеді, немесе  
Көшеде өлең оқығанын қызып ап.

Тұған елдің пейілі неткен кең еді,  
Кеңдігінде ақын енді сенеді.  
Сөйлегендер тым асыра мадақтап,  
Жыр тұлпары – Ілияскә теңеді.

Достары да сөз алуда бірінде,  
Жастар шықты ұстазым деп, пірім деп.  
Өлең оқып жатты ақындар гүрілдеп,  
Кейбірінің дауыстары дірілдеп.

Ақынның дарын күшін ескерген,  
Қандай қымбат бұл абырой кеш келген?!  
Серілік пен перілігін достары  
Әшкерелеп бере ме деп сескенген.

Мазалаған осындей бір секемді ой,  
Не естуге болып еді бекем бой.  
Тірісінде айтылмаған жылы сөз  
Есту үшін өлу керек екен ғой.

Әкім келді әдетінше кешігіп,  
Сөйлеп кетті шешендікпен есіліп.  
«Өледі деп кім ойлаған, кім білген» –  
Өкінішпен сырын айтты шешіліп:

«Науқасының жеткен жерін асқына  
Ескермеген бізде болар бас күнә.  
Тірі болса алып беріп пәтерін,  
Темір тұлпар мінгізер ек астына.

Өлсе-дағы кей біреуден мың артық,  
Өлеңдерін оқиды ел құмартып.  
Әлі талай өткізermіz жыр кешін,  
Таңдамалы кітаптарын шығартып».

«Әкім – пенде» деп ойлайтын өз басы,  
Мына сөздер ақын жанын қозғасын.  
Сөгіп алды өзін арам ойы үшін,  
Төгіп алды ұстай алмай көз жасын.

«Жүре берші абыройға бөлен де,  
Деп атымды қосып жатыр өлеңге.  
Қайран жұртый, сениң сүйетінінді  
Білмедім ғой, білсем, сірә, өлем бе?

Дархан далам, бітік өскен бетеге,  
Бетегенмен жақын едім етене.  
Туган жерім, жұмақтағы мың күнім  
Сенде жүрген бір күніме жете ме?

Жырдан мұра қалдырысам да артыма,  
Бара алмапын тіршіліктің парқына.  
Биліктінің көз алдында көлбендең  
Жүре алмаған өзімде екен бар кінә».

Жұрттың сөзі ақынына дем берді,  
Бұзып кетті көңілдегі с е н д е р д і.  
«Ө з д е р і н д і өкініште қалдырып,  
Қалай тастап кете аламын сендерді?!»

Әкімінің сөздеріне ел сенген,  
Естіген жұрт қалды бір сәт кемсендеп.  
Ақын жаны аласұрды, жаназа  
Оқылғанша өз денеме енсем деп.

Кенет, кенет ... өлі дene тебінді.  
Қос қолымен қақ айырып кебінді,  
Атып тұрды табытынан. Ғаламат!  
Шошынған жұрт кейін қарай шегінді.

Бұл оқиға – көктен түскен жай еді,  
Ұзын сөздің ең дәмдісі – мәйегі:  
Үнсіз, тілсіз, жансыз қалды қалың ел,  
Есі ауып, талып түсті әйелі.

Жын көргендей, шын көргендей жасынды,  
Лепіргендер су сепкендей басылды.  
«Атам тірі, алақай!» – деп айқайлап,  
Немересі мойнына кеп асылды.

Түсірмеуге інісінің бағасын,  
Айқасардай жыртылғанша жағасы,  
«Ас беретін тойханаға келіндер,  
Ақсарбас!» – деп еңкілдеді ағасы.

\* \* \*

Бұл жағдайды ешкім сірә, күтпеді,  
Бар мәселе мұныменен бітпеді.  
Біреулерге қуаныш бол, біреуге  
Уайым бол, жүректері күпті еді.

Бірде бастық кабинетке шақырды:  
«Хош келіпсің сапарынан ақырғы.  
Пен деміз ғой, мекемеден шығатын  
Есептейміз қара тыын – бақырды.

– Саган деген пейіліміз ақ кілең,  
Бас есепші қаражаттан тапты үнем.

Шығынына жаназаң мен асыңың  
Біраз қаржы шығарыптың актімен.

– Талай заң бар, бола алмайды бірі сеп,  
Не болары өлген адам тірілсе  
Жазылмаған. Айып салмай қоймайды  
Қаржыполың қармағына бір ілсе.

– Жабу үшін (бастығының шарты бұл)  
Жұмыс жаса, жалақы алмай жарты жыл».  
Ақын байғұс ойға батты, не істемек,  
Қалтасы – бос, көкейінде – бар қыжыл.

Таусылмасын алла берген несібе,  
Бір банктен алар бәлкім, несие.  
Өтей алмай, үй-күйінен досының  
Айрылғаны түсті тағы есіне.

Тағдыр салса, кім бар оны бөгемек,  
Қайдан келер, кімнен болар не көмек?  
Ай соңында тәтті іздеп, қалтасын  
Ақтаратын немереге не демек?

Байсалды еді, емес еді күйгелек,  
Ондай жанға болар ма еді сый бөлек.  
Қалай айтпақ әйеліне: «Жарты жыл  
Жалақымды әкелмеймін үйге,» – деп.

Қара нардай қайраты бар белінде,  
Көштен қалмас өз жері, өз елінде.  
Бірақ, бірақ ... туда қалса қындық,  
Ұлға қарап, жалтақтай ма келінгे?

Кетпей қойды бастық айтқан сөз естен,  
Ертеңгі күн не боларын сезбестен  
Қапаланды, көретіні алда еді,  
Бұл – алғашқы қындығы кездескен.

\* \* \*

Кабинетте отыр еді мұңдайып,  
 Қызметтесі (жаны ашыған сыңайы)  
 Сөйлей келді: – «Асыққанша жұмысқа,  
 Дұрыс еді алғаның бір тыңайып.

– Тірілгенің жанымызды түлетті,  
 Кеудемізге үміт деген гүл екті.  
 Мүмкіндікті пайдаланып осындаі,  
 Құту керек ақауы бар жүректі.

– Шабыттанып көңіліңнен күй төге,  
 Жыр арнайтын сүйіктіце – бикене,  
 Женіл жұмыс тапқан абзал тегінде,  
 Салмақ салмас жүрегің мен жүйкеңе.

– Алда жүрер жан біткеннің зерегі,  
 Жаратушы талпынғанға береді.  
 Мансап керек, атақ керек, алайда  
 Бәрінен де денсаулық қой керегі».

Сөздері бұл жанашырдың, жақынның,  
 Айтқандары жүрегіне жақын мұң.  
 Тек сырластың жылтылдаған көздері  
 Көңіліне күдік салды ақынның.

Бұл да оған таныс емес жәйт еді,  
 Сынамақ боп, сөйлеп кетті: – «Әй, тегі,  
 Айтқаның жөн, адам болса лайықты  
 Орыннымды бере салсам қайтеді?»

– Анау әлгі ... не жетпейді сорлыға,  
 Сен өлген соң сұраныпты орныңа.  
 Өлді – кетті жұмысынан, қайтадан  
 Неге алды? – деп, қазар әлі орды да.

– Досым еді құлын-тайдай тебіскен,  
 Қайда бармақ мимырт, шабан желіспен.

Бірақ оған уайымдама, мен бармын,  
Бастық маған сөзін берген, келіскең».

Қызметтестің сырьы солай ашылды,  
Ақын содан кереметтей ашулы.  
Күлмей отыр, аңы мысқыл қысса да,  
Білмей отыр қайда, қалай қашуды.

«Көңіл-теңіз ортайды да, кемемді  
Қайырлатты, кімге сенем мен енді?  
Қызметіме таласыпты, масқара,  
Жер қойнына бермей жатып денемді.

О, тәңірім, сабырлылық ұялат,  
Шатқалдардан өттім талай қиялап.  
Өлі жанның әруағын сыйламау,  
Тірі адамға емес пе бұл қиянат?

Ойлағаны бақыт па, әлде басқа ма?  
Мына сөздер қалсын шықпай жақшада:  
(Сатып алғып жатыр дейді мансапты,)  
Бірақ, бақыт сатылмайды ақшага.

Бабалардан қалған бар-ды түсінік:  
Имандылық, тектілік пен кіслік.  
Тарап жатыр мансапқорлық вирусі,  
Жүктірғандар кетеді еken ісініп.

Олай барып, былай барып, сенделіп,  
Тағы алдыннан шықтың ба сен, Пенделік?!  
Меніменен бірге түссең қабірге,  
Дәл қазір-ақ кетер едім мен де өліп.

Көрге түсіп, жер түбіне кеткенмен,  
Қайта тамыр жаярсың-ау кектенген.  
Бұтағынды отаса да балтамен,  
Тамырынды шабу қыын кетпенмен.

Ауру болсаң, сауығар ма ек емделіп,  
 Әйтеуір, не женілмедік, женбедік.  
 Көңілдердің түкпірінде жатып ап,  
 Мен өлсем де, сен өлмессін, Пенделік!»

\* \* \*

Айтқандары қызықтырып, құштар ғып,  
 Әкімге де екі барды, үш барды.  
 Айтар сөзі ұзын еді, не керек,  
 Үш-ақ ауыз сөзге дейін қысқарды.

Жаман сөз деп ойламаңдар тіпті де,  
 Пәтер, кітап, кеш, осымен бітті де.  
 Үш мәселе тапса, шіркін, шешімін,  
 Бұдан артық бақытты ол күтті ме?

Қабылдайтын күні екен жоспарлы,  
 Үш барса да жолықпады, бос барды.  
 «Сен әкімге керекпісің? Барма,» – деп,  
 Ақыл айтқан тыңдамады достарды.

Қайтсе де бір жолығам деп талпынды,  
 Табалдырық тоздырып тек алқынды.  
 Қемекшісі қабылдады, сездіріп  
 Жанарынан ызғарлы бір салқынды.

«Әкім қашан уәде етіп, сөз берген?  
 Одан бері талай жағдай өзгерген.  
 Өліп қалған сіз де міне тірісіз,  
 Үят болар мін іздеген, сөз терген».

Осыдан соң таласып көр, дауласып,  
 Бір пәлеге қалсын десең сау басың.  
 Көңілі бір құлазыған даладай,  
 Ақын отыр екі иығын тау басып.

«Денгейінен сен отырған сәкінің,  
 Биік тұрар орындығы әкімнің.

Үәдесі – тіліп түсер қанжардай,  
Іске келсе – қауқары жоқ бәкінің.

Жоғарыға басты шұлғып, иіп тек  
Қарай берсе, сала берер биіктеп.  
Биік жақсы отыруға, бірақ та  
Құлағандар айтады ғой «күйік» деп.

Мансапқорлық деген ауру асқына,  
Адам түгіл, шірітеді тасты да.  
Орындығың биік болса, қарап жүр,  
Аспанға емес, аяғыңың астына.

Алыстаса, өткен күннің өзі – елес,  
Мансап деген атамұра – көз емес.  
Орындықтың биіктігі – ол тегі,  
Ой-өрісің биік деген сөз емес.

Кетпе ағып бейпіл сөздің легінде,  
Айттың еken, кейін қарай шегінбе.  
Адамдықтың, адалдықтың деңгейі  
Лауазыммен өлшенбейді тегінде».

\* \* \*

Кабинетке кірген беті сол еді,  
Телефоны сыңғыр үнге бөледі.  
Көл еді ғой ақын көңілі – қуанса,  
Қапаланса – Сахарадай шөл еді.

Жерлеу-бюро қоңыраудың иесі:  
«Бөлінген жер саған еken тиесі.  
Не жатпайсың, не бермейсің қайтарып,  
Кімге тимек қазылған көр киесі?»

Телефонның желісі де, жалған-ай,  
Осы сәтте қалса еді жалғанбай.  
Селк етті ақын, шошып кетті, біреу кеп,  
Жүргіне пышақ сұғып алғандай.

«Тірілгенде, бар бақыттым бөленген  
Осы болса, кешікпей-ақ өлем мен.  
Өзім барып жатам, – деді ашумен, –  
Не ақың бар, ақшасы да төленген».

«Кейбір жандар қарамайды көңілге,  
Күнәсізді итереді өлімге.  
Түзелмесең тауың шөгіп айбынды,  
Шөл боп қалар көлкілдеген көлің де.

Мауқың басып, қауқылдасып, біз күліп  
Жүретін шақ қайда? Қайда ізгілік?  
Тастаса да сыйластық пен қимастық,  
Көңілінді тастамайды ізгі үміт.

Кеше саған жеткізбесе тілегің,  
Біреу келіп ұсынатын білегін.  
Бармайтынбыз қатты сөзге, біреудің  
Қимайтынбыз жаралауға жүрегін.

Көңілдерді мұз құрсаулап, қар басқан,  
Бұл не тірлік жылан болып арбасқан.  
Мансап үшін досын жауып түрмеге,  
Байлық үшін алқымыңа жармасқан.

Тайдырмас деп өкшемдегі нәліме  
Сенемін бе, қарамаймын әліме.  
Қарсы келсем, қазір қағып түсірер,  
Мәдиді атқан оқ кезіп жүр әлі де!».

\* \* \*

Сол күні ақын ішіп болып тұнгі асты,  
Оңашада әйелімен мұндасты.  
Қиялымен көк тіреген шынды асты,  
Жалаң аяқ оттан ыстық құм басты.

Жаңқадай бір дауыл түрған көлдегі,  
Қақпақылға түсті, эттең өлмеді.

Су ішінде қаны кеуіп, қаталап,  
Ел ішінде жылы сөзге шөлдеді.

Ақтарылды, ағынан бір жарылды,  
Көңілдегі запыраннан арылды.  
Жұмысы да бола қоймай арынды,  
Соны ойласа, тынысы да тарылды.

Әйелі айтты: – мен білемін с ы р ы ң д ы,  
Шенеуніктер оқымаған ж ы р ы ң д ы  
Қабылдамай жібереді, ал соған  
Қалай ғана көрсетерсің қ ы р ы ң д ы?

Сен өлген соң екінші өмір арайлы  
Басталады, әлемге атың тарайды.  
Атақ деген – Қожанасыр шапаны,  
Кей шенеунік «шапаныңа» қарайды.

Кім кінәлі бұған, сен бе, ел ме еді?  
Бәлкім, Пегас шабар кездे желмеді.  
Сен атақты іздемедің келер деп,  
Атақ сені езі ізденеп келмеді.

Өмір осы, қарекеті сан қылышы,  
Білмегендер сан тарапқа қаңғиды.  
Ажал деген атақ емес келмейтін,  
Қапы кетер жерінді ол аңдибы.

Сен отырсың соның бәрін уайым ғып,  
Ойлан, толған, дәл қазіргі жайынды ұқ.  
Бір келетін қонағынды күткендей,  
Өлімге де жасау керек дайындық.

Халық айтқан: «келер киген кебенек»,  
Кебін киген сен келдің, кім, не демек?  
Өмірге де икемің жоқ, байғұс-ай,  
Абыроймен өле алмадың не керек!»

Әйелі ойын айтып салды, бүкпеді,  
Сөз бітті деп, қойғандай бір нұктені.  
Ал ақынның көнілінде Цунами,  
Жанартаудай жүрек, шіркін, ... күпті еді!

\* \* \*

Одаша сәт ақын жанға жайлыштын,  
Жаны – жара, көнілі де қай бүтін.  
Зәулім үйдің балконында ақын тұр,  
Төбесінде жұлдызды аспан, айлы тұн.

Көптен бері үйқы қашып жүр еді,  
Қалмағандай сүйеніші, тірегі.  
Жалғыз жаны бөлінгендей екіге,  
Ортасынан қақ жарылып жүргегі.

Шыққандай бір өрт шарпыған өзектен,  
Өмір жайлыш, өлім жайлыш сөз еткен,  
Күңгірлетіп, құмбірлетіп кеудесін,  
Екі дауыс естіледі кезекпен.

– Тіршіліктің тәтті дәмін тамсана,  
Сен өзінді ең бақытты жан сана.  
Алла саған екінші өмір сыйлады,  
Алда көрер қызықтарың қаншама.

– Сүм тіршілік алар соның төлемін,  
Мәңгі емеспін, әйтеуір бір өлемін.  
Одан-дағы Қасым ағам айтқандай,  
Мәңгі өмір сүрсе дер ем өлеңім.

– Болар мұның астамшылық, күпірлік,  
Барымызға етпей кейде шүкірлік,  
Ессіздікпен елге қарап есінеп,  
Көzsіздікпен желге қарап түкірдік.

– Ар алдында болсам егер жазалы,  
Тозағына түсермін-ау, гажабы:

О дүниенің тозағынан тіпті де,  
Кем емес бұл тіршіліктің азабы.

– Өмір деген – Әләуләй мен Дайдидай,  
Біреуге – тұз, ал біреуге – майдидай.  
Біреу үшін – шетсіз, шексіз тұңғиық,  
Толқындары жағаны ұрған айдындай.

Ердің бағы сыналатын шақтарда,  
Бас сауғалап, болмақпсың «ақ қарға».  
Өмір сірә, сонысымен қызық қой,  
Қындықсыз дәulet бар ма, бақ бар ма?

– Құлақ салма айтса-дағы ел не деп,  
Ұсақ сөзге көңілінді бөлме көп.  
Халық дана, дұрыс айтқан тегінде:  
«Өлме, пенде, өлсең қайтып келме деп!»...

Өктем үні аңыратар көкті де,  
Кек бөрінің ұрпағы ма, текті ме?  
Қос шекеде тамырлары солқылдаپ,  
Қан қысымы көтеріліп кетті ме?

О, Табиғат, ұлың азап шекті ме,  
Өкпелеткен өміріне кекті ме?  
Қиял-атпен ұшып жүрген адамдар,  
Қиянатпен өлмесе еken деп тіле.

Жаратушы не күтеді құлынан,  
Танауынан саулап кетті жылы қан.  
Айға қарап мұңын шақты, мұңайып,  
Бөрі құсан қарап ұлыған.

Құлақ салсаң тіршіліктің үніне,  
Тағдырының тұтқасына кім ие?  
Сансыз ойдан басы зеңіп ақынның,  
Шыр айналып бара жатты дүние...

## *Кыпшақ қызы Appaқ*

*Екі актілі опера (либретто)*

### **Қатысуышылар:**

**Appaқ – қыпшақ қызы, 17 жаста**

**Низами Гәнжәуи – Эзербайжанның ұлы ақыны, 30 жаста**

**Даңғаз – қыпшақ бегі, 40 жаста**

**Дарий әл Мәлік әл әділ Мұзатфар – Дербент қаласының әкімі, 65 жаста**

**Мехрибан – Дарийдің бәйбішесі**

**Шараф – Дарийдің уәзірі, қолбасшы, 40 жаста**

**Ақсақалдар, сарбаздар, жендер, қыздар, жігіттер**

### **Бірінші акт**

#### **1- көрініс**

**Кыпшақ жері. Жорықтан жеңіспен оралған сарбаздар шеруі. Елін шапқыншылардан азат етіп, жерін қорғап қалған сарбаздардың көңілдері көтеріңкі. Орталарында Даңғаз бек. Сарбаздар оған қошемет көрсетуде. Алаңга халық жиналады.**

#### **Сарбаздар (хор):**

– Даңғаз, Даңғаз!  
Ел қорғаны Даңғаз,  
Асыл текті маңғаз.  
Жасқанбайтын, саспайтын,  
Жорықтарға бастайтын,  
Данғаз, Даңғаз!  
Бізге берген күш-жігер,  
Жеңістерге жеткізер,  
Данғаз, Даңғаз!  
Данғаз, Даңғаз!  
Ел қорғаны Даңғаз,  
Асыл текті маңғаз.

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Даңғаз, Даңғаз!  
Ол бар жерде – абырой,  
Ел–жұрттының бағы ғой.  
Даңғаз, Даңғаз!

*Даңғаз ортага шығып, қолын көтереді. Сарбаздар тынышталады.*

**Даңғаз:**

— Сарбаздарым, ұландарым, ардағым,  
Тілегімді өздеріңе арнағым.  
Қарулы қол орман болып,  
Ел шетіне қорған болып,  
Тұрса – сол ғой арманым.

**Сарбаздар (хор):**

— Арман, арман,  
Ізгі арман.

**Даңғаз:**

— Сол арманға енді жеттім,  
Ақ алмастың җүзімен,  
Көк найзаның ұшымен,  
Жеріме кірген алқымдал,  
Еңселі жауды талқандап,  
Жеңіс туын желбіреттім.

**Сарбаздар (хор):**

— Жеңіс, жеңіс,  
Жеттік жеңіске!

**Даңғаз:**

— Үмітін артты ел сеніп,  
Ежелгі жауды еңсеріп,  
Үдере қуып жерімнен,  
Қас қақпады ұланым,  
Асқақтады ұраным.  
Кең даламның көгінде,  
Қалықтады қыраным.  
Жаса, менің ұландарым!

**Сарбаздар (хор):**

— Жаса, жаса!

**Даңғаз:**

— Жаса, менің қырандарым!

**Сарбаздар (хор):**

— Жаса, Даңғаз!

Жаса, жаса!

*Сахнага Ақсақалдар тобы шығады. Сарбаздар тізелерін бүгіп, оň қолдарын жүргегіне қойып, сәлем береді. Даңғаз оларды құрметтеп қарсы алады.*

**Ақсақалдар (ансамбль):**

— Қасиетті жерімізді,

Құдіретті елімізді,

Шапқыншы жаудан қорғаған,

Сендерге — мынау орнаған

Бейбіт күннің атынан,

Аялаған бөбекін,

Аямаған көмегін

Аналардың атынан,

Беретін ізгі батасын

Аталардың атынан,

Ұлттымызға құт болған,

Дүшпанына жұт болған

Кең даланың атынан,

Сарбаздарым, мың алғыс!

Саған да, Даңғаз, мың алғыс!

**Даңғаз:**

— Ақсақалдыabyздарым, білемін,  
Бізде болды тілегің.

Ырысымыз сендерсің,

Тынысымыз сендерсің,

Лебіздерің дем берсін,

Куаныш түр жүрегім.

Бастандар тойды, Сарбаздар.

*Көпшілік біi басталады. «Би мен хор». Би арасында жігіттер мен қыздар ән айтады.*

**Хор:**

— Той бастаңдар,

Жамигатқа ой тастаңдар.

Ал билеңдер,

Ор киіктей ойқастаңдар.

Жүректі ер екенбіз,

Тілекті мерекеміз,

Шалқысын берекеміз,

Туған елім!  
Лебімен ерте көктем,  
Өлкемді көркем еткен,  
Қызындай еркелеткен,  
Туған жерім!  
Шарықтасын,  
Әніміз де қалықтасын.  
Ал шырқандар,  
Тыңдаудан ел жалықпасын.  
Өзіңсің сая маған,  
Пейілін аямаған,  
Әлпештеп аялаған,  
Туған елім!  
Қырында – қызғалдағы,  
Бұрымда – қыздар бағы,  
Жырында – қыз арманы,  
Туған жерім!

*Би біткен соң, сахнага Аппақ шығады.*

### Аппақ:

—Даңғаз аға, құтты болсын мереке,  
Даламызға қонсын құт пен береке.  
Сарбаздарым жарады:  
Ат жалында тұнеген,  
Құргамай бір күн терлігі,  
Ел бірлігін тілеген,  
Мадақтауға тұрарлық  
Сарбаздардың ерлігі.  
Қарсы келген дүшпанын  
Айбарымен жасқаған,  
Қалың қолды бастаған,  
Даңғаз аға, сіздің де  
Атағыңыз айбынды.

### Даңғаз (Аппақты көргеніне қуанып):

— Бәрекелді, Аппақжан,  
Айбатыма, қайратыма ел сенді,  
Сол сеніммен кірістім мен белсенді.  
Сенің бүгін ақ тілеумен келгенің,  
Бір көтеріп тастады ғой еңсемді.  
Ақылыңа сұлулығың жарасқан,  
Сөзге жүйрік, өнерің де бар асқан.

Әсем әнің бұлбұлменен таласқан,  
Мына тойға бүгінгі  
Алып келген шығарсың сен ән – шашу.

### Көпшілік (хор):

– Эн – шашу,  
Сұлу Аппақ,  
Әнші Аппақ,  
Ән – шашу,  
Шырқа, Аппақ,  
Тыңдайық бір әнінді.

*Котайліктің қошеметімен Аппақ «Қоктем» туралы  
ән шырқайды.*

### Аппақ:

– Нұрына бәлеген көк пен жерді,  
Шуағын төкті күн көктен.  
Жырымен аймалап көктем келді,  
Сағындырған сол көптен.  
Қыр гүлі толқытып жүргегімді,  
Көктемнің самалы өпкен.  
Көңілімде бір нәзік гүл егілді,  
Махабbat айы – көктем.  
Жауқазын бой созды құртік қардан,  
Далама сағынып келді көктем.  
Тобылғы гүлдері бүршік жарған,  
Далама сағынып келді көктем.  
Ақ жаңбыр нұр болып себіледі,  
Өлкемді сағынып келді көктем,  
Сезімім ән болып төгіледі,  
Өлкемді сағынып келді көктем.  
Көктемім, көркімен ұнап қалдың,  
Бетімнен самалың өпкен.  
Сылдырын естідім бұлактардың,  
Сағынған едім көптен.  
Келеді өзіңе сыр актарғым,  
Жыр болып құйылышы көктен.  
Көңлімді толқытқан сұрақтардың  
Жауабын берші, көктем.  
Жауқазын бой созды құртік қардан,  
Далама сағынып келді көктем.  
Тобылғы гүлдері бүршік жарған,

Далама сағынып келді көктем.  
Ақ жаңбыр нұр болып себіледі,  
Өлкемді сағынып келді көктем,  
Сезімім ән болып төгіледі,  
Өлкемді сағынып келді көктем.

*Көпшіліктің қошеметі. Даңғаз Аппаққа ынтыға түседі.*

**Көпшілік (хор):**

— Сұлу Аппақ,  
Әнші Аппақ,  
Осе берсін өркенің,  
Жарқын болсын ертеңің!  
Гүл біткеннің нәзігі,  
Қыз біткеннің көркемі.  
Сұлу Аппақ,  
Әнші Аппақ.

*Даңғаз Аппақтың әніне сүйсініп, махаббат сезімін білдіреді. Даңғаз бен Аппақтың дуэті:*

**Даңғаз (жеке өзі):**

— Аппақжан, айналайын, гүлім менің,  
Ағаңа мейіріммен күлімдедің.  
Шоқ түсіп жарқылдаған жанарынан,  
Әніңмен жүргімді тілімдедің.  
Сезімім саған деген анық терең,  
Отына махаббаттың жаңып келем.  
Сен болсаң асыл жарым, нақ сүйерім,  
Әлемнің бар асылын алып берем.

**Аппақ (жеке өзі):**

— Ағажан, болмаса да жаңымыз бір,  
Айтатын болмаса да әніміз бір.  
Тұысқан қарындасың емеспін бе,  
Тамырда ағып жатқан қаңымыз бір.  
Күтпеп ем дөрекілік осындей тым,  
Кай надан салтымызға тосылмайтын.  
Аспаса туыстығы жеті атадан,  
Жар болып қыз бен жігіт қосылмайтын.

*Даңғаз бен Аппақ екеудің қосылып:*

**Даңғаз (бастайды):**

— Бүгін думан, салтанатты мереке,  
Шаттығымды еткенің бе келеке.

Ел қорғаны, мендей жігіт таппассың,  
 Мен әперем елге ырыс, береке.  
 Дәстүр дейсің, айтасың-ау сөзім деп,  
 Тие берме намысыма, сезімге.  
 Мен Дербентті шауып келсем,  
 Мол байлығын алып келсем,  
 Аяғыма жығыларсың өзің кеп.  
 Сарбаздарым!

**Аппак (қосарлана):**

— Бұғін думан, менің басқа тойым жоқ,  
 Шаттығынды келеке етер ойым жоқ.  
 Ел қорғаны болсан-дағы бәрі бір,  
 Ата салтын жерге тастар жайым жоқ.  
 Дәстүр деймін, салтымыз бар еңсөлі,  
 Жігер беріп, көтеретін еңсені.  
 Жауыз болма елден ерек,  
 Ондай байлық кімге керек,  
 Аяғыңа жығылмаймын мен сенің,  
 Аяғыңа жығылмаймын мен сенің.

**Сарбаздар (хор):**

— Данғаз бек, Данғаз бек!

**Данғаз (бастайды):**

— Сарбаздарым, саңлақтарым,  
 Тұрсындар ғой аңдал бәрін.  
 Аттанамыз жорыққа,  
 Жетеміз байлық, атаққа!  
 Дербенттей сұлу қаланы,  
 Ерке қызы даланың  
 Сыйлаймын мен Аппаққа.  
 Сарайында экімнің  
 Үйленемін Аппаққа.

**Аппак (қосарлана):**

— Сарбаздарым, саңлақтарым,  
 Тұрсындар ғой аңдал бәрін.  
 Бұл жорыққа аттанбандар,  
 Мықтымыз деп мақтанбандар.  
 Дербенттей сұлу қаланың  
 Ерке қызы даланың  
 Керегі жоқ Аппаққа.

Жетеміз деп атаққа,  
Қалып жүрме шатаққа.

**Сарбаздар (хор):**

—Данғаз, Данғаз,  
Ештеңеден қорықпа,  
Баста бізді жорыққа.  
Данғаз, Данғаз.

*Жағдайдың шиеленісіт бара жатқанын сезген Ақсақалдар сөзге араласады.*

**Ақсақалдар (ансамбль):**

—Данғаз батыр, сабыр ет,  
Бейбіт елін парсының  
Шапқаныңа қарсымын.  
Онсыз-дағы шапқыннан  
Әскерінде бар шығын.  
«Баталы ер – арымас,  
Батасыз ер – жарымас».  
Елің саған ермейді,  
Ақ батасын бермейді.

**Халық (хор):**

— Елің саған ермейді,  
Ақ батасын бермейді.

**Данғаз:**

— Сарбаздарым, саңлақтарым,  
Күәсіндер сендер де,  
Бермесе де батасын,  
Біз жеңіспен келгенде,  
Тұсінер ел қатасын.  
Аттандық жорыққа.

**Сарбаздар (хор):**

—Данғаз, Данғаз,  
Ештеңеден қорықпа,  
Баста бізді жорыққа,  
Баста бізді жеңіске!

*Сахнада қозғалыс басталады. 1- көріністің соңы.*

## 2—көрініс

*Кыпшақ жері. 1-коріністегі саҳна. Қыпшақ қыздарының думаны. Орталарында Аппақ. «Бастаңғы» саҳнасы.*

**Аппақ:**

— Қыздар, қыздар, құрбылар,  
Шақырайық жастарды,  
Жасайық бір бастаңғы.  
Шырқатайық шаттана,  
Әнгे бөлеп аспанды.  
Қыздар, қыздар, құрдастар,  
Көңілдестер, сырластар.  
Би билейік, ән салып,  
Жүрт тыңдасын тамсанып,  
Қайсың барсың жыр бастар?

*Саҳнага қыздар жинала бастайды, олар ән айтып, би билейді. «Тұган жер» туралы ән.*

**Қыздар (хор):**

— Тұган жер, сүйем сені ала бөтен,  
Көркейіп, өскенінді қалап өтем.  
Тағдырдың жетегінде алыс кетсем,  
Бір уыс топырағынды ала кетем.  
Ақпанда ызғарың бар,  
Ақмаңдай қыздарың бар,  
Тұган жерім.  
Жаралған лағыл жырдан,  
Көркіне табындырған,  
Шет жүрсем сағындырған,  
Тұган жерім.  
Сатпаймын сені ешқашан, атамекен,  
Әйткенше батқан күнмен бата кетем.  
Сен менің барымсың да, арымсың да,  
Ал арын адам деген сата ма екен?  
Жусанның жұпарындей,  
Саф ауа жұтарым-ай,  
Тұган жерім.  
Жаралған лағыл жырдан,  
Көркіне табындырған,  
Шет жүрсем сағындырған,  
Тұган жерім.

Ән мен би біткен кезде, ат дүбірі, дабылды үн естіледі.  
Қыздар елеңдеп қалады.

**Қыздар (хор – речитатив):**

– Бұл не дүбір тосыннан,  
Құландар ма жосылған,  
Ұландар ма қосыннан,  
Үрей кіріп көңілге,  
Жаным неге шошынған?

Сахнага жаудан қашып, шаршап-шалдыққан екі сарбаз шығады. Оның біреуі жаралы, екіншісі оны сүйеп келеді.

**Сарбаз:**

– О, масқара, масқара!  
Басымыздан күй кетті,  
Парсы бізді күйретті.  
Тосқауыл жауға қоя алмай,  
Қасқырдан қашқан қояндай,  
Қашып келе жатырмыз,  
Міне, қандай «батырмыз».

**Аппак:**

– Бейбіт жатқан парсыға  
Шабуылдау жөн бе еді?  
Даңғаз даңғой көнбеді.  
Әділеттік бар шығар.  
Ақсақалдар – ардағым,  
Алмадындар батасын.  
Женілістің зардабын  
Енді, міне, татасың.  
Көнбедіндер ақылға,  
Кәне, содан ұттың ба?  
Даңғаз қайда?

**Сарбаз:**

– Тұтқында.  
Жау да қалды жақындал,  
Қам жасайық, халайық,  
Бекініске барайық.

Сарбаздар мен Аппақ кетеді. Қыздар қырышын кеткен сарбаздарды жоқтап, Даңғазға лагнат айтады.

## Қыздар (хор – «Жоқтау – қарғыс» әні):

– Қарғыс атсын соғыскүмар Даңғазды,  
Өзіне емес, бәрімізге ор қазды.  
Атақ үшін, қара бастың қамы үшін,  
Кыршын етті қаншама жас сарбазды.  
Ұландарым-ай, қырандарым-ай,  
Кыршын кетті-ау, кек қайнап,  
Жүргімді дұрсілдettі-ау.  
Өміріміз көктем еді, ақпанды  
Орнатты да, түнек етті ақ таңды.  
Асқактаған көnlіміз басылып,  
Намысымыз аяқ асты тапталды.  
Барды саттың,  
Жарды саттың,  
Арды саттың,  
Қарғыс атсын,  
Лағнат саған, Даңғаз бек,  
Қарғыс атсын,  
Қарғыс атсын!

*Музыка. Сажнада қарбалас. Қыпшақ қыздары жсан-жасақша қаштақ болады. Бірақ парсы әскері қоршап алады. Парсы жсауынгерлері қыздарды үстап, құшақтауга әрекет етеді. Бір қыпшақ қызы кездігін суырып алып, өзін құшақтауга үмттылған парсының кеудесіне үрады. Парсы жсауынгері құлат түседі. Басқа жсауынгерлер қылышы мен найзала-рын кезеп, қызға үмттылады. Сол кезде кіріп келген парсы қолбасшысы Шараф қолын көтеріп, оларды тоқтатады.*

## Шараф:

– Тоқтатыңдар!  
Өлтіруге қарсымын.  
Қайсарлығын бұл қыздың,  
Жауга деген кегін де,  
Қыздарына парсының  
Үлгі ету жөн тегінде.  
Жүректі екен бір беткей,  
Сол мінезін құрметтей,  
Алып барып Дербентке,  
Әсем сазбен тербеткен,  
Дарбазага асамыз.  
Батырсынған қыпшақтың  
Сөйтіп мысын басамыз.

Байланыңдар қыздарды,  
Айданыңдар Дербентке.

Осы кезде бірнеше сарбаздардың ортасында  
қытшақтың Ақсақалдары келеді.

**Ақсақалдар (речитатив):**

— Тоқта, Шараф, сөз тында!  
Бас кеспек болса да,  
Тіл кеспек болмайды.

Сен жеңдің соғыста,

(мұжайып, әндете)

Біз үшін сол қайғы.  
Бітімге кел, бірлікке,

(батыл, термелете)

Үлдарымды құл етпе,  
Қыздарымды құн етпе,  
Кек қалмасын жүректе.  
Ойран етпе елімді,  
Сайран етпе жерімді.  
Ертеңіңе өзің де  
Емессің гой сенімді.

(талаң етеп, әндете)

Намысын баспа алыптын,  
Қарғысын алма халықтың.  
Әскерінді кейін бұр!

Бұл кезде шайқасуға дайын тұрған парсы әскери  
ұрандайды.

**Парсы әскері (хор):**

— Қайтамыз ба текке кеп,  
Қайтарамыз кекке кек!  
Жекпе-жек!  
Жекпе-жек!

**Шараф:**

— Қолбасшымын тек жеңіске бастаған,  
Айбатыммен дүшпанымды жасқаған.  
Айлам да бар, пайдам да бар табатын,  
Жүректімін жауға қарсы шабатын,  
Минезім бар әділдіктен аспаған.  
Иілген басты шаптаймын,  
Бағынбағанды таптаймын.  
Берілгенді жақтаймын,  
Шыбын жанын сақтаймын.

«Жекпе-жек» деп ұрандайды қалың қол,  
 Екі жаққа дұрыс болар осы жол.  
 Батырларың жеңсе – сөзде тұрамын,  
 Аттың басын кейін қарай бұрамын,  
 Жаңағы айтқан тілектерің болсын сол.

### Парсы әскері (хор):

– Қайтамыз ба текке кеп,  
 Қайтарамыз кекке кек!  
 Жекпе-жек!  
 Жекпе-жек!

*Екі жақтан екі сарбаз шығып, қылыштасады. Парсы әскері және қоршаудағы қыпшақ қыздары оларға дем беріп, қолдан тұрады. Музықада қылыштардың шынылы естіледі.*

### Парсы әскері, қыпшақ қыздары (хор – речитатив):

– Жекпе – жек, жекпе – жек,  
 Қайтарамыз кекке-кең.  
 Айбатымен жүректің,  
 Қайратымен білектің,  
 Арыстандай айқасып,  
 Жолбарыстай шайқасып,  
 Батылдау бол, ұстамды,  
 Шауып түсір дүшпанды.  
 Асыр жаудан айланы,  
 Бойлата сал найзаны.  
 Қақ айырып қалқанын,  
 Шығар жаудың талқанын.  
 Жекпе-жек, жекпе-жек,  
 Қайтарамыз кекке-кең.

*Ақыры қыпшақтың сарбазы парсыны шауып тастайды. Сол кезде на мыстанған парсы әскері қыпшақ сарбазына найзаларын кезеп, қоршап алады. Амалы қалмаган қыпшақ сарбазы қылышын тастап, басындағы дұлығасын шешкенде, қос бұрымы иығына құлайды. Бұл – Аппақ еді.*

### Қыздар (хор):

– Аппақ! Аппақкан!  
 Өлімге тіктің басынды,  
 Айласын жау асырды.  
 Қайран Аппақ!

*Бірінші актының соңы.*

## **Екінші акт**

### **3— көрініс**

*Дербент қаласының әкімі Дарий әл Мәліктің «Алтын сарайы». Салтанатты музыка. Әкім, әйелі Мехрибан, айналасындағы адамдар.*

**Хор:**

— Алтын сарай,  
Шашады жарқын арай.  
Дарий мырза,  
Өзіңе халқың да ырза.  
Сән сәулетің,  
Арта берсін дәулетің.  
Бол тағында,  
Тұған халқыңды бағына.

*Музыка. «Қыздар би!». Би біткен соң Қызметші кіреді.*

**Қызметші:**

— Мәртебелім, Низами ақын келіп тұр.  
*Дарий «кірсін» деген белгі береді. Низами кіреді.*

**Низами:**

— Мәртебелім, шақырыпсыз,  
Ақыныңыз алдыңызда,  
Сәлем бердім жалпыңызға.

**Дарий:**

— Кел, Низами, ақыным,  
Сенсің менің жақыным.  
Көңіліме балдай батады,  
Айтқан сөзің, нақылың.  
Ойымды айтсам сабақтап,  
Өзгеден дара адақтап,  
Ұрпаққа атым қалардай,  
Жыр жаз мені мадақтап.

**Низами (ариоза):**

— Мәртебелім, өзімді кейде сөгемін,  
Бір қасарсам, сұр жебе бұзбас көбемін,  
Көңіліме қонбаса өлең тумайды,  
Қалауымен жүректің жырды төгемін.  
Сіз – билікте асқар тау,

Мен – өнерде төбемін.  
 Көпшілікке ұнайды менің ғазалым,  
 Өйткені мен шындықты ғана жазамын.  
 Мәртебелім, ойлануға мұрсат бер,  
 Асығыстық журмесін етіп жазалы.  
 Онсыз да бар атағым,  
 Онсыз да көп азабым.

**Дарий:**

– Ойлан, ойлан, Низами,  
 Созба бірақ ұзаққа.  
 Жазамын деп шындықты,  
 Түсіп қалма тұзаққа.  
 Уақытты оздырма,  
 Бар, бар енді, тезірек,  
 Тезірек бар лашығыңа,  
 Өлең деген ғашығыңа.

*Низами шіліп, шығып кетеді.*

**Қызметші:**

– О, мәртебелім, Шараф мырза кіруге рұхсат сұрайды.  
*Дарий «кірсін» деген белгі береді. Шараф кіреді:*

**Дарий:**

– Төрле, Шараф.  
 Жақсы хабарың болса, айта бер.  
 Болмаса, осы жерден қайта бер.

**Шараф:**

– Мәртебелі, әкім мырза,  
 Сіз боларсыз бізге ырза.  
 Данғаздың қолын тойтардық,  
 Қыпшақтан кекті қайтардық.  
 Ауылын тонап, талқандап,  
 Олжалы болдық айтарлық.  
 Сыйлаймын Сізге, о, мәртебелім,  
 Бермейтін жатқа бәйгін тегін,  
 Далага байтақ әйгілі керім,  
 Қыпшақтың текті асыл тұқымды  
 Желден де жүйрік сәйгүліктерін.

*Ат дүбірін білдіретін музыка, шұбырган жылқының шүркүраған үні естіледі.*

*Дарий риза болып басын шүлгиды.*

## Шараф:

– Ұшқын атқан көздері,  
Балдан тәтті сөздері,  
Жібіткен көңіл ызғарын,  
Еріткен жанның мұз-қарын.  
Сөйлеп кетсе, лебізі  
Шабытыңды шалқытар.  
Көңіліңнің теңізін  
Тебірентіп толқытар.  
Тұнде айдан нұр алған,  
Қыпша белі бұралған.  
Бұрымдары төгілген,  
Толқынданып көрінген.  
Көздері бейне қарақат,  
Жүрекке салар жарақат,  
Арайлы жүзін көргенде,  
Қанында ойнар махаббат.  
Сыйлаймын Сізге, мәртебелім,  
Қыпшактың сұлу қыздарын.  
Көз тартардай сүйіндіріп,  
Ііс суын құйындырып,  
Әшекейін тағындырып,  
Әкелдік біз киіндіріп.

## Летші:

– Мәртебелім, жібітер көңіл ызғарын,  
Қыпшактың тұтқын қыздары.

*Дарий қолымен «кірсін» деген белгі береді. Лирикалық мұңды әуен. Тұтқын қыздар шығады. Әуелі біреуі кіреді. сәл тұрған соң, Дарийдің «кете берсін» деген белгісімен сахнадан шығып кете береді. Остін, біртіндең кіріп, шығып жатады. Ең соңында Аппақ келеді.*

*Аппақты көргенде Дарий орнынан атып тұрады.*

## Дарий әл Мәлік:

– Күнбісің сен, нұрмисың сен, арайлым,  
Жап-жарық бол кетті іші сарайдың.  
Кәрі жүрек неге сонша дүрлікті,  
Неге саған құштарлықпен қараймын?  
Күнбісің сен, жұлдызбысың, кімсің сен?

**Аппак (речитатив):**

— Мен кім едім?

Еркін едім.

Тұтқынмын бүгін.

(*Аппақтың ариясы*)

Сағымды дала, құба бел,

Алышта қалды туған ел.

Көзімнен бұлбұл ұшты ғой,

Сырнайлы мекен, думан жер.

Ұлытауымда ұлт өнген,

Жартастың төсін бұлт емген.

Балауса шағым алышта,

Сайынан қырдың гүл терген.

Көңлімді тербел кетеді,

Сағым бол алдан.

Гүл толы таудың етегі

Өшпей жадымда қалған.

Қыпшақтың кең даласы – өлкем менің,

Сол далада бойжеттім, өркенедім.

Арым таза алдында, өкінбеймін,

Елім ұшін таусылса ертең демім.

Бекер мені жасқантып, жасытпағын,

Дұрыс шығар құртуға асыққаның.

Алдан қолға түсірді мені Шараф,

Айқасар ем қалғанша қасық қаным,

Айқасар ем, шайқасар ем.

Байлаулы қолым амалсыз,

Жанымды кім бар ұғатын?

Өмірде жан жоқ армансыз,

Сенімнен кім бар шығатын?

Азаттық тисе, құлдықтың

Бұзып қамытын.

Шашақты наиза ұстар ем,

Сарбаздың киіп сауытын.

Азаттық деген – айтар ән,

Ойды шайқаған.

Жарқылдаған ақ алмасты

Алар ем қолға қайтадан,

Алам қолға қайтадан.

**Дарий (қыздың сөзі көңіліне жағып, одан сайын құмартып, таңырқап):**

– Жер бетінде сендей қыз жоқ, ұғарсың,  
Көктен түскен хордың қызы шыгарсың?  
Қалауынды айт, аянарым жоқ сенен,  
Айтшы, жаным, не нәрсеге күмарсың?

**Аппак:**

– Көктен түскен хордың қызы емеспін,  
Сар даланың сағымымын, елеспін.  
Асау мінез, ер қыпшақтың қызымын,  
Кең даламда еркіндікте мен өстім.

**Мехрибан (Дарийге):**

– Мәртебелім, керігіп тұр,  
Ерігіп тұр мына қыз.  
Тұтқын болып асқақтайтын,  
Жау алдында қас қақпайтын,  
Есалаң фой мына қыз.

**Дарий (әйелінің сөзіне мән бермей, Аппаққа) :**

– Айналайын, болшы менің бақытym,  
Мынау «Алтын сарайда» өтсін уақытың.  
Тоты құстай таранып жүр қасымда,  
Саған берем алтын, күміс, жақұтын.

**Аппак:**

– Тұрган кезде анау байтақ алабым,  
Сарайынды тар қапасқа баладым.  
Тоты құсың емеспін мен тордағы,  
Бозторғайы мен боламын даланың.

**Мехрибан (қызғанышпен, Дарийге):**

– Мәртебелім, бұл қызға  
Зындан артық сарайдан.  
Мұның қаны қарайған,  
Билік беріп қолына,  
Сақалынды жұлғызба.  
Мазақ қып тұр бұл қанышқ. (Аппаққа)  
Кет сарайдан, жылдам шық! (Дарийге)  
Мәртебелім, жынданба,  
Таста мұны зынданға!

**Дарий (Мехрибанга):**

– Сабыр сақта, кемпірім.  
(Аппаққа жасалынғандай).

Тоты құсым болмай-ақ қой, арайлым,  
 Өз қолыңа ал билігін сарайдың.  
 Ханышам бол, әйелім бол некелі,  
 Қасыңнан шықпан екі елі,  
 Адал жарым болғаныңды қалаймын.

**Мехрибан (ызалы, қызғаныштан өртенип):**

– Мәртебелім, неге сонша  
 Ынтық болдың жас қызға?  
 Құшағыңа алсаң да,  
 Етегіңді басқызба.  
 Тұзак болып оралып,  
 Буындырып жүрмесін,  
 Ақ білегін мойыныңа асқызба.

**Дарий (Мехрибанга қосарлана):**

Мехрибан, сен сыйданба,  
 Бекер мені қызғанба.

(ыза болып)

Не керек сен кемпірге,  
 Ашуымды келтірме!

Дарий аяғын тебініп, ашууланып қалаады. Оқиғаның шиеленісін бара жатқанын көріп, екі сайқымазақ топ ішінен жүгіріп шыгады.

**1- сайқымазақ:**

– Жаным, жаным!

**2- сайқымазақ:**

– Мен мұндамын.

**1- сайқымазақ:**

– Жаным, саған шын ғашықпын,  
 Көкке үштым, шыңға шықтым.  
 Аянарым жоқ өзіңнен.

**2- сайқымазақ:**

– Бұл айтқаның шын ба? Үқтым.  
 Дұрыс болса егер есің,  
 Ғашық болсаң не бересің?

**1- сайқымазақ:**

– Алтын берем, күміс берем,  
 Содан көктеп, көгересің.

**2- сайдымазақ:**

— Дейсің ғой сен көгересін,  
Одан басқа не бересің?

**1- сайдымазақ:**

— Берем «Алтын сарайымды»,  
Тоймайтуғын неменесің?!

**2- сайдымазақ:**

— Неге ойлап, бөгелесін,  
Тағы ..., тағы не бересің?

**1- сайдымазақ:**

— Дербентті де берем саған,  
Ашқарақ па, неменесің?!

**2- сайдымазақ:**

— Қылышыма көнесің бе,  
Айтқаныма ересің бе?  
Аярым жоқ деген өзің,  
Жаныңды сен бересің бе?

**- сайдымазақ**

— Астымдағы тағымды алсан,  
Басымдағы бағымды алсан,  
Онда жанның керегі не?  
Құтқарындар жаналғыштан,  
Құтқарындар, ойбай, құтқарындағ

*Сарайдалылар күлкіге кенеледі. Дағыи ашулап оны қалаады.*

**Дарий (ашулы):**

— Көрсетпе мынау азапты,  
Тоқтат, сайдымазақты!

*(Сайдымазақтар тез шығып кетеді. Күлкі тылады.)*

**Дарий (Аппакқа):**

— Айналайын, арайлым,  
Сұрағым қалды жауапсыз.  
Үмітпен саған қараймын,  
Күтеді жүрек тағатсыз.

**Аппак:**

— Мәртебелі, әкім мырза,  
Етпек болсаң мені ырза,  
Ғашық болып жану үшін,  
Басқаның да жанын түсін.

Анау сорлы тұтқын қыздар,  
 Бірде қарып жанын ызғар,  
 Бірде шарпып жанын жалын,  
 Тағдырына жалынғанын,  
 Нәзік әнін толы мұңға,  
 Естімесең, соны тында.

*Аппақтың сөзі бәрін елең еткізеді. Осы кезде тұтқын қыздардың «сыңсу» әні («Қыздар хоры») сахнаның сыртынан естіледі.*

### Тұтқын қыздар (хор):

– Елім қайда, туған жер, үйім қайда, айым-ай,  
 Тағдыр айдал әкетті қиыр жайға, айым-ай,  
 осы менің жайым-ай.

Тар қапаста құсадан өліп кетсем, айым-ай,  
 Туған жерден топырақ бұйырмай ма?, айым-ай,  
 осы менің жайым-ай.

Жігітіме бармақ ем атастырған, айым-ай,  
 Тұтқын етіп тағдырым шатастырған, айым-ай,  
 осы менің жайым-ай.

Өмір бойы тәсегің мұз болады, айым-ай,  
 Болса егер малғұнмен матастырған, айым-ай,  
 осы менің жайым-ай.

Билігің жоқ өмірің түнек болар, айым-ай,  
 Қасыңда кеп әркім бір түнеп, қонар, айым-ай,  
 осы менің жайым-ай.

Жас өмірің өксүмен өтер болса, айым-ай,  
 Көңіл – шерге, қайғыға жүрек толар, айым-ай,  
 осы менің жайым-ай.

*Тұтқын қыздардың әнінен кейін Аппақ сөйлейді.*

### Аппақ:

– Тақсыр, менің жауабым:  
 Кешірер туған алабым,  
 Тұтқындарды босатсан,  
 Орындалар қалауың.  
 Амалым жоқ басқадай,  
 Көңілге қайғы, толар мұн.  
 Жау болсаң да, уәдем –  
 Адал жарың болармын.

Тұтқындарға ерік бер,  
Осы менің талабым.

Аппактың «талабым» деген сөзіне *Дарий* қитығын қалады.

**Дарий** (ашулы, речитатив):

— Талабым дейсің, талабым!  
Жөн болар десең қалауым.  
Соншама мені мінедің,  
Талап етер сен кім едің?!

(*Дарийдің ариясы*)

Сорлы қыз ал, тыңда:  
Сыйласқа тас ату,  
Тұтқынды босату,  
Жоқ менің салтымда.  
Қаһарым тәксем мен,  
Жүрер ең өкшеңмен.  
Қарсы сөз естідім,  
Өмірде тек сенен.  
Ай-хай, ай-хай!  
Дәурен!  
Сыйлағанды білмедің сен,  
Қимағанды тілдедің сен.  
Төзе алман сөзіңе,  
Өз обалың өзіңе.  
Сыйламадың тағымды да,  
Сыйламадың бағымды да.  
Көрінбе сен көзіме,  
Өз обалың өзіңе.  
Тептің өз бағынды,  
Тіліңнен қағындың.  
Сарайды менсінбей,  
Далаңды сағындың.  
Қағар ем басынды,  
Ашуым басылды.  
Тезірек мынаны  
Тастаңдар зынданға.  
Ай-хай, пай-пай!  
Дәурен!

**Мехрибан:**

– Қаншықты бұлданған,  
Тастаңдар зынданға.  
Беріндер құлдарға,  
Сүйекке таласқан,  
Иттердегі талассын.  
Әкімге тең емес,  
Құлдармен жарассын.

*Аппактың басына қара бұлт төнеді. Оны екі жендең сүйрелеп алып кетеді. Шараф ойланып тұрып қалады.*

**Шараф:**

– Тақсыр, әл Мәлік, әл әділ Мұзатфар,  
Сізге айттар датым бар.

**Дарий:**

– Сойле Шараф,  
Қолбасшы деген атың бар.  
Ал айта бер датыңды,  
Өзің алмақ ойың бар ма  
Мынау қырсық қатыңды?

**Шараф:**

– О, мәртебелім, сыйлаймын ғой мен сізді,  
Алдыңыздан өтпеймін,  
Сізден асып кетпеймін.

Мениң ойым басқада:

Бір басына дарын берген жаратқан,  
Жырларымен елді аузына қаратқан,  
Сіздің қиқар ақыныңыз Низами  
Елдің даңқын шартарапқа таратқан.  
Ақынға қатын болсын сай,  
Сасыған етке – борсыған май.  
Қиқарға қосып қырсықты,  
Көңіліңіз сөйтіп болсын жай.

**Дарий:**

– Соңғы айттар сөзім бұл:  
Көңілім мұлде қарайған.  
Не істесен де езің біл,  
Тезірек кетір сарайдан,  
Тезірек әкет сарайдан!

*3- көріністің соңы. Музыка – Аппак тағдырының әуені.*

## 4 – көрініс

*Низамидің лашығы. Низами өлең жазып отыр. Парсы тілінде екі шумақ өлең оқылады. Содан кейін Низамидің ариясы айтылады.*

*Низамидің ариясы (монолог)*

**Низами:**

— Заман мынау қандай-ды,  
Сен уақытты таңдамайсың,  
Уақыт сені таңдайды,  
Жарқыратып бағы жанған мәндайды.  
Біреу – әкім,  
Болады біреу – ақын,  
Кім болса да, болсыншы  
Елге жақын.  
Әкім болмас,  
Ел қадырын білмесе.  
Әркім ақын болмайды,  
Тіл қадырын білмесе.  
Өмірім менің - өлеңім,  
Қастерлеп соны келемін.  
Сырласым сол,  
Мұндастым сол,  
Соған ғана сенемін.  
Жырым алды бәйгені,  
Атым болды әйгілі.  
Жүргегімді түсінер,  
Табармын ба Ләйліні?  
Бағалар жырымды,  
Табам ба Шырынды?  
Шығыстың аспанын  
Шарласа дастаным,  
Сол – бақыт мен үшін,  
Керегі жоқ басқаның.  
Жан серігім - өлеңім,  
Бір күні мен де өлемін.  
Алла берген дарынды,  
Бойымдағы барымды,  
Арнаймын мен халқыма,  
Адалмын салтыма.

*Ария біткен соң, Шараф кіреді.*

**Шараф:**

— О, армысың, бармысың,  
Дарқан ақын Низами.  
Шаңырағыңа ңұр түнесін,  
Көкірегінде жыр түлесін,  
Шалқар ақын Низами.

**Низами:**

— Төрлетіңіз, Шараф мырза,  
Сыйлы қонақ болыңыз,  
Сәтті болсын жолыңыз.  
Жазалауға келсеңіз,  
Кінәм да жоқ даттайтын.  
Мадақтауға келсеңіз,  
Мінезім жоқ мақтайтын.  
Жүргімде жырым жатыр,  
Бетімде тұр ұятым.  
Айып етпе, Шараф батыр,  
Шарабым жоқ құятын.

**Шараф:**

— Низами, сенің жырларың  
Нұрландарайтар өмірді.  
Шарап құрлы жұбатады  
Жабырқаған көңілді.  
Шабытынды шақыр да,  
Жаз жырынды, жігерлен.  
Алып келдім сыйлығын,  
Әкімнің саған жіберген.

**Низами:**

— Бұл мен үшін кереметтей жаңалық,  
Әкіміміз келген сараң санаңып,  
Ақынына сый-сияпат жасаса,  
Аярлық па, әлде бәлкім, даналық.  
Мінезінің білсем де тарпаңдығын,  
Білмейді екем әкімнің дархандығын.  
Азар болса ұлы деп бір атаның,  
Берген болар тозған зерлі шапаның.

**Шараф:**

— Шапан деген сөз бе екен,  
Жыртылады бір кисен.  
Бұл сый артық өзгеден,

Шөлің қанаң бір сүйсөң.  
 Сыйлады әкім өзіңе,  
 Арнайы саған жіберді:  
 Жас болса да жігерлі,  
 Жұзіндей өткір пышақтың,  
 Өрілген жырдай сөзі де,  
 Аппақ деген  
 Сұлу қызың қыпшақтың.

*Екі жендер Аппақты алып кіреді. Низами ренжсулі.*

### **Низами:**

— О, алла, ой, алла-ай,  
 Кедейлікті жоя алмай,  
 Жарып бір асқа тоя алмай,  
 Жүргенде жырды серік қып,  
 Жібердің кімді қасыма,  
 Не салдың сорлы басыма?  
 Онсыз да талай күй кештім,  
 Қалжыңың ба, ойының ба?  
 Тағдырын мына бикештің  
 Қалай алам мойыныма?

### **Шараф:**

— Сенен асқан ақын да жоқ,  
 Оған менің жетті қөзім.  
 Бұл құрметке жеттің өзің  
 Жақсы жырың арқылы.  
 Бас тартуға қақың да жоқ,  
 Бұл — әкімнің тартуы.

*Шараф пен жендер кетеді. Низами мен Аппақ қалады*

### **Низами:**

— Төрлет, бикеш, дайынмын,  
 Жатсынайын мен неге?  
 Жастық болып жайылдым,  
 Дос пейілді пендеге.  
 Аппақ ару, кешір мені,  
 Артық айтсам андамай.  
 Өзің де айтшы ашығын.  
 «Алтын сарайды» таңдамай,  
 Таңдадың неге ақынның  
 Жыртық лашығын.

**Аппак:**

– Мен келді деп өкінбе,  
Аз күн ғана жолдастын.  
Қал деп тағы өтінбе,  
Саған салмақ болмастын.  
Базарға апар, саудала,  
Мың дирхемге өтермін.  
Басқа салса, тағдырдың  
Жетегінде кетермін.

**Низами:**

– Аппак ару, бір өзіңе  
Кінә тағар жайым жоқ.  
Мына сөзің жүрегіме  
Жара салар уайым боп.  
Сені құнгे теңемеспін,  
Білем сенің бағаңды.  
Саудагерін мен емеспін,  
Сатып жүрген адамды.  
Еркіндікті берем саған,  
Жігерінді жасытпа.  
Тынышталсын мына заман,  
Кетуге тек асықпа.  
Түсінетін досым болып,  
Сен қасымда жүр дәйім.  
Көңіліме шуақ толып,  
Шабыттана жырлайын.

**Аппак (қосылып):**

Досың болып,  
Қасында жүрейін.  
Көңіліме шуақ толып,  
Табысынды тілейін.

*Үрейлі музыка. Сыртта дүбір естіледі. Низами мен  
Аппак үрейленіп қалады.*

**Низами:**

– Бұл не дүбір, тасыр үн?  
Аппак, сен тез жасырын.

*Аппак үй артындағы бұтанаң арасына жасырынып  
қалады. Осы кезде жендеттерін ертіп Шараф кіреді.*

### Шараф:

— Дархан ақын Низами,  
Әкім сәлем жолдады,  
Тілегінді қолдады.  
Хас сұлуды жинап ап,  
Падишахқа сыйламақ.  
Мейірімді әкім, ақылды,  
Ренжітпеуге ақынды,  
Сұлу қыздың құны деп,  
Мынау міне мың дирхем,  
Беріл жіберді ақынды. (әмиенді үстелге қояды)  
Қазір алып кетеміз,  
Қайда әлгі сұлудың?

### Низами:

— Кешіріңіз, Шараф мырза,  
Мендей кедей ақынға,  
Керек емес күтуші,  
Керек емес қатын да.  
Әттең, сұлу қыз еді,  
Сыймай кетті тақымға.  
Апардым да базарға,  
Жібердім мен саттым да.  
Сатып алды бір кісі.

### Шараф:

— Танисың ба, кім алды?  
Айтып берші түр-түсін.

### Низами:

— Ақша түсті қалтама,  
Құтты болды қадамы.  
Сатып алған бейтаныс,  
Басқа шаардың адамы.  
Ұсқынсыз бір мес қарын,  
Аласалау бойы бар.  
Падишахқа сыйламақ  
Оның – дағы ойы бар.

### Шараф:

— Әттеген-ай, кеш қалдық,  
Енді оны таптаймыз.  
Ісімізді әкімнің  
Алдында қалай ақтаймыз?!

Шараф жендеңтері Аппақты іздейді, бір жендең Аппақ отырган жердің үстінен түседі. Бірақ, сұлу қызыга жсаны ашип, көрмеген болып кетіп қалады. Қызды таптаған соң, Шараф жендеңтерін алып кетеді. Низами оларды шыгарып салуга ол да сахнадан шыгады. Осы кезде бұтанаң арасында тығызып отырган Аппақ өзінің қазіргі халін ойлад, туган елін, жерін сағынып, халық әнінің әуенімен сағынышын айтады

**Аппак:**

– Туған өлкем, өзінді, ей, етем мақтан,  
Алатауым аршадан алқа таққан, ағажай,  
Жетісудай жер қайда-ай.  
Көкше теңіз көлкілдеп, ей, сағындырып,  
Жеті өзенім жөңкіліп, толқып аққан, ағажай,  
Жетісудай жер қайда-ай.  
Сексен көлім, Көкшетау, ей, Қарқаралы,  
Аман жүр ме қалың ел Арқадағы, ағажай,  
Арқадай жер қайда-ай.  
Әнге қосып өзінді, ей, жырласам да,  
Сағынышым сонда да тарқамады, ағажай,  
Арқадай жер қайда-ай.  
Асқар Алтай мен сенің, ей, маралыңмын,  
Оғы тиген мергеннің жаралымын, ағажай,  
Алтайдай жер қайда-ай.  
Бір-ақ күнде үшар ем, ей, қанат бітсе,  
Алтайым мен Еділдің аралығын, ағажай,  
Алтайдай жер қайда-ай.  
Сейхун, Жайхун дария, ей, Еділ, Жайық,  
Шығып қалған жағаға мен бір қайық, ағажай,  
Еділдей жер қайда-ай.  
Ортайсандар толтырам, ей, көз жасыммен,  
Аққу болсам, қонар ем қанат жайып, ағажай,  
Еділдей жер қайда-ай.

Аппақтың әнін Низами ақырын келіп, тыңдал, толқып түргады. Ән айтылып болғанда, толқып түрган Низами Аппақ айтқан халық әнінің әуенімен өзі шыгарып ән айтады. Халық әніне гашық болған Низамидің жүргегінде Аппаққа деген махаббат сезімі оянады.

**Низами:**

– Әнің қандай тамаша, ей, үнің қандай,  
Жан-жүрегім лебіңнен жылынғандай,

Аппақжан, осындай ән бар ма-ай.  
 Салған әнің толқытты, ей, жүрегімді,  
 Жүзің – тандай арайлы, тілің – балдай,  
 Аппақжан, өзіңдей жан бар ма-ай.

**Аппақ:**

– Низами, сен естідің бе әнімді,  
 Әуені ғой менің туған халқымның.  
 Қорғайтындаі көрінеді жанымды,  
 Ізғарынан салқынның.

*Низами мен Аппақтың дүэти:*

**Низами (жеке):**

– Үйіп тұрдым, әніңді мен бөлмедім,  
 Осындай бір тәтті әуенге шөлдедім.  
 Жүрегімді лұпілдettі бір сезім,  
 Саған деген махаббатым ол менің.  
 Асыл жансың жарапған бір ерекше,  
 Сезем соны, дәлел айту керек пе?  
 Бір болайық мынау қысқа ғұмырда,  
 Ырғалайық жас қайың мен теректей.

**Аппақ (жеке):**

– Атағыңа көптен бері қанықпын,  
 Жүрек сирін көздеріңнен сан ұқтый.  
 Атың сенің қырманың көңілінде,  
 Ғазалдарың аузында жүр халықтың.  
 Жүрегімде нәзік сезім оянды,  
 Мынау әлем басқа түске боялды.  
 Саған қосқан тағдырыма ризамын,  
 Осы бақыт болса еken баянды.

**Низами мен Аппақ (қосылып бір ғуенмен):**

– Екеуміздің ойымызда – бір арман,  
 Әніміз де бір ырғакқа құралған.  
 Бірге ашсақ жаңа өмір есігін,  
 Екеумізді бақыт күтіп тұр алдан.  
 Бірге соқса жүректердің лұпілі,  
 Болашақтан үмітіміз үкілі.  
 Өміріміз толар шалқар шабытқа,  
 Лашығымыз болса-дағы жұпныңы.

**Низами (жеке):**

— Аспанымда ай-күнсің,  
Шырынымсың, Ләйлімсің.  
Жырларыммен жарыста  
Озып алған бәйгімсің.  
Айналайын Аппағым,  
Сенсің жырым, тақпағым.  
Жүргімнің жабулы  
Өзің аштың қақпағын.

(екеуі қосылып, бір әуенмен)

Асылымсың, барымсың,  
Жаным сүйген жарымсың.  
Таптай жүрген егізін,  
Жүрек дерттен арылсын.  
Алла қосқан қосағым,  
Сені әнге қосамын.  
Күннен алар шуақты,  
Бір өзіңнен тосамын.  
Ақ теңіздей айдынсың,  
Құшағымды жайдым шын.  
Қалыспасаң – бақытыйм,  
Алыстасаң – қайғымсың.

*Бұлардың әніне халық жиналады. Олар екеуінің тіл тибысқанын құдана қоштайды.*

**Халық:**

— Дархан ақын Низами,  
Құтты болсын қосағың.  
Көрсетейік сыйға сый,  
Қабыл ал сен дос әнін.  
Жаны сұлу Аппағым,  
Жарың болса осы адам,  
Ақ ниетпен аттаған,  
Құтты болсын босаған.

**1- жігіт:**

— Қане, достар, тұрмайық,  
Шарықтайық, тасайық.  
Махаббат жырын шырқайық,  
Үйлену тойын жасайық.

**Низами, Аппақ, халық (хор):**

— Көңілдің гүлі – махабbat,  
Өмірдің жыры – махабbat.  
Қос жүрек сүйіп қосылса,  
Ізгілік құrap салтанат.  
Қосылса жүрек,  
Табысса тілек,  
Ізгілік құrap салтанат.  
Қимас жан болса – махабbat,  
Сыйласқан болса – махабbat.  
Жақсы бір жандар қосылса,  
Достарға болар мархабат.  
Қосылса жүрек,  
Табысса тілек,  
Достарға болар мархабат.  
Биік бір сезім – махабbat,  
Сүйікті кезің – махабbat.  
Жайсаң бір жандар қосылса,  
Шашады елге шапағат.  
Қосылса жүрек,  
Табысса тілек,  
Шашады елге шапағат.

**2- жігіт:**

— Жадыратар жаныңды,  
Қыздыратын қаныңды,  
Отты биге басайық.

*«Халық биі». Жиналған халық билейді. Би біте береде,*  
*дүбірлі музыка, әр жерден дауыстар шығады*

**1- жігіт:**

— Сақтаныңдар Шарафтан,  
Келіп қалды жақында.

**2- жігіт:**

— Сөз келмесін ақынға,  
Жасырыңдар Аппақты.

**Қыздар:**

— Откен жолы таппапты,  
Таптырмаймыз қазір де.

**2 – жігіт:**

– Қорықпандар Шарафтан,  
Тіске басар әзірле,  
Құяйық бал шараптан. (*көңілді күлкі*).

*Аппақ жасасырынып қалады. Жендеттерін ертіп  
Шараф келеді.*

**Шараф:**

– Дархан ақын, бұл не жиын, дүрлікпе,  
Мұндай думан бола бермес тірлікте.  
Бәлкім, сенің тойың болар үйлену,  
Олай болса, жасырмай айт, сыр бүкпе.  
Тойың болса, мен де биге ерейін,  
Көппен бірге той қызығын көрейін.  
Қалындықты көрсет маған, Низами,  
Шашу шашып, көрімдігін берейін.

**Низами:**

– Оның рас, Шараф мырза,  
Жырларыма халық ырза.  
Бұғын мен рас үйлендім,  
Ерекше бір күйге ендім:  
Көңіліме орнап көктем,  
Ғашығымды сүйгенмін.  
Қысыраудың арман еткен  
Шырынына үйлендім.  
Мәжінүннің зарлап өткен  
Ләйлісіне үйлендім.  
Сейпілмұлік елтіп өпкен,  
Жамалына үйлендім.  
Ақ теңіздің желліп өткен,  
Самалына үйлендім.

**Шараф:**

– О, Низами, әзілдеуге шеберсің,  
Түсінбеді деп ойлама сөзінді.  
Бұл не жиын? Бұған енді не дерсің?  
Жалған айтып қинама тек өзінді.

**Низами:**

– Жалған айтып нағылайын,  
Тек ағымнан жарылайын.  
Махаббатым – дастанымды,

Оқып бердім халқыма,  
 Айналған бұл салтыма.  
 Әнгे бөлең аспанымды,  
 Тойлап жатыр достарым,  
 Осы еді тосқаным.  
 Той-думанның басына,  
 Жақсы келер қасына.  
 Хош келдіңіз, мәртебелім,  
 Шаттығыма тасыған.

**Шараф:**

– Жә, жарайды, тәмам болсын тамаша,  
 Ал тараңдар, думан бітті осымен.  
 Шалқар ақын қалсын енді оңаша,  
 Гашығымен – өлең деген досымен.  
 Ал тараңдар, тараңдар!

**Халық (хор):**

– Тәмам болды тамаша,  
 Думан бітті осымен.  
 Қалсын ақын оңаша,  
 Гашығымен – досымен.

*Жендеттер халықты қуалай бастайды. Халық тарай-  
 ды. Олармен бірге Шараф та жендеттерімен кетеңі.  
 Сахна қараңғыланады. Арада жылдар өткен. Төбөсен  
 түскен жарық үстелде өлең жазып отырган Низамині  
 көрсетеді. Аппақ оған шай әкеліп береді. Сахнага бірте-  
 бірте жарық түседі.*

**Низами:**

– Қайдасың сен, Аппағым, асыл жарым?

**Аппақ:**

– Мен өзіңмен біргемін, қасындамын.

**Низами, Аппақ (қосылып):**

– Жарым болдың қанша жыл жанға сая,  
 Өзіңменен нұрланды жасыл бағым.  
 Бұл жалғанда болмайтын тені мүлде,  
 Асыл жанға қосылдым өмірімде.

**Низами (жеке өзі):**

– Неге, жаным, кіrbін бар қабағында,  
 Сезем, жаным, бір мұн бар көnlінде?

**Аппақ:**

— Талай күн оқып жырынды,  
Талай түн айттың сырнынды.  
Естимісің, Низами,  
Күңгірлеп тұрган бір үнді?

*Домбыраның үні естіледі, ол бірте-бірте күшеге береді,  
ұлтын сүйеттің ұланның тұган елге деген сағыныш сезімі  
арта туғаседі.*

Кең далам – күмбір күй елі,  
Еркіндік қашан тиеді?  
Шақырды мені күмбірлеп,  
Қара домбыра киелі.  
Даланың жаны – домбыра,  
Бірсеке өртеп, тоңдыра,  
Күмбір де күмбір етеді,  
Жүрекке сазын қондыра.  
Сағындым байтақ даламды,  
Сағындым ата-анамды.  
Сағыныш сазы бойды алып,  
Барады жайлап санамды.

**Низами:**

— Асыл жарым, арманымдай аңсаған,  
Түсінемін, не айтайын мен саған.  
Арман болса тұған жерді бір көру,  
Арманынды орындауға жан салам.  
Асыл жарым, өзің ғана іңкәрім,  
Мазаламай коймас сені бұл сарын.  
Сағынышың тарқатып қайт, барып қайт,  
Мінем десен, ерттеулі тұр тұлпарым.

**Аппақ:**

— Низами, жаным, түсіндің,  
Тек сәтін берсін ісімнің.  
Жайымды сездің, байқадың,  
Алғысым саған айтамын.  
Жел болып желіп барам да,  
Құс болып ұшып қайтамын.  
Бақыттың менің тек сенде,  
Күт мені, жаным, төзіммен.  
Құрбандық болып кетсем де,  
Кездесемін мен өзіңмен.

Түсінде саған келермін,  
Жаныңа шуақ, нұр болып.  
Кеудене келіп түнермін,  
Махаббат жайлы жыр болып.  
Қоштаспаймың, сүйіктім,  
Бірге біздің жанымыз,  
Бірге біздің әніміз,  
Кездесеміз әлі біз.

*Осы кезде халық жиналып қалады. Олар да Аппакпен қимай қоштасады.*

### Низами:

— Жолың болсын, Аппағым,  
Сенсің жырым, тақпағым.  
Адал жар боп өмірде,  
Сенімінді ақтадың.  
(халық қосылады – хор:)  
Жолың болсын сүйіктім,  
Жылдам орал, Аппағым!

*Аппақ кетеді. Музыкада тұлпар тұяғының дүрсілі естіледі. Низами уайымга беріледі.*

### Низами:

— Асыл жарым, нұрга толып өнірім,  
Өзіңменен жұмақ еді өмірім.  
Бар әлемде жалғыз өзім қалғандай,  
Сен кеткелі жұтап қалды көңілім.  
Асыл жарым, не күтіп тұр алдында,  
Рұқсат етіп, сені отқа салдым ба?  
Сыйлады ма жалғыздықты тағдырым,  
Жырларыммен тағы жеке қалдым ба?  
Аппақ жаным, өзің құрган шаңырақ,  
Сен кеткен соң босап қалды қаңырап.  
Келесің бе, елесінді аймалап,  
Бұл жалғаннан өтемін бе аңырап?!

### Халық (хор):

— Дархан ақын Низами,  
Жырыңды жаз, жалында,  
Уайымға салынба.  
Біз өзіңмен біргеміз,  
Бөлінбейді іргеміз.

*Халық Аппақты еске алып, осындаи батыл, ақылды, адап қыз тәрбиелеген елді мадақтайды.*

**Низами, халық (хор):**

— Жұлдыздай жанып көктегі,  
Шапағын шашқан ғаламға.  
Аппақ қыз қандай текті еді,  
Мейірім төккен адамға.  
Жүзіндей өткір пышақтың,  
Қыздары мұндай қайратты.  
Даласы дархан қыпшақтың,  
Ұлдары болар айбатты.  
Ұланы сақтап жүректе,  
Өмірін соған арнашты.  
Ондай жер лайық құрметке,  
Ондай ел асыл, ардақты.  
Көгінде биік бар аспан,  
Атағы кеткен жан-жаққа.  
Татулық, бірлік жарасқан,  
Даланың елін ардақта,  
Даланың елін ардақта!

*Осылай дала еліне, қазіргі қазақ еліне деген мадақ пафос-пен опера аяқталады.*

## МАЗМҰНЫ

## Бірінші бөлім

Қайран жүрек, дүрсілде.....	4
Таңғажайып тұс көрдім.....	11
Сағынамын.....	12
Балқашпен сырласу.....	13
Балқашым.....	16
Көкжиде.....	17
Азаттық.....	18
Парламентте.....	19
Тәуелсіздік .....	20
Сау жүргенім. Еркіндікке жеттің.....	21
Арулар жүр.....	22
Жарамас арқа тіреуге. Кейбіреуге бақ сыйлап.....	23
Күні бітіп көктемнің.....	24
Нан бердім бе.....	25
Өмір өтіп барады.....	26
Жарымай жүрсөң.....	27
Шырылдайды дауысы. Шындық.....	28
Бір сөз айтсам.....	29
Тұс.....	30
Тұсірмей келдің. Гүл мен арам шөп.....	31
Қызғаныш.....	32
Алпыс.....	33
Гүл мен шарап.....	34
Жүрек пен темір.....	35
Шайқалтпастай.....	36
Жиырма бес. Мектебім.....	37
Кетегіндей ойран ғып. Бұлттардай бір.....	38
Әке есімі.....	39
Ана. Қанжар.....	40
Жетісудың қыздары.....	41
Табиғаттың құлқісі. Досыңменен дауласпа.....	42
Аңқылдаған ағам-ай.....	43
Жауға берген бітімге. Мойын.....	45
Тэтчердің ерлігі.....	46
Шетелдік досқа.....	47
Ұлы Абаймен тілдесу.....	48
Мәди.....	51
Сәкен кіріп келеді.....	52
Қазақтың Шамғоны.....	53
Қара көзің – қаракат.....	60
Жусан иісі.....	70
Жалғыз терек.....	72

Маркасқа.....	73
Тамилла.....	74
Жыл келеді, ағайын.....	75
Құрыш.....	76
Кокбөрі. Шақырмандар.....	77
Ойлаймын сені.....	78
Адрессіз эпиграммалар.....	81
Аудармалар.....	84
Құлпытастагы жазулар.....	88
<b>Екінші бөлім.</b>	
Үрпақ.....	90
Адалдық.....	91
Сенім.....	93
Тұған жер топырағы.....	95
Жігіт жары.....	98
Қос қарағай.....	100
Қызығаныш пен кек.....	102
Әзіл.....	105
Кекіліктің қатесі.....	107
Басбұзар мен тілбұзар.....	109
Асыл арман.....	111
Қоңырау.....	113
Болашақ.....	114
Ауылдағы той.....	116
Ауылым, айналайын.....	120
Невада жарылышы.....	129
Ұлы сөз.....	137
Құй мұрасы атанаң.....	152
Бақидан келген ақын.....	166
Қыпшақ қызы – Аппақ.....	186

## Тілеуғазы БЕЙСЕМБЕК

**КУРСІНБЕ, ЖУРЕК, ДҮРСІЛДЕ ...**

*өлеңдер, поэмалар, либретто*

*Редакторы И. Усина*

*Техникалық редакторы А. Даңғекова*

*Беттеген А. Даңғек*

Басуга 2011 ж. қол койылды. Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>, Көлемі 14,0  
Офсеттік басылыш. Таралымы 300 дана. Тапсырыс № 2804/11

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 23.  
«Елорда» баспасы» ЖШС. Тел/факс 37-06-07. e-mail: elorda@yandex.ru.



